

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім Министрлігі

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай оңірлік университеті

Практикалық лингвистика кафедрасы

Берденова С.Ж., Міркемел А.М.

АДАМГЕРШЛІК ІЛІМІ – «МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ» МОРАЛЬДЫҚ  
КОДЕКСІ  
(А.ҚҰНАНБАЕВ ПЕН Ш.ҚҰДАЙБЕРДИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ  
НЕГІЗІНДЕ)

Оқу құралы

Қостанай, 2023

**УДК 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5 каз)**

**Б48**

**Авторлар:**

Берденова Сәуле Жалғасқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Профессор м.а.;

Міркемел Айнұр Мұратқызы – филология білімдерінің магистрі

**Рецензенттер:** Абсадыков А.А. – филология ғылымдарының докторы,  
профессор;

Кадралинова М.Т. – филология ғылымдарының докторы, профессор;

Есиркепова К. К. – филология ғылымдарының кандидаты? доцент

Б48 Берденова С.Ж.; Міркемел А.М. Адамгершілік ілімі – «Мәңгілік елдің»  
моральдық кодексі (А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердиев шығармалары негізінде)  
– Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,  
2023. – 111 бет

ISBN 978-601-356-175-2

Оқу құралында А.Құнанбаевтың «толық адам» ілімі мен Ш.Құдайбердиевтің «ар» ілімі қарастырылды. «Мәңгілік ел» жастарын адамгершілікке тәрбиелеудің жолдары анықталды. Жан мен тән концептілері қалыптастырылды. Ақыл, жүрек ұғымдарының Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы рөлі анықталды. Оқу құралын 5В021000-Шетел филологиясы, 5В020500-Қазақ филологиясы, 5В050300-Психология мамандықтарының студенттері қолдана алады

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 каз)

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Оқу-әдістемелік кеңесімен басылымға ұсынылды және бекітілді, хаттама №3  
29.04.2023 г.

© А.Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университеті  
© С.Ж.Берденова,  
А.М.Міркемел, 2023

## КІРІСПЕ

Абай – дана, дара тұлға. «Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймағаны былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді» деген екен ғалым Ж.Ысмағұлов [1,3 бет]. Шәкәрім – Абайдың шәкірті, оның ізін жалғастырушы. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне кейде айтарлықтай белсене араласып, гуманистік, адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеяларды уағыздаған, мол көркем мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев еді. Шәкәрім - Абай дәріптеген адами қасиеттерді өз өлеңдеріне арқау еткен тұлға. А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиев – қазақтың сөнбес жұлдыздары. Олардың көп өлеңдері бір – бірімен сабақтасып жатыр. Жалпы алғанда, олардың дүниетанымдарының да рухани сабақтастығы бар. Бұл, әсіресе, жан мен тән құмарлығы туралы ойларында анық байқалады. Шәкәрім Абайдың шәкірті болғандықтан, ол өзінің туындыларында Абайдың шығармаларын басшылыққа алып, оның жан, тән, адамгершілік туралы ойларын одан әрі дамытып отырған. Абай «толық адам» ілімінің негізін салса, Шәкәрім «ар» ілімінің негізін салды. Екі ғұлама да жан мен тәннің қуатын басшылыққа алды. Жас ұрпақты тәрбиелеуде Абай мен Шәкәрімнің «жан мен тән құмарлығы» туралы даналық ойлары әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Жоғалтпақ та емес. Себебі Абай жанның «азығын» беріп, тәннің «құмарлығын» жойған адам «толық адам» десе, ал Шәкәрім «таза адам» деген. Екеуі де жан құмарлығын насихаттай отыра, адамгершілікті уағыздаған. Гуманистік тәрбиені бәрінен де жоғары қойған. Гуманистік тәрбие мәселесі ешқашан өз өзектілігін жоймайды.

Жұмыстың басты нысаны ретінде А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиевтің философиялық лирикалары мен прозалық шығармалары алынды.

Оқу құралы Абай мен Шәкәрімнің «жан құмарлығы» мен «тән құмарлығы» туралы даналық ойлары негізінде жастарды тәрбиелеу, олардың бойына адамгершілікті ұялату, Абайдың «толық адамы» мен Шәкәрімнің «ар» іліміне сай келетін жас ұрпақты қалыптастыру мақсатын көздейді. Осы мақсатты жүзеге асыру мақсатында мынадай міндеттер атқарылды:

- Абай мен Шәкәрімнің «жан» мен «тән» құмарлығына қатысты шығармаларын тауып, оларды ғылыми зерттеулер негізінде талдау;
- Туындылардағы «адамгершілік» мәселесін қарастыру;
- Әлеуметтік желі арқылы жастарға Абайдың «толық адам» ілімі мен Шәкәрімнің «ар» ілімін насихаттау және олардың пікірін білу мақсатында сауалнамалар алу (Қосымша А);
- Жиналған деректер негізінде, Абай мен Шәкәрімнің «жан» мен «тән» мәселесіндегі рухани сабақтастығын дәлелдеу;

- «Жан» мен «тән» концептілерін құрастыру;
- Абайдың «жәуәнмәртлігі» мен Шәкәрімнің «ұжданы» арасындағы сабақтастықты анықтау.

Абай мен Шәкірім – ұлы ғұламалар, қазақ елін ғана емес, әлемді мойындатқан тұлғалар. Осы күнге дейін Ш. Құдайбердиев А. Құнанбаевтің ізін басушы, оның шәкірті, олардың арасында рухани сабақтастық бар деп келінді. Жан мен тән мәселесі төңірегіндегі сабақтастық жөнінде әңгіме де қозғалды, алайда тақырып әлі зерттеуді қажет етеді. Бұл жұмыста рухани сабақтастығы бар шығармалар нақты беріліп, ғылыми еңбектер негізінде талданып, «жан», «тән» деген екі ұғым барынша қарастырылды. Әр ойшылдың ерекшелігі де ескерілді.

Зерттеу жұмысының қорытынды нәтижелерін қазақ әдебиетінің тарихы, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті курстарын және Абайтану, Шәкәрімтану таңдау курстарын оқыту барысында қолдануға болады. Мектеп оқушыларына әдебиетті тереңдете оқытуда, факультативтік сабақтарда пайдалану мүмкіндігі бар.

**А. ҚҰНАНБАЕВ ПЕН Ш. ҚҰДАЙБЕРДИЕВ**  
**ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ЖАН МЕН ТӘН МӘСЕЛЕСІНІҢ ҮНДЕСТІГІ**  
**Жаратылыстың басты құрылымдық бөлшегі және оның**  
**туындылардағы көрінісі**

Адамгершілік мәдениет адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасады, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, жетіледі. Сондықтан да адамгершіліктің мәнін абстрактылы түрде қарап, оны адамдардың табиғатымен, биологиялық ерекшеліктерімен ғана байланыстыруға болмайды.

Адамзат тарихында адамгершілікке байланысты пайда болған категорияларға мыналар жатады: жомарттық, батырлық, ерлік, әділдік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық, ұяттылық, ар мен намыс, тағы басқалары. Әрбір қоғам өзінің даму процесінде адамгершілік категорияларына, оның мазмұнына көптеген өзгерістер енгізіп отырған. Адамгершілік — адамдардың практикалық өмірінен тамыр алып, пайда болған әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді тудырып, солармен сәйкес дамиды. Ал мораль болса, шындыққа қарама-қарсы, теріс қарым-қатынаста пайда болады және адамның өзіне субъективті түрде міндет қоя білумен туындайды.

Адамгершілік – адам бойындағы ізгі қасиеттер, оның «адам» болып қалыптасуының іргетасы. Адамгершілік ұлтқа, жынысқа қарамайды.

Адамгершілік - адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. "Кісілік", иізгілік", "имандылық" тәрізді ұғымдармен мәндес.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл - сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Адамның өзгеге көмектесуі, оны қиын сәтте жалғыз қалдырмай, әрдайым қол ұшын беруі, адам баласына тек жақсылық ойлауы, пейілінің түзу болып, қолының жомарт болып, ниетінің түзу болуы, ата-ананың қадірін, достықтың маңыздылығын білуі – адамгершіліктің тірегі болып табылады. Бұл қасиеттер «Мәңгілік ел» жастарының бойынан табылуы тиіс.

Түркі тарихың, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» — екендігін жазған.

Біз бүгін ХХІ ғасырдың есігін айқара ашып төріне еніп отырмыз. Бұл ғасырды Қазақстан үшін жасампаз ғасыр, жаңару ғасыры, дәуірлеу ғасыры болатынына сенемін. «Қазақстан - 2050» - Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы ең мәртебелі жол. «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын жария етті.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды. Қазақ халқының мыңдаған жылғы тарихи тәжірбиесінен, Тәуелсіздік жылдары жүріп өткен қазақстандық жолдан туындаған «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жария етілді. Бұл мақсат – «Мәңгілік Елді» нығайту, біздің Отанымыз – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту! Бір мүдде – бұл біздің ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеген елде өмір сүруге деген талпынысымыз! Бір болашақ – Бұл Мәңгілік елдің, біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының өркендеуі. Қазақстан халқы Ассамблеясы және біртұтас елдің азаматтары «Мәңгілік ел» патриоттық актісін әзірлеу туралы тапсырманы ерекше шабытпен қабылдады. «Мәңгілік Елдің» жеті қағидасы біздің дауымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды. Біз бұның Елбасы анықтаған міндеттерді орындаудағы күшті жұмылдырушы бастауға айналатынына сенімдіміз.

«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан жылдан бергі арманы. Біз арманды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық», - дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев [2, 169-170 бет].

Мәңгілік елдің азаматтары мен азаматшаларының адамгершілігі мол болуы шарт. Мәңгілік іргетасты сақтап қалатын басты жолдардың бірі – жас ұрпақты «адамгершілік» іліміне тәрбиелеу. «Адамгершілік» іліміне тәрбиелеуде А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиевтің шығармаларын негізге алуға тиіспіз.

Абай – дана, дара, қазақ халқын, оның менталитетін, оның рухани байлығын, оның көркем әрі орамды тілін әлемге танытқан тұлға.

Ғалым, ойшыл, әдебиеттанушы М.Әуезов: «Абай адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойды» деген. Абайдың бар өмірі халқын адамгершілікке үндеумен өткен [3, 285 – 286 бет].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, рухани, мәдени, әдеби өміріне кейде айтарлықтай белсене араласып, гуманистік, адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеяларды уағыздаған, мол көркем мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердиев еді.

Шәкәрім атомдардың құрылысын білген, оның тарихшы ретінде шежіре жазғанын да білеміз, психология десекте бар: «Еріншектіктен – салақтық, салақтықтан – надандық... Бірінен бірі туады, жоғалар сүйтіп адамдық», ол – педагог: «Білмегенін – білмеген, білгенді қылмау сол жаман», ол – шебер де нәзік саясаткер: «Боқты боқпен жуғанмен ел түзелмес», ол – аңшы – саятшы, махаббат лиригі «Қолынан тартып, білегін артып, ақ тамақтан шөп етіп, тал бойың еріп, тіліңді беріп, сүлдерің қалар ес кетіп. Ах, дүние, дүние!», ол – сатирик ақын, «Бояулы суыр», «Қаншыр мен бөдене» өлендерін қарасақ, ол аудармашы да, музыкант, тігінші, саясатшы, сағатшы, маг – телепат, тағы қаншама Шәкәрімнің өнері бар болғанын тек бір Аллаһқа мәлім [4, 12 бет].

Шәкәрім – ойшыл, ақын, жазушы, дана, дара тұлға, Абайдың ізін жалғастырушы, оның шәкірті, бес арыстың бірі. Ойшылға Шәкәрім атындағы

Семей мемлекеттік университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Жексенбек Әділов жоғары баға берген: «Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында өткен тарихымызды жаңғыртып, рухани мұраларымызға айрықша көңіл бөлінуде. Осының бәрі ел болашағы үшін жасалып жатқан игілікті қадамдар. Әсіресе, жас ұрпақ бойына ұлттық мәдени сананы қалыптастыру үшін, бірінші кезекте ұлы тұлғаларымыздың еңбектерін кеңінен насихаттауымыз керек. Шаһкәрім бабамыз өзінің өлмес өнерімен тұтас дәуірдің шындығын жырлап, өміршең ойларымен сол дәуірді саралап берді. Шындықты айтып, ақиқатты жырлағаны үшін жазықсыз жапа да шекті. Шаһкәрім дарынының дархандығы, ойының тереңдігі, мақсаттарының биіктігі, адамзатты, әділетті сүю үлгісі халқымыздың бүгінгі ұрпағына ғана емес, келер ұрпақтарға да өнеге болары ақиқат» [5, 16 бет].

Ұлы Абайдың ақындық мектебінен өткен шәкірттің әдебиет сахнасында орны ерекше болатыны айқын.

А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиев – қазақтың сөнбес жұлдыздары. Олардың көп өлеңдері бір – бірімен сабақтасып жатыр. Олардың дүниетанымдарының да рухани сабақтастығы бар. Бұл, әсіресе, жан мен тән құмарлығы туралы ойларында анық байқалады. Шәкәрім Абайдың шәкірті болғандықтан, ол өзінің туындыларында Абайдың шығармаларын басшылыққа алып, оның жан, тән, адамгершілік туралы ойларын дамытып отырған.

Абай мен Шәкәрімнің лирикаларында орын алған философия – жан мен тән құмарлығы. Философиялық лирикаға анықтама берер болсақ, отандық ғылымда алғашқы анықтама «Әдебиеттану терминдер сөздегінде» берілді: «Философиялық лирика - ғалам сыры, тіршілік құпиясы, жазмыш жұмбағы – адамзат тарихының қай кезеңінде болмасын, ақындар мен философтарды бірдей ой азабына салған мәселелер» [6, 334 бет].

Ғалым Шаңбай Тұрдықұл өзінің «Шәкәрімнің философиялық лирикасы» атты мақаласында филология ғылымы аясында А.Байтұрсынов, Абай шығармашылығы аясында М.Әуезов, Шәкәрім шығармашылығы аясында айтар болсақ, З.Ахметов, Р.Бердібай, М.Базарбаев, Ш.Елеуқенов, Ш.Қ.Сәтбаева, М.Мырзахметұлы, Т.Шай, Ғ.Досқенов арнайы зерттемегенмен, философиялық лириканың қазақ сөз өнерінде барлығына әр кезде жанама түрде болса да тоқталып, атап өткен. Соның біразына шолу ретінде тоқталып өтсек: «...Абай өлеңге ...төр түгіл, тақтан орын берген», «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғызғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған» [1,220 бет].

«Өзіндік философиялық системасы, жекеше философиялық еңбектері болмаса да, Абайдың барлық мұрасын алғанда (лирикасы, поэмалары, қара сөздері) көп шығармаларында көрініп отыратын анық ойшылдық көзқарастар, терең толғаулар болады. Бұлар, міне, қатты ескеріліп, анықталып зерттеліп отыруға керек. Және осындай ойшылдық белгілерін жеке философиясы деп атамасак та, ақынның даналық, философиялық көзқарастары деген түрде,

мейлінше түгел қамтып, тексеріп, талдай білуіміз керек»; «Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты», «Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті» [7,31-32 бет]. «Қазақ ақынының «таза ақыл», «ақ жүрек» дейтіні жай бір қысыр кеңес емес, оның адамгершілік философиясынан тарайды» [7, 333-334 бет].

Шәкәрімнің «мені» - Абай жырлаған, Абай сомдаған «меннің» рухани жалғасы.

Шәкәрім қазақ поэзиясында үлкен жаңалық ашты. Философиялық лириканың ақындар бұрын қолданбаған түрін, жаңа түрін қалыптастырды.

«Шәкәрім өнерді де, дінді де, философияны да бір – біріне қарсы қоймаған, терістемеген. Таза ақылмен тануға ұмтылған. Шәкәрімді шектеп, өзіне тарту, басқаны терістреу үрдісі қазір де бар. Шәкәрім – данышпан, оны зерттеуде береке–бірлік, жүйелі зерттеу методологиясы керек. Философиялық көркем сөз өнерін, онда көрініс тапқан ұлттық – адамзаттық құндылықтарды контексте жүйелі тануға мүмкіншілік беретін ғылыми модельдің жоқтығы, Шәкәрімнің философиялық шығармашылығына бетпе – бет келгенде айқын көріністапты» [7, 336 бет].

Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы ортақ идея – жан мен тәннің сабақтастығы. Бұл идея кейінгі ақын – жазушыларда да орын алған. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Тәні саудың – жаны сау» атты мақаласында бастау алған болатын. Тән мен жан сабақтас, екеуі бірінен – бірі айырғысыз, бір-біріне байлаулы.

Жан мен тәннің төңірегіндегі дау - бұрыннан бар құбылыс. Көне грек ойшылдары болсын, қайта өрлеу дәуірінің ғұламалары болсын, қазақтың дара да, дана Абай мен Шәкәрімі болсын, бұл тақырып жөнінде өз ойларын білдірген. Біреулері логикалық тұрғыдан дәлелдеуге ат салысса, енді біреулері философиялық тұрғыдан дәлелдемек болған.

Профессор Ғарифолла Есімнің пікірінше, жанды қолмен ұстауға, көзбен көруге, құлақпен естуге, иіспен сезуге еш мүмкіндік жоқ, солай бола тұра, оны Плотин субстанция, яғни бар болмыс деген. Тән топырақтан жаралып, топыраққа қайта айналмақ [8, 16-17 бет].

А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиев шығармаларындағы осы мәселеге назар аударар болсақ, әрине да Абайдан бастаған жөн. Себебі Шәкәрім – Абай ойларын жалғастырушы.

Қаламгерлер туындыларындағы жантану мәселесіне әдебиет тұрғысынан айрықша назар аударғандардың бірі – ғалым, профессор М.Мырзахметұлы. Зерттеуші өзінің «Абай, Шәкәрім мұрасындағы рухани тұтастық немесе жантану ілімі жайында» деген мақаласында мынадай қорытындыға келеді: «Абай бастаған философиялық лирикада түпиені танып-білу жолында жантану іліміне айрықша назар аударуы байқалады. Қазіргі әдебиетте психология пәнін жантану ғылымы деп атап жүруі шындыққа жанаса бермейді. Өйткені, логика ойлаудың заңдары туралы ғылым болса, психология нерв жүйесіне байланысты адамдағы психикалық құбылыстардың заңдылығын зерттеп жүйелейтін ғылым



саласы ғана. Сондықтан ол ғылымды ғарыштан келетін жанға байланысы бар рухани құбылыстан тыс болуы себепті де, оны жантану іліміне жатқыза алмаймыз» [9, 25-26 бет]. Жантану ілімі саласында Абай дәстүріне сүйене отырып, Шәкәрім бұл мәселеге түбегейлі бет бұрған, жаратылыстың мәнін ашуға ұмтылған.

М.Мырзаметұлының зерттеуінше, Абайдың жантану іліміне бет бұрысының алғашқы қадамдары 1889 жылы басталды да, түпиені тану мен жантану іліміне тереңдеп, жан-жақты ой-толғаныстарына бату өмірінің соңына дейін жалғасты. Жантану іліміне Абайдың ақын шәкірттерінің арасынан Шәкәрім ғана жеке - дара Абай дәстүріне айналған философиялық лириканы дамыту, жаңарту жолына біржолата бет бұрды [9, 26 бет].

Жан, тән деген мәселенің барлығы да – жараталысқа, түпиеге келіп тіреледі.

Абайдың түпие мен жантану іліміне бет бұруы 1889 – 1902 жылдар аралығында болды. Ғалымдардың зерттеуінше, бір мүшел ішінде осы тақырыпқа арнап 13 өлеңі мен 6 қара сөзін арнады. Абайды түпиені танып – білу мен жантану ілімі хақындағы ой-толғаныстары осы шығармаларында толық қамтылған [9, 26 бет].

Шәкәрім Абайдың жантануға байланысты даналық ойларынан сусындап, болашаққа сеніммен қараған:

Кейінгі жандар қабылдар  
Айтылған түзу жолымды [5, 238 бет].

Түпиені танып білуге ұмтылған ойшыл ақын Абай ой – дариясына қадам басқанда:

Ақылдық жетпегені арман емес,  
Құмарсыз құр мүлуге тоя алмаймын [5, 138 бет], -

деп хақиқатқа адам ақылы жете алмайтындықтан, «Ақылға сыймас ол алла» деген қорытындыға келген еді.

Шәкәрім өз шығармаларында жаратылыс туралы сөз қозғағанда, түпиеге тоқталып кетеді. Ол өзінің «Тіршілік, жан туралы» атты өлеңінде:

*Жаралыс басы – қозғалыс,  
Қозғауға керек қолғабыс.  
Жан де мейлі Мән де,  
Сол қуатпен бол таныс,  
Әлемді сол мән жаратқан [5, 320 бет].*

деп түпие сөзінің баламасы ретінде «Жан», «Мән» сөздерін алып, оларды тең дәрежеде қарастырған.

М.Мырзахметұлы «Бүкіл әлем немесе сол әлемнің ішіндегі жанды-жансыз нәрселердің бәрін де жаратушы қуат иесі – түпие (арабша – Алла, парсыша – Құдай, қазақша – Тәңірі немесе Жаратушы) болып табылады. Ал «Жаралыс басы - қозғалыс» болса, сол қозғалысты «қозғаған қуат – жан дейміз» [5, 320 бет] деп, басты себепкер күш ретінде жанды ерекше даралап, атап өткені бар [9, 30 бет]. Ақын «қозғаған қуат – жан дейміз» деп, «Жаралыс басы -

қозғалыста» қозғаушы күші жан болып саналатынын алдымызға жайып салады» деген қорытындыға келген.

Абайдың «толық адам» ілімі оның «жан» туралы ойларымен ұштасып жатыр. Оның бұл ілімін Шәкәрім өзінің ұждан мәселесіне негіз еткен.

А.Құнанбайұлы ХІ ғасырда жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» дастанымен жете танысып, ондағы жәуанмәртлік іліміне назар аударған, Йасауидің кемел адам туралы хал ілімін де білген. Абай осы ғұламалардың ілімдеріне сүйемелдене келе, қазақ әдебиетінде «толық адам» ілімін қалыптастырды [9, 31 бет]. Осы іліммен идеялық бағыт – бағдар алған Шәкәрім адамды рухани тазалық жолына түсіретін:

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,  
Зұлымдықты ешқашан әділ жеңбес [10, 151 бет]

деген қорытынды ойға келді. Өйткені білімді жұрт, өркениетті ел деген Европаның өзі (ар түзейтін ғылымы жоқ болғандықтан) хайуандықтан шыға алмай отырғанын атап өтеді, сонымен қатар:

XX ғасырдың адамынан  
Анық, таза бір елді көрмей өттім [10, 102 бет]-

деп, ауыр да өткір сын айтып «мылтық билеп тұрғанда, әділет жоқ», - деп отаршыл басқыншылық жасайтын қару – жарақ ойлап табуға жұмсауы әділеттіліктен алыс кету деп қараған.

Қазақтың ұлы ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы өз поэзиясында ғаламды «әлемдік жан» деп қарастыра отырып, жан мен тән абстрактілі бөлек өмір сүреді демейді, бізді қоршаған объективті өмірде жансыз тән болмайды, жан тәнсіз өмір сүре алмайды деп түйіндейді:

Түрлі жанда дене түрлеп,  
Ескеріп тұр бұл ғалам.  
Жоғалатын нәрсе жоқ деп,  
Айтты ғылым байқаған [5, 382 бет].

Шәкәрімше «тән – терезе» болса, «жан – иесі», жан алғашқы болса да, оның іші – сырты деген болмайды. Ғалым Сейсекенова Айнаш Байкенжеқызы Шәкәрім поэзиясындағы ғалам суретін зерттей келе, Шәкәрімнің жан туралы ойы Гегельдің табиғат туралы «құбылыссыз мән болмайды, мәнсіз құбылыс жоқ» деп бірлікте қарастыруына жақын болса, сол сияқты тәнді о баста тірі, жанды деп түсіндірген ежелгі гректердің Иония мектебінен шыққан философтар – Фалес, Анансимандр, Анаксимен, Диогег, Гераклит шығармаларымен таныс екендігін дәлелдейді [11, 151 бет].

Шәкәрім мен Гете поэзиясындағы көркемдік таным үндестігін зерттеген ғалым Сейсекенова Айнаш Байкенжеқызы жан мен тән мәселесіне қатысты мынадай тұжырымға келеді:

«Шәкәрім өлеңдерінде табиғаттың кез келген құбылысының өзі тән, жан, рух үштігінің бірлігі, алдымен жан мен тән екі түрлі субстанция ретінде қарастырылады:

Басында жан мен дене екі басқа  
Жан шыдап тұра алмайды қозғалмасқа

*Дене сауыт сықылды жанның орны,  
Оған да күту керек бұзылмасқа*[5,128 бет].

Гете тәннің тұрақты өзгерісі жайлы табиғаттағы мәңгі қозғалысқа қарап, дәл осылай түсіндіреді:

Пусть кануны и исходы  
Свяжет крепче жизнь твоя!  
Обгоняя бег природы,  
Ты покинешь и себя» [12, 6 бет].

Әдетте жан тән мүшелері олардың қызметтерімен байланыстырылады: қанмен (иудаизм), мұрынмен (Анды үндістері), демалумен (орыстар), жүрекпен (ежелгі египеттіктер) және тағы басқалары. Ежелгі гректер үш түрлі жан бар дейді: «ақылды жан» (баста), «батыр жан» (кеудеде) және «құмартушы жан» (ішек -қарында). Қазақтар ет жан, шыбын жан және рухи жан туралы айтқан [13,11 бет].

Абай мен Шәкәрімнің жан жөніндегі даналық ойын саралау үшін «жан» концептісіне талдау жасап көрелік.

«Жан» мәселесін концептуалдық тұрғыдан қарар болсақ, «жан» концептісі «санада танылу деңгейіне қарай, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай» [14, 9 бет] - **метафизикалық концепт**. Себебі «жан» концептісі «сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады. Адам тәжірибесі арқылы ғана түсінуге болатын, құбылысты даму барысында ғана түсінуге болатын ұғымды көзбен көру, құлақпен есту, қолмен ұстауға болмайды» [14, 10 бет].

Концептілердің әртүрлі ассоциативтік түсінікте танылу деңгейіне қарай «жан» концептісі – **контраст концепт**. Контраст концептілер – бірінсіз бірі болмайтын, бірін – бірі толықтыратын, бір – біріне қарама – қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұп болып қана танылуы [14, 11 бет]. «Жан» мен «тән» ұғымдары бірін – бірі толықтыратын, бір – біріне қарама қарсы келетін ұғымдар болғандықтан, «жан» концептісі – контраст концепт. Жан/тән контраст концептілері «*жан – қожса, тән дегенің – жанның құлы*», «*тән – терезе, қарайтын жан - иесі*» лексемалары арқылы танылады.

Тұлға не ұжымның концептіні тілдік таңбалармен объективтендіру шеберлігіне қарай «жан» концептісі - **логикалық – позитивті танымда объективтенген концепт**. Логикалық – позитивтік концептілерде сезімдік, иррационалдық қабылдаулардан бұрын, логикалық ойлау механизмі мен ой модельдерін құру әрекеттері басым. Логикалық танымдағы концептілер логика (ойлау) заңдылығына сүйенеді [14, 11 бет].

Жан «тірі» мән ретінде өзіндік антроморфтық қасиеттер мен физиологияға ие. Дүниелік білім аясында жанның өз бетімен өмір сүре алатын материалдық субстанция сияқты және адам сияқты қызмет атқара алатындығы туралы түсінік бар [15, 17 бет]. Шәкәрім Құдайбердиев пен Абай Құнанбаев өз шығармаларында «жан» екі мағынада көрініс тапқан:

1. «жан» - дене өлсе де, жоғалмайтын құбылыс;
2. «жан» өзіндік бір тірі мән ретінде.

А. Құнанбаевтың жан мен тән мәселесі туралы ой қозғайтын негізгі өлеңдерінің бірі - «Көк тұман – алдыңғы келер заман» туындысы. Зерттеушілер ең алдымен осы өлеңге баса назар аударады.

*Ақыл мен жан – мен өзім, тән - менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі [16, 154 бет]–*

деп, «мен», яғни, жан өлмейді, ал тән өледі деген байлам жасалады. Жан туралы Абай танымы екі түрлі.

«Мен» мен «менікінің» ара қатынасы - ертеден әр түрлі діндер мен философиялық жүйелерде қарастырылып жүрген өте көне және ауқымды философиялық мәселелердің бірі. Абай осы күрделі қарама – қайшылыққа өзіндік талдау жасаған. «Мен» - әр адамның рухы, оның адамгершілік қасиеті, ал «менікі» - еңбекпен жасалған, артта қалған дүние – мүлкі. Материалдық дүние - өткінші, ал руханилық – мәңгі. Руханилық адам бойындағы адамилыққа байланысты болса, материалдық дүние пендешілікке тән [17, 25 бет]. Сондықтан Абай «менікі» өлсе өлсін, оған қайғырма, өзіңнің өзіңнен кейінгі ұрпаққа қандай рухани мұра қалдыра алатындығыңды ойлан, адам болуға талпын» деген тұжырымға келген. Ақын бұл тақырыпты діни жағынан емес, адамгершілік қасиеттер тұрғысынан қарастырады. Адамның адам болып, жан – жақты жетілу тұрғысынан қарастырады.

Шәкәрімнің ұлы ғұламаның бұл өлеңімен сабақтасып жатқан өлеңдерінің бірі –«Тіршілік, жан туралы» туындысы.

Шәкәрімнің «Тіршілік, жан туралы» өлеңін зерттеген ғалым Ғарифолла Есім өз еңбегінде бір тақырыпшаны «Жаралыс басы-қозғалыс» деп атаған. Бұл – жиырма алты шумақтан тұратын өлең. Ауқымды шығарма.Өлеңде мынадай ұғымдар пайдаланылған: Жаралыс, Қозғалыс, Тән, Жан, Мән, Ақыл, Қуат, Нәпсі, Дін, Рух, таза ақыл. Өлеңнің басты идеясы – қозғалысқа арналған: «Жаралыс басы – қозғалыс, Қозғауға керек қолғабыс» –дейді ғалым [18, 143 бет].

Өлеңнің бірінші жолында үш ұғым тұр, олар: Жаралыс, Қозғалыс және Жаралыс басы. Енді соларға тоқталайық. Жаралыс деп Шәкәрім ортақ әңгіме айтып отыр. Жаралыс – ғылыми түсінік. Жаралыстың орнына жаратушы дегенді айтса, әңгіме тылсымдық арнаға немесе дінге қарай ауып кетпек. Орта мектепте өтетін Жаратылыстану деген пән бар, онда жаралған нәрселер туралы сөз болады. Жаралыс – мүмкіндігі бар жаратылыс. Жаралыс – онтологиялық ұғым. Жаралыс әлі мүмкіндік деңгейінде, ол шындық емес яғни жаратылыс емес. Жаралыс шындыққа айналуы үшін қозғалыс керек. Қозғалыссыз жаралыс жоқ [18, 143-145 бет]. Сонда жаралыс бізге қалайша мәлім болып отыр дегенге Шәкәрім «жаралыс басы - қозғалыс» деген тұжырым жасаған. Жаралыс деген дүниедегі бар нәрсе. Әлемнің бар екені жаралыстың бар екенін білдіреді. Дүниеде әуел баста ие болған, соның бәрі – Жаралыс. Бұл жерде Шәкәрім мәселені нақты қойып отыр. «Жаралыстың басы – қозғалыс» екені туралы ой қозғап тұр. Ал сонда қозғалыс деген не? Ол мәселені Шәкәрім әзірше

қарастырмайды. Қозғалыстың не екенін адамдар біледі, себебі дүние қозғалыста, өзгерісте. Дүниеде өзгеріске түспейтін ештеңе жоқ. Бүгінгі бар нәрсе ертең өзге нәрсеге айналмақ. Дүние үнемі қозғалыста. Дүниенің тұрақты болуы да осы қозғалысқа байланысты. Қозғалыстың нәтижесінде адам туады, өседі, дамиды, өледі. Дүниенің тұрақтылығы – қозғалыстың мәңгілігінде. Мәңгілік қозғалыс дүниенің тұрақтылығын береді. Егер қозғалыс болмаса, дүние тұрақты қалпын сақтай алмас еді. Қозғалыс мәңгі болса, дүние де мәңгі тұрақты.

Ғалым М.Мырзахметұлының зерттеуінше, Абайдың 27 қара сөзінде жанның өлмейтіндігі туралы даналық, философиялық ой жатыр. Профессор «қара сөзде екі негізгі идея бар» дей келе: «Алғашқы идея – 27 қара сөзде жан өлмейді деген таным дәстүрлі танымы тұрғысынан тән өлсе де, жан өлмейді делінеді. Екінші идея – Абай бес сезім мен жанның жибили қуаты арқылы жинақталған іштегі ой қазынасы өнердің бір түрі арқылы сыртқа шығып, ол ой қазынаның иесі (тәні) өлсе де, оның рухани ой қазынасы ретінде ақындық өнердің қуатымен сыртқа шығып, мәңгілік рухани азық көзі болып қалады екен. Өзінен кейінгі ұрпақтардың рухани жан азығына айналады» [9, 33 – 34 бет]. Абай:

«Өлді деуге сыя ма, ойландыршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» [16, 154 бет], -

дей келе, жанның рухани байлық екенін, сондықтан өлмейтіндігіне баса назар аударған. Ал Шәкәрім болса, осы идеяны жаңа қырынан көрсетуге ұмтыла отырып:

Ғибрат қылар артына із қалдырсаң –

Шын бақыт, осыны ұқ,

Мәңгілік өлмейсің [10, 167 бет], - деген қорытындыға

келеді.

Яғни, жан өлмейді, жан – рухани қазына, сол рухани қазына мәңгілік лаулай беру үшін, артынан ғибрат алар, білім жолын қуар із қалдыру керек.

«Адам жаны қайдан келді?» деген сұрақ екі ойшылды да толғандырған. Абай 27 қара сөзінде осы мәселе төңірегінде ой жүгіртеді: «Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың» [19, 120 бет], - деп ақыл мен жанның ара қатысы жайлы пікір көтереді. Осы ойдың желісін Шәкәрім нақтылай дамытып, жан ұғымына тереңдей отырып, өзінің тынымсыз ізденуден туған жаңаша ой-танымын оқырман назарына ұсынғанда жан күннің нұрынан келген деген өзіндік жаңаша танымын ұсынады:

«Жанымыз күннен келген нұрдан,

Тәніміз топырақ пенен судан.

Күн – атам, анық, жер – анам...

Кетеді жаным күнге таман,

Жазықсыз болса, барады аман ,

Қиянат істі қылмаған» [10, 139 бет], -

деп жанның көп қырлы сырын аша отырып, жанның мәңгі өлмейтіні жайлы ойтанымын бар болмысымен алдымызға жайып салады.

Жантану ілімінің осы күрделі рухани табиғаты туралы мұсылман әлеміндегі тұңғыш пікірдің Құраннан бастау алған. Жан туралы Алланың өзі Мұхаммед пайғамбарға қарата айтылатын сөзінде (17 сүре, 85 аят):

«Олар сенен жан туралы сұрайды. Жан дүниесін тәңірім ғана біледі. Сендерге берілген білімнің шегі аз ғана де», - деп арнайы мағлұмат тастауында түбі терең құпия сырлар әлемі қабаттасып жатқандай әсерде қаламыз [9, 35 бет].

Шәкәрім күннің нұрынан келген адам жаны оның тән өлген соң, қиянатқа жол бермей, ізгілік жолында болса, келген жері күнге қарай, яғни мәңгілік тұрағына қарай қайтады деген соны да тың танымға келеді.

«Жан қайдан келді» деген мәселе төңірегінде дау-дамайлар тоқтар емес. Бірі жан жолдан қосылды десе, бірі жан өмірдегі өзіндік дамудан (саморазвитие) жанды табиғи құбылыс ретінде пайда болған шындық деп қарайды. Ал Шәкәрім болса, осы пікірлерді сынға ала отырып:

«Жан жолдан қосылды деп дін де, пән де

Ақылды байлап қойған соған мүлде [5, 177 бет], -

деп, осы таным адамзат баласының танымдық ойын осы ұғым шеңберінде қалып адасуда дейді. Өйткені адамзат жеке индивид ретінде әлемдегі барлық заңдылықтарды түсінгенімен, бірақ өз жанының мән-мағынасын тани алмай келеді:

Бірақ адам өз жанын танымады,

Біледі бір өзінен басқаны адам [5, 177 бет], -

деп адамның жаны ғарыштан, бас қозғаушы күште жатқанына баса назар аудартады. Шәкәрім:

Ойменен тапқан бұлдыр деп,

Дене мен пәнге байлаған

Баяғы Конттың сөзі еді [5, 316 бет], -

деп батыс философиясының пікір танымын қатты сынға алатыны бар. Шәкәрім жанның түпиеден келгендігін «Бас қозғалыс қой – жанның атасы» деп жанның келетін түр төркіні қайда жатқанын дәл меңзеп көрсетіп отыр.

Ғалым М.Мырзахметұлының зерттеуінше, жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасындағы философиялық лирикалары мен қара сөздерінде желі тартады. Бұл ілім жайында Жүсіп Баласағұн мен Йасауи шығармаларында теологиялық тұрғыдан тереңірек қарастырылса, XV-XVIII ғғ. қазақтың ауызша жырланған поэзиясында да сөз қозғалған. Тікелей болмаса да, жанама түрде. Ал XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында жантану ілімі Абай мен Шәкәрім мұрасының өзекті желісінің ғылыми рухани кілтін айналып, өз заманының шырқау биігіне көтерілді [9, 35 бет].

Абай өзінің 7 қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Нәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демелік. Не нәрсе соған талпынып, жалтыр –

жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай – керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп: «Ол немене?», «Бұл немене?» деп, «Ол неге үйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», - дейді [19, 99 бет]. Осылай екі түрлі адам мінезін сипаттай келіп, бұл дүниедегі адамның орнын көрсеткендей болады.

Абайдың бұл қара сөзіне Ғарифолла Есім өзінің «Хакім Абай» атты еңбегінде жақсы тоқталып кеткен: «Абай бұл қара сөзінде бала ата – анадан туғанда екі құмарлықпен туады дейді, бірі - жанның құмары, екіншісі- тәннің құмары. Адам баласының өсе келе тән құмарлығына қызығуының себебі Абайдың мына өлең жолдарында суреттелген «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады» [20, 309 бет]. Осылайша көкірегінде сәуле, көңілінде сенім жоқ адамды хайуанмен салыстырады.

«Жан» концептісінің «Жан - жаратылыс» моделінің фреймдері арқылы танылады.

1 – фрейм. **«Жан - жаратылыс»**. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Үш анық» атты шығармасында жаратылыс туралы сөз қозғаған. Жаратылыстың пайда болуын тілге тиек ете келе, сол жаратылыстың бастауы деп жанды таныған. Қаламгер шығармаларында жанды бәрінен де биігірек қояды. Жанды жер бетіндегі жаратылыстың басты құрылымының бірі ретінде таниды.

«Жан - жаратылыс» моделінің фреймдік құрылысы *«қожа», «терезеден қарайтын ие», «дененің иесі», «жоғарғы кереметті табушы», «қозғаған қуат», «жаратылыс», «тіршілік», «жандық», «ақыл мен ойдың шыңы», «жанды ақыл», «ұждан», «рух», «жан құлағы», «жан сыры», «психолог», «аруақ», «жан беру»* сияқты танымдық лексемалар арқылы танылады.

«Рух» және «аруақ» лексемаларының «жан - жаратылыс» моделіндегі мағынасына тоқтала кетсек.

Мұсылман дүниетанымында адам ешқашан таза рух бола алмайды, ол – пенде. Рух мұсылман дүниетанымында бір жағынан априорлық мәнде болса, екінші жағынан трансценденталдық мәнде. Қысқасы Рух – онтологиялық проблема. Қазақтар дүниеден қайтқан адамды марқұм, ал оның өлмес «менін» аруақ деп қастерлегені тегін емес. Аруақ деген жан мен ақылдың біздің санамыздағы қабылдана алынатын формасы. Аруақты сана арқылы ғана барлығына «ойша» сенеміз [21, 18 бет]. Жаратылысаралық рухтың себепшілерін «Уақ», «Ру», «Ақ», «У» періштелер, шеріктер болған қуаттарды меңгерумен, жан негізі «Ар»-ды және «Ақ»-ты қалыптастырумен байланысты болады.

Схема – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер арқылы ақпараттарды бір жүйеде таныту әдістерінің бірі [14, 15 бет]. Шәкәрім

Құдайбердиевтің поэтикалық мәтінінде танылатын «жан» концептісінің схемалық құрылымы төмендегідей:

Хақиқатты дәл көруге,  
*Жан көретін көз керек.*  
Сөнген ойды жандыруға  
Жан беретін сөз керек [5, 280 бет].

[ЖАН КӨРЕТІН СӨЗ] – ақ қараны айыра алатын, дұрыстығына жете алатын, жақсыдан үйренер, жаманнан жиренер көз. Поэтикалық мәтінде «жан» концептісінің концептуалдық құрылымын құрап тұрған фразеологизм.

[ЖАН БЕРЕТІН СӨЗ] – бар әңгіме, асыл уағыз [ҚТФС, 103 бет] [22 бет]. Сөнген ойды тірілтетін, жандандыратын, көркейтетін сөз. Поэтикалық мәтінде «жан» концептісінің концептуалдық құрылымын құрап тұрған фразеологизм.

Шәкәрімнің хақиқат дегені әділдік дегені. Шәкәрімнің бұл ойының бастауы Абайдың 43 қара сөзінде жатыр.

«Ол жанның жибили қуаты дүр, бірі ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер» [23, 376 бет].

[ЖАННЫҢ ЖИБИЛИ ҚУАТЫ]- естіген, көрген нәрселерді саралау, олардың растығына көз жеткізу, ақ қарасын ажырату, «жамандық көрсең нәфрәтлі, суытып көңіл тыю, жақсылық көрсең фибрәтлі оны ойға жию»

А. Құнанбаев та, Ш. Құдайбердиев те жанның мәңгілік екенін сөз еткен. Абай:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес [23, 198 бет].

Нақты поэтикалық мәтіндегі мағынасына келер болсақ, адам дегені оның жаны мен ақылы. Олар мәңгілік. Бұл Абайдың туындысында көрініс тапқан схемалық көрініс. Шәкәрімнің «Үш анық» шығармасында көрініс тапқан схемалық құрылым:

«Дене өлсе де, *жан жоғалмайды*» [24, 13 бет].

[ЖАН ЖОҒАЛМАЙДЫ] - жан денеден денеге көшеді, тіпті адамнан адамға, не жануардан жануарға көшуі мүмкін. Адамның денесі өлгенменен, адамның жаны- «мәңгілік». Денеден денеге көшіп, өсіп – өршиді.

Екі ойшыл да жанның мәңгілік екенін мойындайды. Екеуі де, тән өлгенмен, жан жоғалмайтынын қолдайды.

Абай өзінің 7 қара сөзінде «тәнді жанға бас ұрғызу» керектігі жөнінде сөз қозғайды. Бұл ой Шәкәрімде де көрініс тапқан. Шәкәрімнің поэтикалық мәтінінде көрініс тапқан келесі схема жан мен тәннің бірінсіз – бірі болмайтынын суреттеген:

Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп [5, 201 бет].

[ТЫНЫМ [ТЫНЫШТЫҚ] ТАППАДЫ]. Тізе бүкпеді, жарғақ құлағы жастыққа тимеді, тыныштық көрмеді [ҚТФС, 291 бет] [22 бет]. Бұл жерде жанның тыным көрмегені жайлы сөз қозғалған. Себебі ол тәннің халін ойлауда.

[ҚАМЫН ЖЕДІ]. Қамқорына алды, жағдайын ойластырды [ҚТФС, 173 бет] [22 бет] Поэтикалық мәтінде жанның тәнді қамқорына алғаны жайлы ой қозғалады.



Ойсурет. Концепт құрайтын элементтерді санада метафоралау, яғни суреттеу тәсілі. Ол санада бейне, символ, метафора, аллегория т.б. тәсілдер арқылы танылады [25, 3 бет].

Шәкәрімнің поэтикалық мәтінінде «жан» концептісінің концептуалдық құрылымының ойсурет көрінісі төмендегідей лексемалар арқылы танылады:

*Жан – қожса, тән дегенің – жанның құлы,*

*Нәпсі неге білмеген бұрын мұны?*

*Тән – терезе, қарайтын жан – иесі,*

*Жаннан шығар ақыл мен ойдың шыңы [5, 178 бет].*

Ақынның тілдік тұлғасында жан тәнге қарағанда биігірек тұратын, тәннің қожасы ретінде сипатталған. Егер де тәнді терезе десек, сол терезеден қараушы, сол терезенің иесі – жан. Ақыл мен ойдың шыңы, ақыл мен ойдың байлығы осы жаннан шыққан.

«**Жан – қожса**» лексемасы - «жан» сөзінің когнитивтік құрылымын құрап тұрған метафора. Ақынның поэтикалық мәтінінде жан – тіршіліктің негізі. Ол – тәннің қожасы. Жан – адамның иесі, адамды басқарушы, адамның ақыл – ойының, адамның тәнінің, адамның өмірінің қожасы, иесі.

«Қарайтын жан - иесі» лексемасы «жан» сөзінің когнитивтік құрылымын құрап тұрған метафора. Шәкәрім Құдайбердіұлы тәнді терезе деп танып, жанды одан қарайтын ие, қожса ретінде таныған. Яғни тән – тек сыртқы құрылыс ғана, ал ішкі құрылыс, ішкі сезім, ішкі көрініс – жан.

*Жаралыс басы – қозғалыс,*

*Қозғауға керек қолғабыс...*

*Қозғаған қуат – жан дейміз,*

*Жан өсті жаннан сан дейміз [5, 320 бет]*

Шәкәрім Құдайбердиевтің тілдік тұлғасында «жан» концептісі негізінде қалыптасқан метафора – жан – қозғаған қуат.

«Қозғаған қуат – жан» лексемасы «жан» сөзінің когнитивтік құрылымын құрап тұрған метафора. Алла дүниені жаратқанда, уақытты жаратқан, яғни бәрі бір орында тұрмайды. Өмір бір орында тұрмайды. Сонымен қатар, табиғатқа, қоршаған ортаға, адамға жан беріп, оларды қозғала алатындай еткен. Осы адамды қозғаушы, денемізді алға итермелеуші, жалпы сол қозғалыстың басы – жан. Ол қуат, ол энергия, осының арқасында адам дамиды, өсіп – өрбиді. Егер де өмірде жан болмаса, қозғалыс болмас еді, қозғалыс болмаса, дүние дамымас еді, көптеген істер өнбес еді.

Ақынның тілдік тұлғасында «жан» концептісінің ойсуреттік құрылымы өсімдік пен күн арасындағы байланысты анықтау, айқындау арқылы дамыған. Шәкәрім өсімдікті тән ретінде бейнелеп, ал сол өсімдікке күш, қуат беруші күнді жан деп бейнелеген. Яғни, бұл жерде символды байқаймыз.

*«Өсімдік күннен алады ас,*

*Күн суық болса, түпке қаш,*

*Дым тиіп, нұр кеп жылытса.*

*Өс тағы жайнап, көңіл аш!»-*

*Дейтұғын жанда мән болар [5, 321 бет].*

**Сценарий** – сана құрылымының бір түрі, М. Минский концепцияларының негізгі ұғымдарының бірі. Сценарий мәтін интерпретциясы нәтижесінде шығарылады. Мәтін элементтері көмегімен «сцена» жасалады [25, 23 бет].

Екі ойшылдың поэтикалық мәтіндеріндегі сценарийлерге келер болсақ, Абайдың 43 қара сөзі мен Шәкәрімнің «Үш анығы» бір – бірімен сабақтасқан шығармалар болып табылады.

«Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зинһар, соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам ұғылы хайуан болды, адамшылықтан шықты.

Біреуі орысша «подвижной элемент» деп аталады. Не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді... Біреуін орысша «сила притягательная однородного» дейді. Ол - бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды» [23, 377 бет].

Ал Шәкәрім «Үш анық» туындысында «Және қатты керек бір шарты – өзінің тұтқан діні, оқыған –ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері һәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноктасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек» деген философиялық байлам жасайды [24, 7 бет].

Данышпан Абай жан қуатының үш элементі бар екенін ескерткен. Оның ішінен, байқағанымыздай, алғашқы екі элемент Шәкәрімнің «Үш» анық туындысымен ұштасып жатыр.

Ғ.Есімнің зерттеуінше, «подвижной элемент» - бұл тез ұғыну деген сөз; «сила притягательная однородного - ұқсас нәрселердің бір-біріне тартылуы; [20, 320 бет].

«Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді» деген екен Шәкәрім. Бұл сөздерден болмыс көріністерін адам бас көзімен көретінін білеміз. «Бас көзі» деп бұл арада баста орналасқан көзді ғана емес, адамның сыртқы бес сезім мүшелері айтылып отыр. Бес сезім мүшелерін біріктіріп, Шәкәрім «бас көзі» деп атайды.

Бірінші анық – сезім мүшелері қабылдайтын болмыстың заттық көрінісі. Бірақ толық болмысты, яғни ақиқатты ақыл көзімен ғана көруге болады. Ақыл көзі дегеніміз адамның ақыл-ойының жұмысы [26, 9 бет].

Ғалым М.Мырзахметов «Абайдың рухани көздері» атты мақаласында ойшылдың жан қуаты туралы ойлары кімнен бастау алғанын қарастырған. Абайдың «өзін танымақтық», «жан қуаты» жөніндегі ойының бастау алар көздерін іздегенде, біз арғысы әл-Фараби, Ибн-Сина, Ибн-Бажа, бергісі Ә.Науаи, Ғ.Дауани, Ж.Қарабағи еңбектеріне тірелеміз.

Әл-Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларында:

«өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде де, жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отыратыны бар [27, 383 бет].

Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарабына қазақ топырағында арғы заманда әл-Фараби, соңғы дәуірде Абай ғана терең барлап барған тәрізді. Абай өлеңдері мен қара сөздерінде жан қуаты жайлы ой толғауында: «жан құмары», «жанның жибили қуаты», «жан қуаты», «жанның азығы» тағы басқа осы іспеттес философиялық сарындағы ойларын таратқан [27, 380 бет].

Абай Құнанбайұлының когнитивтік құрылымындағы «жан» концептісінің сценарийі мынадай:

*Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс көнсеңіз [23, 67 бет].*

Ойшылдың танымы бойынша, жан талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым арқасында өзінің тіршілігін көркейтеді.

Шәкәрім Құдайбердиевтің когнитивтік құрылымындағы «жан» концептісінің сценарийі мынадай:

*Еркіндік, талап, шын сүю,  
Жирену, мақсат, ой түйю.  
Қуаныш, қайғы, күлкі, ашу,  
Денесі сау боп жан сүю... [5, 320 бет].*

Шәкәрім Құдайбердиевтің дүниетамында еркіндік, талап, шын сүю, мақсат қою, ой түйю, қуаныш, қайғы, күлкі, ашу - бәрі де жанды құрайтын негізгі тіректер. Себебі біз шын сүйсек, жүреппен сүйеміз, ал жүрек - сол жанның таразысы, күлсек, не қуансақ, соның бәрін де сезетін жан, соның бәрінің бастауы – жан. Тіпті, адамның ашулануы, мұңаюы, қайғыруы бәрі де сол жанның негізінде жүзеге асады.

*Жансыз тән қалайша жүрмек?  
Сол жан емес пе денелерді қозғап өсірмек  
Бас қозғалыс қой жанның атасы...  
Жанына қарай тән өскен [5, 230 бет].*

Ақынның пікірінше, дене өзі қозғала алмайды, оны қозғаушы күш – жан. Жанның атасы – бас қозғалыс. Тән жанға қарап өседі.

*Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,  
Тән бұзылса, тұрағым, бұзылар деп [5, 155 бет].*

Жан өзі үшін тән қамын жесе, мақсатына жету үшін ақылға сүйенген. Тән бұзылса, жан болмысы жойылмақ. Жан әрдайым тәнді қамқорлығына алады. Егер де тән бұзылса, онда жанда бұзылады. Себебі тән – жанның тұрағы.

Абайдың туындысында көрініс тапқан сценарий:

*Ақыл мен жан – мен өзім, тән - менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі [16, 232 бет].*

Шәкәрім Құдайбердиевтің «Үш анық» шығармасында «жан» когнитивтік құрылымына байланысты көрініс тапқан сценарий көрінісі: «Егер ақылым да, жаным да біржола жоғалаттын болса, мен – жанып өшкен отпын» [24, 85 бет].

Ғұламалардың пікірінше, шексіз ғұмыр өлшемі – тіршілік, ал өлшеулі ғұмыр – Тағдыр. Екеуіне де ортақ Ақыл мен Жан. егер де ақыл, жан болмаса, онда тіршілік те болмас еді.

## **1.2 А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиев шығармаларындағы «тән», «нәпсі оты» ұғымдарының байланысы**

«Тән» концептісі - **метафизикалық концепт**. Себебі «тән» концептісі «перцептивтік, сенсорлық қабылдау, яғни сезіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану нәтижесінде ғана хабарланады» [14, 10 бет].

Концептілердің әртүрлі ассоциативтік түсінікте танылу деңгейіне қарай «тән» концептісі – **контраст концепт**. Контраст концептілер – бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір – біріне қарама – қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы [14, 11 бет]. «Жан» мен «тән» ұғымдары бірі – бірін толықтыратын, бір – біріне қарама қарсы келетін ұғымдар болғандықтан, «тән» концептісі – контраст концепт. Жан/тән контраст концептілері «жан – қожа, тән дегенің – жанның құлы», «тән – терезе, қарайтын жан - иесі» лексемалары арқылы танылады.

Тұлға не ұжымның концептіні тілдік таңбалармен объективтендіру шеберлігіне қарай «тән» концептісі - логикалық – позитивті танымда объективтенген концепті. Логикалық – позитивтік концептілерде сезімдік, иррационалдық қабылдаулардан бұрын, логикалық ойлау механизмі мен ой модельдерін құру әрекеттері басым. Логикалық танымдағы концептілер ақиқатқа негізделеді және логика (ойлау) заңдылығына сүйенеді [14, 10 бет].

Екі ойшылдың шығармаларын негізге ала отыра, «тән» концептісінің екі фреймі қалыптастырылды. Бірінші фрейм - «*тән – жан құлы*», екінші фрейм - «*тән - нәпсі*».

Екі ойшылдың шығармаларындағы «тән – жан құлы» моделінің фреймдік көрінісі: «*сауыт*», «*жанның құлы*», «*терезе*», «*баяу*» «*киім*», «*тән қамы*», «*жанның орны*», «*кәсиби қуат*», «*тән қуаты*», «*менікі*»

2 – фрейм. «**Тән - нәпсі**». Ғалым Тұрдықұл Шаңбайдың пікірінше, Алла тағала адамды қандай мақсатпен жаратса да, ол пенделікке кете бастаған, нәпсі жолына түсе бастаған. Неліктен ол өз иесінен алшақтап, жаратушысы қоспаған бағытты ұстаған? Нәпсі тәннен тән тудыратын қасиет [7, 186 бет]. Тәннің өлуі дегеннің өзі нәпсінің қуатының жойылуында. Нәпсі дүниеге құмарлық, не дүниеге құштарлық, не жалған дүниемен тәннің тұтастығы дегенді білдіреді.

Абай мен Шәкәрім туындыларындағы «Тән - нәпсі» моделінің фреймдік құрылымы мынадай лексемалар арқылы танылады: «*денешіл, пәншіл кеселдер*», «*дене*», «*пәни дене*», «*сорлы дене*». «*нәпсі*», «*жәдігәй*», «*нәпсі оты*», «*теп* –

*тегіс қара дене», «уға малған өткір қылыш», «таза дене», «дененің соқыр көзі», «хор қыздары», «тойымсыз нәпсі», «қу нәпсі», «көрсеқызар нәпсі».*

Абай мен Шәкәрім шығармаларында «тән құмарлығына» салынған адам «надан» болып саналады. Оның да бірнеше лексемалары бар.

Абай туындыларындағы «надан» сөзінің тілдік бірліктері: *«жарымес», «жарты адам», «нысық», «көзінен басқа ойы жоқ», «адам баласын қор қылушы», «қу мінез», «ақ көзді».*

Шәкәрім туындыларындағы «надан» сөзінің тілдік бірліктері *«айуан мал», «емделмеген адам», «ақылы жоқ, малы көп», «шын надан», «шикі надан, ақылы жоқ», «Ей, надан, мас», «тым ұғымсыз, екенсің, ақымақ нас», «көңлің соқыр, надансың, бейлің қара»* секілді лексемалар арқылы танылады.

«Хор қыздары» лексемасының «тән» когнитивтік құрылымындағы мағынасы: мұсылмандандың түсінігінде хор қыздары екеу-екеуден әнге салып, сандуғаштай сайрап, тоқсан түрлендіріп тамылжыта күй шертеді. Хор қыздарының теңдесі жоқ сұлулығынан, тамылжыған үнінен жұмақтағы жан ерекше ләззат алып, рахат сезімге кенеледі. Бұл - жұмақтағы әйелдердің, яғни хор қыздарының мифологиялық бейнесі. Ал Шәкәрім Құдайбердиевтің танымында «хор қыздары» деген түсінік нағыз мұсылмандыққа жатпайды. Бұл нәпсінің бір көрінісі ретінде танылады.

Хор қыздары жұмаққа қызықтыру үшін жасалған жарнама. Хор қызы нәпсіге байланысты айтылып отыр, ал нәпсі тәнге қатысты. Оның пікірінше, адам рахатқа бұл дүниеден бөлене алмағандықтан, оның о дүниедегі көрінісі ретінде «хор қыздары» деген түсінік қалыптастырған. Бұл әділетсіздік. Рахат әйелге де, ерге де тән құбылыс. Ал «хор қыздары» - тек ерлерге қызмет етушілер [26, 182 бет]. «Хор қыздары» нәпсіге маталып, жұмақты жұмақ болдырудан қалады.

Шәкәрімнің тәнді сипаттаудағы ерекшелігі оны «жәдігөйге», «жесірге» теңеуінде еді.

*Өлшеусіз сансыз байдан жесір қалған.*

*Күнінде қызыл гүлдей жүз күлсе де*

*Сырт айналса, жүрекке жалын салған.*

*Бас алуға жаралған бір жәдігөй,*

*Өткір қылыш секілді уға малған. [28, 192 бет].*

«Бас алуға жаралған бір жәдігөй», «өлшеусіз сансыз байдан жесір қалған» деген лексемалар арқылы танылады. Мұндағы «Бір сұлу қыз сықылды жұрт таңданған» деген лексема - «тән» сөзінің когнитивтік құрылымын құрап тұрған теңеу.

«Бір сұлу қыз сықылды жұрт таңданған, Өлшеусіз сансыз байдан жесір қалған». Ақын тәнді сұлу қызға теңеген, яғни шынымен де тән деген сұлулық. Бірақ сол сұлу қыздың тағдыры оңай емес, ол сансыз баймен тұрмыс құрып, сансыз байдан жесір қалады. Сол секілді тән де қаншалықты сұлулыққа бағынып, тек сұлулыққа сенгенмен, ол одан жеңіс көрмейді. Тек жеңіліс. Сондықтан, тәннің сұлулығынан гөрі жанның сұлулығын бағалау керек. Себебі, әрбір сұлу тәннің ар жағында қаншалықты сұлу жан бар екені белгісіз.

«Тән» концептісінің когнитивтік құрылымындағы ойсурет жан мен тән арасындағы байланысты анықтау арқылы дамыған.

А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиевтің дүниетанымында жан мен тән – жаратылыстың басты құрылымдық бөлшектері. Абай мен Шәкәрімнің философиялық лирикалары мен прозалық шығармаларында «тән» ұғымының көрінісі төмендегідей:

*«Жан – қожя, тән дегенің – жанның құлы» [5, 178 бет]; «Тән – терезе, қарайтын жан – иесі» [5, 178 бет]; «Дене сауыт сықылды жанның орны» [5, 128 бет]; «Жан мен дене – қосылған ерлі – қатын» [5, 128 бет]; «дене - киім» [5, 128 бет]; «нәпсі оты» [5, 259 бет]; «ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі» [16, 186 бет]; «Адам ұғылы екі нәрседен бірі – жан, бірі - тән» [23, 375 бет]; «Ішсем, жесем, ұйықтасам – тән құмары» [23, 315 бет]; «Нәпсінің қу мінезі» [16, 195 бет]; «Қаны қара бір жанмын, жаны қара» [16, 200 бет]; «Ақ көзді надан» [16, 64 бет];*

«Тән – терезе» лексемасының поэтикалық мәтіндегі мағынасы. Тән тек сыртқы келбет, ол терезе секілді, оған қарауға болады, одан түрлі істер, түрлі құбылыстар көрінеді. Бірақ ол құбылыстардың қайсысы жақсы қайсысы жаман екенін анықтаушы, ақ пен қараны ажыратушы – жан. Тән – адамның сыртқы келбеті, ол сол терезе секілді. Ал ішкі келбеті – жан. «Тән - терезе» лексемасы - «тән» когнитивтік құрылымында қалыптасқан метафора.

«Дене - киім» лексемасының поэтикалық мәтіндегі мағынасы. Дене киім секілді, ол тозады, ол өзгереді. «Адам көркі шүберек» демекші, дене бізге тек көрік береді. Оның сұлулығы, оның әдемі болуы адамның өзіне байланысты. Дегенмен киім деген тозады. Ол – тек сыртқы дүниені құрушы құбылыс. Ал жан – мәңгі өлмейтін, өзгермейтін құбылыс. Сондықтан жарасымды киім секілді, жарасымды тәннен гөрі, рухани байлығы мол жан жақсы.

«Дене - сауыт» деген Шәкәрімнің дүниетанымында қалыптасқан философиялық байлам болып табылады. Тән, дене – жанның тұрағы, жанның орны. Дене сауыт секілді сол жанның орнын қорғайды.

«Жан мен дене – қосылған ерлі - қатын». Ер адам әйел адамсыз, әйел адам ер адамсыз өмір сүре алмайды. Бірігіп, олар осы тіршіліктің негізін құрайтындай, жан тәнсіз, тән жансыз болмайды, себебі олар - жаратылыстың басты құрылымдары. «Жан мен дене – қосылған ерлі - қатын» лексемасы - «тән» когнитивтік құрылымын құрап тұрған метафора.

Ғалым Ғарифолла Есімнің зерттеуінше, нәпсі – адамның сапасы, тіршіліктің нышаны, тіптен, тіршіліктің өзі. Тіршіліктің бар болуының мәні – нәпсіде. Нәпсі қуаты ерсен, оны бір ізге түсіру және оған тыйым салу ісінің қиындығы соншама, тіптен ол шайтан кеңістігі дейін апаруы мүмкін» [8,25-27 бет].

Абай мен Шәкәрімнің дүниетанымы мен туындыларында көрініс табатын «тәнге» қатысты ұғымдардың бірі – «нәпсі оты». Ол - нәпсінің құмарлығы, тойымсыз нәпсі. Алла адамды жаратқанда, жанды қожя етіп, тәнге матаса да, адамның құмарлығы кейде озып тұрады. Соны Абай да, Шәкәрім де байқағандай. Абай танымындағы нәпсі оты: **еріншек** – күллі дүниедегі өнердің

дұшпаны(38 қара сөзі, «Сабырсыз, арсыз, еріншек»), **надандық** – жарымес («Әуелде бір суық мұз ақыл зерек»), **арамдық** – пысықтық («Сабырсыз, арсыз, еріншек»), **мақтаншақтық** – бес дұшпанның бірі («Ғылым таппай мақтанба», 21 қара сөз), **дүниеқоңыздықты** - адамның көз сүйегі («Ескендір» поэмасы).

Шәкәрім ақын нәпсі отындағы **еріншектікті** «бір уыздай келіншек» («Ашу мен Ынсап»), «қара жүз» («Еріншектіктен салақтық»), **надандықты** «емделмеген адам» («Ашу мен Ынсап»), **арамдықты** «залалкес, хайуан», **мақтаншақтықты** «баяу» («Жан менен дене һәм көңіл», «Мақтау мен сөгіс»), **дүниеқоңыздықты** «тойымсыз нәпсі» («Бас көзімен қарасаң нәпсі – жалған») деп таныған.

Адамның қасында әрқашанда нәпсі жүреді. Ол - адамның серігі. Сондықтан да нәпсіні мүлде терістеуге болмайды. Адам жаны нәпсіге құмар келеді, әсіресе, тәні. Кейде сол нәпсісіз өмір сүре де алмайды. Бірақ та нәпсі жалған болғандықтан, нәпсінің яғни жалғанның құлына айналу қауыпынан абай болу - адамның ақылына берілген міндет. Адамның ақылсыз болмысы бос әбігер [4, 13 бет].

А.Құнанбайұлы мен Ш.Құдайбердіұлының нәпсі жолына түскен адамдарды суреттеуі ерекше. Екеуінің философиялық байламдары бұл мәселеде де бір – бірімен ұштасып жатыр. Абай өзінің «Көзінен басқа ойы жоқ» деген өлеңінде:

Көзінен басқа ойы жоқ,  
*Адамның надан әуресі* [16,110 бет].

деген. Бұл - Абайдың поэтикалық мәтінінде қалыптасқан «тән» когнитивтік құрылымына байланысты қалыптасқан схемалық көрінісінің лексемасы.

[КӨЗІНЕН БАСҚА ОЙЫ ЖОҚ] - ешбір нәрсеге қызықпайды, еш нәрсені ойламайды, барлығын ақыл таразына салмайды.

Ал Шәкәрім өз туындыларында оны былай суреттейді:

Дене жеңсе, *түпсізге қызығамыз*,  
Жан билесе жаманнан қалмақ аман[5,128 бет].

[ТҮПСІЗГЕ ҚЫЗЫҒУ] – мағынасы жоқ, пайда әкелмес, шегі жоқ, жамандыққа үйретер, жақсылықтан жирентер істерге қызығу.

Шәкәрім Құдайбердиевтің түсінігінде «тән - нәпсі» моделінде «нәпсі» жәдігөй кейпінде суреттеледі.

*Бас алуға жаралған бір жәдігөй,*  
Өткір қылыш секілді уға малған [5, 259 бет]

[БАС АЛУҒА ЖАРАЛҒАН БІР ЖӘДІГӨЙ] – біреуді алдап, сиқырлап, өз ырқына көндіріп, өлім жазасына ұшырату, өлтіру. Бұл – ақынның «тән - нәпсі» когнитивтік құрылымында қалыптасқан фразеологизм.

Ақынның поэтикалық мәтінінде «тән - нәпсі» моделіне байланысты қалыптасқан схемадағы лексеманың көрінісі төмендегідей:

«Періште алтын көрсе жолдан таяр»,  
Қу нәпсі мал көрген соң жеңді бойды [16, 215 бет].

[ҚУ НӘПСІ] – алдап - арбайтын, арамдыққа баулитын, жақсылықтан жирендірер, залалкес, жанның сипатын жоғалтуға себепкер болар нәпсі.

[БОЙЫН ЖЕҢУ] – бұл жерде нәпсінің мал көрген соң, байлық көрген соң, соған қызығып, құмары артып, тәнді, жанды өз еркіне көндіргені, өзіне баурап алғаны жайлы ой қозғалған.

Дана Абай да қу нәпсінің бойды жеңгені туралы сөз еткен болатын.

*«Қу нәпсісін тыя алмай,  
Атым шығып жүрсін деп,  
Берекеге қас болса,  
Желіктірген айтаққа,  
Арақ ішпей мас болса»* [16,41 бет].

«Тән» когнитивтік құрылымына байланысты қалыптасқан қаламгердің шығармаларындағы сценарийлік құрылым көрінісі төмендегідей:

*Әкесі жан, шешесі дене болып,  
Көңіліміз сол себептен екіталай...  
Дене жеңсе, түпсізге қызығамыз,  
Жан билесе жаманнан қалмақ аман* [28, 106 бет].

Ақынның пікірінше, тән - анасы, жан - әкесі. Біз бірде жақсылықты іздеп, бірде жамандықты іздейміз. Бұл әрекетке баруымыздың себебі - дене жанды жеңіп, мәнсіз әрекеттерге, арамдыққа, надандыққа итермелейді. Ата-ана өз баласына ешқашан да жамандық ойламайды, сол секілді жан мен тән әке мен анадай болса, онда адам жамандыққа бет бұрмас еді. Адамды жан билесе, онда ол «жамандықтан жиреніп, жақсылықты үйренер» еді.

Ақынның поэтикалық мәтінінде дене мен бояу, яғни мақтан арасындағы сюжет негізінде ақынның когнитивтік құрылымындағы «тән» концептісінің сценарийі танылады:

*Пәни дене бояуға ақ мақтанады,  
Жан төзбейді, сол үшін сақтанады* [28, 106 бет].  
*Бас көзімен қарасаң – нәпсі жалған,  
Бір сұлу қыз сықылды жұрт танданған.  
Анық ақыл көзімен қарағанда,  
Өзін бере қалыңға ол қызды алған* [5, 259 бет].

«Өзін қалыңға берер» нәпсінің мәні, одан адам қашып құтыла алмасы көрініс тапқан: «Өлмей адам осыдан құтылар ма, Неге қылып жүргеміз өлімді арман?» [5, 259 бет].

Ақын адамның шоқынар нәрсесінің бірі ретінде «нәпсіні» көрсетеді:

*Қанша жарық нұр құйсам,  
Хақиқаттан сыр құйсам,  
Өршеленер су құйсам,  
Нәпсі деген оты бар* [28, 145 бет].

Абай да, Шәкәрім де тән құмарлығы туралы ой қозғағанда, надандыққа тоқталып кетеді. Екеуі де тән құмарлығына салынған адамды «надан» деген. А. Құнанбаев «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» деген өлеңінде:

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.  
Жеке –жеке біреуі жаратпайды,*



Жол да жоқ *жарыместі* жақсы демек [16,77 бет].

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңінде оған енді «пысық» деген ат қояды.

*Пысық деген ант шықты.*

Пысық кім деп сұрасаң... –

Өтірік арыз көп берсе,

Көргендерден ұялмай...

Өтірік, өсек, мақтанға

Ағып тұрса бейне су [16,40 бет].

Яғни надан адам пысық теңдес. Ол өтірікті де соға алады, оның шаруаға да қыры жоқ, өсек, өтірік, мақтанды ғана біледі. Ол нәпсі «ауруына» шалдыққан.

Ал Ш.Құдайбердіұлы болса, «Ашу мен ынсап» деген өлеңінде надандық туралы мынадай ой түйеді:

- «Ел саңырау, надан ғой,

Естіле ме құр айғай,

*Емделмеген адам* ғой,

Ем бола ма құр ойбай [5, 76 бет].

Абай 38 қара сөзінде надандықты адам баласын қор қылатын нәрсе ретінде көреді:

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық... Надандық– *білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп қоймайды*» [23,367 бет].

Шәкәрім де бұл ойды құптаған. Адамның ғылымға қызығушылығы болмаса, ғылым жолын қумаса, ол надан болады. Шәкәрім одан да зорын айтқан. Ғұлама ғылымсыз, надан адамды айуанға теңейді:

*Ғылымсыз адам – айуан,*

Не қылсаң да, ғылым біл.

Ғылымға да керек жан,

Ақылсыз болса, ғылым тұл [16,193 бет].

Өнері жоқ, ғылым жоқ,

Партия қуған көп надан.

Адам улап, жеген боқ,

Іші – айуан, сырты – адам [16, 60 бет].

Адам баласы адам болып жаратылғасын ғылыммен байланыс жасауы тиіс. Ғылымсыз адамдар тән жағынан адамға жақын болғанмен, жан жағынан айуанмен тең болады.

Шәкәрім Абайдың ойларын одан әрі өрбіткен. Шәкәрімнің туындыларында «надан» ұғымы мынадай тіркестер арқылы таңбаланады: «*айуан мал*», «*емделмеген адам*», «*ақылы жоқ, малы көп*», «*шын надан*», «*шикі надан, ақылы жоқ*», «*Ей, надан, мас*», «*тым ұғымсыз, екенсің, ақымақ нас*», «*көңлің соқыр, надансың, бейлің қара*». Ал Абай надан адамдарды «ақ көзді» көреді:

Оқыған білер әр сөзді,

*Надандай болмас ақ көзді.*

Надан жөндіге жөн келмей,  
Білер қайдағы шәрғезді...  
Татымды ештеме болмас,  
Адамсып босқа талтаңдар [16,64 бет].

Адамға көру мүшесі ретінде көз берілген. Адам көзінің қарашығы арқылы көреді. Ал ақ көзді болса, қарашығы болмаса, ол қайдан көрсін? Ойшыл надан адамдарды адамзат баласы ретінде қарастырмайды. Оны адамға ұқсағысы келетін, «адамсып босқа талтаңдайтын» хайуанның бірі ретінде қарастырады.

Жоғарыда мысал ретінде берілгендерді талдай кетсек, мынадай қорытындыға келеміз.

1. Надан адамды «толық», «таза» адам қатарына жатқыза алмаймыз.

Абай оларды «жарымес» десе, Шәкәрім «емделмеген адам» дейді. Яғни, олардың жаны да, тәні де сау емес. Жарымес адамдар мен емделмеген адамдардың жаны таза емес, олар нәпсінің жолын қуғандар.

2. Надан адам деген білімнен, ғылымнан хабары жоқ адам.

Абай адамдардың бұл қасиеті күллі адамзатты қор қылады десе, Шәкәрім одан да тереңірек барып, оларды айуанмен тең еткен. Шынымен де, жануарлар болсын, адамзат болсын, барлығы да – тіршілік иесі емес пе? Адамның хайуан затынан басты айырмашылығы – оның санасы. Адамзат сол ақылының, санасының арқасында бүгінгі күнгі кереметтерге ие болып отыр. Ендеше, ғылымды білмеген адамды айуан демей, не дейміз?

Надандық – адам бойындағы жағымсыз сипатты білдіретін құбылыс. Шәкәрім надандық неден бастау алатынын, нені жолатынын философиялық лирикасында анық ашып берген.

Надандықтың апарар қисық жолы көп. Абай да, Шәкәрім де тәннің құмарлығы ретінде, еріншектікке апарар жол ретінде надандықты таныған. Еріншек деген кім? Ғылымға жүгінейік. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» сүйенер болсақ, «ЕРІНШЕК - кежір, жалқау, бойкүйез» деген мағынаны береді [ҚТТС, 236 бет] [29,236 бет].

Абай еріншектікті «бес дұшпанның бірі», «күллі адам баласын қор қылатын нәрсе», «арсыздық белгісі», «күллі дүниедегі өнердің дұшпаны», «кеселді жалқау» деп танып, одан «талапсыздық», «жігерсіздік», «ұятсыздық», «кедейлік» шығатыны туралы ескертеді.

Шәкәрім Құдайбердиевтің поэтикалық мәтініндегі «Еріншек» сөзінің тілдік бірліктері: «қара жүз», «харекетсіз көп надан», «рахымы жоқ жәдігөй», «еріншектіктен - салақтық», «бір уыздай келіншек», «қорғалақ».

Еріншек адам қандай болады? Абай оны 6 қара сөзінде былай суреттейді: «Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,  
Әзір тамақ, әзір ас,  
Сыртың – пысық, ішің – нас,  
Артын ойлап ұялмас, –

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық» [16, 315 бет].

Абай туындыларында еріншектер әзір тамаққа үйренген, адал еңбекті жақтамайтын, сырты пысық болғанымен, іші сасық, артын ойламайтын адамдар кейпінде суреттеледі.

Ж.Дәдебаев «Адамның бес дұшпаны» атты мақаласында Абайдың өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ деген дұшпандары туралы сөз етеді.

Абайдың еріншектігі туралы ғалым: «Еріншек тәннің құмарлықтарынан тікелей тумайды. Құмарлықтың қандайы болмасын құмар болған нәрсеге қол жеткізу үшін ләззатқа бөленуге ұмтылады. Бұл әрекеттер жүзеге аспаса, ләззаттану да, тояттау да болмайды» [30, 11 бет].

Ойшыл:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз [10, 31 бет], деп тегін айтпаған

болар.

Абай өзінің 38 қара сөзінде «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» деп ой тұжырымдайды [16, 381 бет]. Яғни еріншектік надандыққа әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұл ойды Шәкәрім де дұрыс деп таныған:

Еріншектіктен – салақтық,  
Салақтықтан – надандық.  
Бірінен –бірі туады,  
Жоғалар сүйтіп адамдық [5, 123 бет].

Ғалым Тұрдықұл Шаңбай «Шәкәрімдегі ұғым мәдениеті» атты мақаласында надандықты тілге тиек етеді. Ол бұл мақаласында Шәкәрімнің надандық туралы ойларынан сыр шертеді. Ғалым оған мынадай түсініктеме береді: «Надандық – еріншектіктен бастау алып, адамның адамдық қасиетін толық жоятын әлеуметтік індет екенін айтқан. Адам бойындағы надандық сияқты кесапатқа жол ашып беретін еріншектікті баланың бойына ертерекке байқамай кететін үлкендер. Оны ғылым анықтаған. Мәселен, баланың әр нәрсеге ұмтылып, құштарлық танытқан сәттерінде үлкендер тарапынан ретсіз тыйып тастап отыру немесе тым еркінсітіп, әлпештеу еңбекке, білімге құлықсыз еріншектердің өсіп шығуына түрткі болады. Еріншектік зорайып өскенде, арты надандыққа бастайды» [9,59 бет].

Екі данышпан да еріншектіктің әкелер жолы надандық екенімен толық келіскендей. Бірі оны күллі өнердің дұшпаны деп білсе, бірі оны надандықтың досы деп біледі.

Абайдың танымы бойынша, еріншектік – адамға дұшпан «бестің» (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ), ақыл мен ғылымды тоздыратын «төрттің» (уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, бір қайғыға салыну, бір нәрсеге құмарлықтың пайда болуы), адам баласын қор қылатын «үштің» (надандық, еріншектік, залымдық) бірі, күллі дүниедегі

өнердің дұшпаны. Сондай-ақ әуелі – құдайдың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың бәрінің дұшпаны да сол [30,12 бет].

Ойшыл «еріншек жалғыз жүрмейді» деп есептейді. Оған оның «Сабырсыз, арсыз, еріншек» атты өлеңі мен 3 қара сөзі дәлел.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсен қызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан алауыз [10,40 бет].

Бұл ойларын 3 қара сөзінде онан әрі өрбіте түскен: «Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» [10, 309 бет].

Яғни жалқау адам қайратсыз болады, одан кейін мақтанға салынады, мақтанамын деп жүріп, ақылынан айырылады, одан надандыққа бет бұрады. Ақыры ең соңында жалғыз жан болады.

Шәкәрім ғұламаның бұл пікірімен де толық келіскендей. Оған «Хайуан мен ақымақтар» деген өлеңінде тоқталған:

*Жалқаулық, көрсекызар, ашу, мақтан,  
Арамдық, өтіріктен ерте сақтан.  
Күні бұрын жуытпа маңайыңа –  
Есер, есірік, ынжықтық солар жақтан* [5, 117 бет].

Еріншектік көрсекызарлыққа, ашуға, мақтанға әкеледі екен. Абайдың пайымдауынша, тек шаруаға ғана емес, ғылымды үйренуге де адам баласы ерінеді екен:

*«Саудагер несиесін жия келгенде «тапқаным осы, біттім деп, алсаң — ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді»* [23, 325 бет].

Абайдың танымы бойынша, адамзат өзінің ғылымды білуге құштар болмағанын, әлек болмағанын Құдайдың өзінен көріп тұр.

Адам еңбек ету керек, еңбек етпесе, өмірі алға баспайды.

Еңбексіз мал дәметпек – қайыршылық [23,288 бет].

Шәкәрім ойшылдың бұл идеясын «Еріншектіктен - салақтық» өлеңінде өрбіткен:

Еріншек таза жүре алмас,  
Кірі – қоңын жуа алмас.  
Харекет жоқ, ғылым жоқ,  
Өз бойынан ұялмас [5, 123 бет].

Еріншек ғылымы жоқтығына да, шаруаға жоқтығына да ұялмайды екен.

Шәкәрім еріншекті жанды құбылыс етіп суреттеген. Бұл «Ашу мен ынсап» өлеңінен байқалады:

Көзім түсті етіне –  
Бір уыздай келіншек...  
*«Әй, Еріншек, қара жүз...  
Харекетсіз көп надан.  
Рахымы жоқ жәдігөй,  
Қойып едің кімді аман? [5, 75 бет]*

Абайдың жүрек, ақыл, қайратты айтыстырған 17 қара сөзі бар еді, ал Шәкәрім ашу, ой, еріншектікті айтыстырған. Жоқ, Абай секілді ғылымға жүгіндірмеген. Барлығын да қайраты мен ойына негіздеп жасаған.

Еріншектікті «бір уыздай келіншекке» теңеген. Келіншек үйге жаңа түскенде, көп нәрседен хабардар болмайды, тек уақыт өте келе ғана үйренеді. Ақын «егер де оған «бір уыздай келіншек» ретінде қарасам, құмарым оянады, ал егер де бәрін ақыл таразысына салсам, қайтадан хақиқатқа көзім жетеді» деген тұжырымға келеді. «Рахымы жоқ жәдігөй» тіркесінің мағынасына тоқталсақ, жәдігөйдің басты мақсаты – амалын тауып, адамның басын сиқырлау. Еріншектік те солай, адамды қызықтырып, басын сиқырлап, өз қақпанына түсіреді. Ол қақпанды да ақын сөз ете білген:

Жас күнімде ерінтіп,  
Шала қалдым ғылымнан.  
Жау қолында керілтіп,  
Жеңілдірдің зұлымнан.  
Өмір – кесел, ұры, қар,  
Не табасың мұныңнан?[5, 76 бет].

Еріншек, шынымен де, адамның басын сиқырлаған, оның санасын жаулап алған. Адам баласы жас күнінде ерініп, ғылымнан алыстады, одан кейін еріншектің артынан еремін деп жүргенде, өмір оны тонады. Өмір оны ғылымнан да, жан байлығынан да айырды. Бірақ ақын еріншекке қарсы келіп, енді оған емес, ақыл – мизанға табынатындығын айтқан.

Еріншек, салақтық, надандық – адам болмысындағы азғырушы нәпсінің құрылымдық элементтері.

Ойшылдардың шығармаларында сабақтастық тапқан нәпсі отының бір көрінісі - мақтаншақтық. А. Құнанбаев қара сөздерінде де, өлеңдерінде де поэмаларында да бұл мінезге тоқталып отырған. Абай 21 қара сөзін тек осы мәселеге арнаса, Шәкәрім «Мақтау мен сөгіс» атты өлеңінде оның ойларын жалғастырған. Абай «Ескендір поэмасында» мынадай тұжырымға келеді:

Ақылсыз өзін *мақтап былжырайды,*  
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды? [23,285 бет].

Ақылсыз адам өзін мақтайды екен. Ақыл – жанның бір бөлшегі. Ол болмаса, адам жаны бар деу де қиын. Абайдың бұл ойын Шәкәрім тереңірек өрбіткен:

Мақтан үшін жан қалса ескерусіз,  
Дұрыс-ақ қой дейсіз бе осынымыз?

Іздегенін таба алмай кетсе зарлап,  
Жанның орны не болды, байқадыңыз [5, 129 бет].

Шәкәрім мақтанға салынған адамның жаны орын таппайды дейді. Бұл Абайдың 14 қара сөзін оқығанда түсінген тұжырымынан жазылған жолдар болар:

*«Әйтпесе құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі? [23, 323 бет].*

Абай мақтанға салынған адамды адам қатарына қоспаса, Шәкәрім оның жаны жай таппайды деген ойға келген.

Абайдың ақылсыз дегені сол жанының бір бөлшегі жоғалған адам болуы керек. Ондай адам тек бос мақтанға салынады:

*«Бос мақтанға салынып,  
Бекер кекірек керуге» [16,30 бет].  
«Мал жияды мақтанып білдірмекке,  
Көзге шұқып, малменен күйдірмекке» [23,218 бет].*

Ал Шәкәрім мақтан дегенді денеге жағылған бояу ретінде көрген:

*Анық қара: жан – өзің, дене – киім,  
Мақтан, бояу – денеге берген сыйың.  
Жанға мұндай алдауың азық емес,  
Оған пайда не қылдың жалғыз тиын? [5, 129 бет].*

Адам баласы денеге мақтан, бояуды сый қылып береді екен. Бояу денеге жағылғанмен, ол ұзақ тұрмайды, судың әсерінен оны денеден арылтуға болады. Сол секілді мақтан жанда ұзақ тұрақтай алмайды.

Абай оны «бес дұшпанның бірі» деп қарастырған. Біреу мақтаған кезде оған сенбеу керек. Себебі, «ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп, бұл күнде көп ешкімді мақтамайды» [23,218 бет]. Абай мақтанға не себепті сенбеу керек екенін былай түсіндіреді:

*Сенбе жұртқа, тұрса да қаниша мақтап,  
Әуре етеді ішіне қулық сақтап...  
Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,  
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.  
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,  
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе? [16, 188 бет]*

Ал Шәкәрім:

*«Дос мақтайды сен жақсы көрмек үшін,  
Дұспан мақтар елерте бермек үшін.  
Есептемей есірік елің мақтар,  
Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін» [5,90 бет],*

деп ой тұжырымдайды.

Жұрт мақтаса, сенбеу керек екен. Досың өтірік мақтайды, дұшпаның сені одан да әрі еліртпек үшін мақтайды. Абай мен Шәкәрімнің философиялық

байламдарының мәнісі мынада: мақтанға сеніп, өзіңді алдап, нәтижеге қол жеткізбейсің.

Абай мақтаншақтық туралы мынадай ой қозғайды: «Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы - қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін... Екінші, мақтаншақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді» [23,127 бет]. Яғни мақтаншақ адам жақсы жағын ғана айтса екен дейді, өзі сын көтермейді. Бірақ «сын түзелмей, мін түзелмес». Адам баласы сынды қабылдай білуі тиіс. Шәкәрім де бұл пікірмен келіскен:

Біреу сені мақтаса, қуанасың,  
Жамандаса, жабырқап, суаласың.  
Мақтаған кім, сөккен кім – онда ісің жоқ,  
Бәрі – бір, сен де елерме дуанасың [5,90 бет].

Шәкәрім танымында мақтаудың үш түрі бар: *достың мақтауы, дұшпанның мақтауы, елдің мақтауы*. Олар не үшін мақтайды, оған да Шәкәрім жауап тапты. Бірақ олардың пайдасы жоқ екенін тілге тиек етті:

*Дос мақтаса, не пайда онан саған,  
Дұшпан сөксе, не кемдік көрдің жаман?*  
Шын сөзбенен мақтаса, иә боқтаса,  
Мақтау пайда, зиян ба жамандаған?  
Әділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын,  
Солар сөкпес іс қылар жолды көксе [5,90 бет].

Шәкәрім танымы бойынша, әділ жүрек пен таза ақылды тірек етсең, мақтанды ажыратуға, оны жеңуге болады. Абай бір өлеңінде жүрекке бағыну керек екенін жырласа, «Ескендір» поэмасында орынды ақылға береді. Ал Шәкәрім екеуін біріктіре білген. Абай «Сенбе жұртқа тұрса да, қанша мақтап» өлеңінде жүректі қолдаған:

Жүрегіңе сүңгіде, түбін көзде,  
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме [16, 188 бет].

Ал Ескендір поэмасында басты орынды ақылға берген:

Мықтымен деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң, *өзіңнің нәпсіңді жең* [23, 283 бет].

Ақыл білетін адам, мақтанбай, нәпсінің отын сөндіруге тырысады.

Шәкәрім мақтаудың үш түрін атап өтсе, Абай мақтаншақ адамдардың үш түрін атаған: «Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол - надан, ләкин надан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол - наданның наданы, ләкин өзі адам емес... Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді» [23,127 бет]. Ойшылдың бұл ойын қорытындыласақ, «өзге кісі

қостамайтын мақтанды іздеген, өзі мақтанды іздеген адамды адам қатарына жатқызуға болмайды»

Абай дүниетанымында мақтаншақтыққа салынған адамдар надан екен. Бірақ та толық надан емес. Бірі - жартылай надан, бірі надан болса да, адам, бірі наданның наданы екен. Мақтаншақтық, Абай танымында, шайтанның ісі:

*Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі,  
Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз [16,213 бет].*

Бұл ойын Шәкәрім де қолдаған:

*Сайтан мен ойнас жүрегі,  
Пайда мен мақтан – тілегі [10, 82 бет].*

Сайтан жанның жауы екені аян. Ойшылдардың бұл ойы «адам баласының жүрегі сайтанмен ойнап, нәпсісін тыя алмай, шайтанның артынан ерсе, істеген істері өңбейді» деген пікірге саяды.

Мақтаншақ адамдарды тәуір түгілі, адам қатарына қоспаған Абай 14 қара сөзінде «Әйтпесе, құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кекен кісі, тәуір түгілі, әуелі адам ба өзі?» [23, 323 бет] деп пайымдайды. Жан мақтаншақтықты азық ете алмайды. Жанның азығы ретінде жүрек, ақыл, арды қарастырады, мақтан олармен бір қатарда тұра алмайды.

Арамдық та нәпсінің отының бірі болып табылады. Арамдыққа нәпсі құмарлығының қатарынан орын беру – Шәкәрім танымының ерекшелігі. Абай да арамдықты жырлады, оның адам жанын кірлететіндігін сөз етті, бірақ дәл Шәкәрімдей ешкім де жырлай алмады.

Шәкәрім Құдайбердиевтің пікірінше, зұлымдықты қоздырушы, тудырушы себеп – жан дейді. Жан зұлымдық жасаймын деп жасамайды, ол өзінің тұрағы тән қамы үшін жасамақ. Ақыл мен Жанның (Тән үшін) жасаған істерінің зұлымдыққа бастап кетуі әбден ықтимал. Сол кезде тіршілікке қиянат басталады. Қиянат тіршіліктің тіршілік қалпын сақтау үшін болмақ. Жан өздігінен арамдық жасамайды, оны кірлететін- тән. Одан шығар жол тек біреу. Ол – таза еңбек.

«Арам - айла» моделінің фреймдері «айла», «айламен аяғыма бұғайын деп», « ар кетіріп ант ішіп», «өмір - құ»; «дүние - алдамшы»; «қу»; «құлық»; «өңкей құ»; «құладындай құ»; «өңкей ит»; «шайтанның досы»; «жүз құбылып, құланып, жылпалақтап»; «алдампаз»; «әрі арам, әрі ысырап, бір былғаныш»; «арыңды сатып адамға»; «дұспан»; «жалмауыз, бәрі алдағыш»; «алдамшы, арсыз жындар бар»; «ақ жүрек атын тағынған»; «арсыз»; «ақты қою»; «жан сату»; «айлакестік»; «хайуан», «зиянкес» секілді лексемалар арқылы танылады.

Арамдық – айуан. Арамдық өздігінен жасалмайды. Ол өздігінен болатын құбылыс емес.

«Арамдық - айуан» моделінің фреймдері «адамның айуаннан айласы мол»; «адамзат – айуанның арам, насы»; «адам – залым, әлемге жау»; «жәдігөйлер жайтаң»; «айла, күш – айуандықтың ең жаманы»; «қит



*етсе, қиянатқа қояды қол»; «адамды аң орнына атасың»; «залалкес хайуан»; «сырты – адам, іші – шошқа, сұм»* секілді лексемалар арқылы танылған.

Ақын арам адамдарды суреттеуде метафораларды ерекше қолдана білген:

*«Құмары – қулықпенен жығайын деп,  
Айламен аяғыма бұғайын деп»* [28,21 бет].

деген лексема арқылы танылады. «Құмары – қулықпенен жығайын деп» деген лексема «арамдық» когнитивті құрылымы негізінде қалыптасқан метафора. Өмірде қатты қиыншылық көрмеу үшін, өз көздегеніне жету үшін, нәпсінің құмарлығына көніп, соның ырқына көніп, өз қулығын жүзеге асыру арқылы көздегеніне жету.

*«Алдамшы, арсыз жындар бар.*

*Олар – жәдігөйлер жайтаң,*

*Ойды улатып,*

*Көзді байлап жүрген қу сайтан»* [10, 131 бет]

«Алдамшы арсыз жындар – жәдігөйлер жайтаң», «Алдамшы арсыз жындар – көзді байлап жүрген қу сайтан» метафораларының мағынасы: арам, алдамшы адамдар жәдігөйлер секілді, өзгелерді сиқырлап, алдап, арбап, өз ырқына көндіреді. Олар сайтан секілді ойды улатып, ақылдан адастырып, арамдықтарын іске асырады.

*Ақылсыз мал мен мансап кім екенін*

*Сырты – адам, іші – шошқа, сұм екенін»* [10, 16 бет].

«Сырты - адам, іші – шошқа». Бұл жерде символды байқаймыз. Шошқа мұсылман халқы үшін арамдықтың символы ретінде танылады. Шошқа барлық мұсылманға, тиісінше бар қазаққа харам етілген.

Ақынның поэтикалық мәтінінде «арамдық» ұғымын жақсы таратылған.

*«Ақылды сол – ынсап пен ар сақтайды,*

*Арсыз сол – арамдықпен жан сақтайды»* [10, 16 бет].

[АРАМДЫҚПЕН ЖАН САҚТАУ] - арамдықтың, зұлымдықтың, қулықтың, айуандықтың арқасында өмір сүру.

*Ақты қойып, арамды әдет етсек,*

*Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма? [10, 16 бет].*

[АРАМДЫ ӘДЕТ ЕТУ] - қулыққа, айлаға, арамдыққа көңіл бөліп, соған әбден үйреніп, оны дағдылы іс – әрекетке айналдыру, нәпсінің құмарлығына берілу, нәпсінің ырқына көну.

Ақынның пікірінше, арамдықты мақсат еткен адамның орны - тозақта.

[ДЕНЕНІҢ ДОЗАҚҚА ЖАҒЫЛУЫ] – діни. Арамдықты пір тұтқан адам, есеп берер күні Алла алдында жауап береді. Тозақ бар болса, ол өзінің істеген күнәсі үшін сол тозақ отына түседі.

*Бір күн біреу жалғанмен жүр құтылып,*

*Біреу жүр айламенен үзіп – жұлып [10,19 бет].*

[АЙЛАМЕНЕН ҮЗІП ЖҰЛУ] - амал мен айланың арқасында өзгелерді алдап, арамдықпен өзгелерді жеп, өзгелерден үзіп – жұлып, өзгелерді зұлымдықпен баурау.

«Арамдық» ұғымын сипаттауда оның бейнесіне, оның іс – әрекетіне, өзіндік ерекшеліктеріне аса мән берген ақын:

«Бір күн біреу жалғанмен жүр құтылып,  
Біреу жүр айламенен үзіп – жұлып...  
Бір желіксе, кетеді тым құтырып,  
«Жығылған жан күреске тоймас» деген,  
Қарта ойнаған кісідей күнде ұтылып [28,39 бет].

деген философиялық байламға келген.

Ақын дүниетамына сүйенер болсақ, бір рет арамдық істеген адам, оны екінші рет қайталауға тырысады. Және де тоқтай алмауы мүмкін. Ақын арамның бұл іс – әрекетін жығылған жанның әрекетіне, қарта ойнап, күнде ұтылған кісіге теңеген. «**Жығылған жан күреске тоймас**» деген лексема ұлттық мәдени танымда қалыптасқан мақал – мәтел болса, «Қарта ойнаған кісідей күнде ұтылып» деген лексема – теңеу категориясы.

Шәкәрім нәпсі отының бір көрінісі ретінде арамдықты сипаттауымен ерекшеленсе, ұстазы Абай нәпсі отының бір бөлшегі ретінде тойымсыздықты таныған. Тіпті халыққа тойымсыздықтың көпке апармайтынын жеткізу мақсатында «Ескендір» поэмасын жазған десек артық айтпаспыз. Ол Ескендірдің іс – әрекеті, қателігі мен Аристотельдің даналығы арқылы тойымсыздықтың қайда апаратынын пайымдай білген. «Елде алмаған ханы жоқ, алған сайын араны тоймайтын, ханның ханы, патшаның патшасы» аталуды меңзеген Ескендірдің елсіз шөлге түсіп, бекітулі қақпаға жолығу сюжеті шығармада жақсы өрбіген.

Ескендір қақпадан лақтырылған орамалдан адамның сөз сүйегін көреді. Сүйекті таразыға салып, алтын, күміспен салыстырса да салмақ жағынан сүйек басып озды. Тек жердегі топырақ қана сүйек салмағынан аса алды. Абай Аристотель арқылы бұның мәнісін былай түсіндіреді:

Бұл – адам көз сүйегі, - деді ханға.  
Тоя ма адам көзі мың мен санға?  
*Жеміт* көз жер жүзіне тоймаса да,  
Өлсе тояр, көзіне құм құйылғанда [23, 284 бет].

Абай осылайша Аристотель арқылы дүниебайлық пен мансап – билікке келгенде, тойымсыз араны ашылып кететін жеміт – жалмауыз жандарға өз бағасын береді [31, 74 бет].

Ойшылдың пайымдауынша, «адам қанша тірі жүрсе де, өлген күні оның көзі өзгелермен бірдей болады» екен [23, 284 бет]. Абайдың бұл ойын «адамның осы дүниеде тәнін жерге тапсырып, жаны биікке көтерілген күні жеміт көзі тоймай жинаған байлығы да, санның (ақшаның) артынан қуып жүріп, жинаған дәулеті де ешбір пайда бермейді, себебі оларды сен о дүниеге әкете алмайсың» деп түсінгеніміз жөн болар.

А. Құнанбаев та, Ш.Құдайбердіұлы да жан мен тәнді суреттеуде өзінше ерекшелік танытты. Шәкәрім Абайдың ойларын өрбітті. Абай Шығыс философиясынан сусындап, өз ойларын шығармалары арқылы жеткізгісі келді. Бірі қара сөзімен, бірі өлеңдерімен жанның байлығы мен нәпсінің отын

түсіндіруге ұмтылғанмен, екеуінде де рухани сабақтастық бар екені анық байқалады.

Шәкәрім мен Абайдың жан мен тән тақырыбы төңірегінде сабақтасып жатқан туындылары:

- Шәкәрімнің «Тіршілік, жан туралы» шығармасы Абайдың «Көк тұман – алдыңғы келер заман» өлеңі және 7 қара сөзімен сабақтасып жатыр;

- Шәкәрімнің «Мақтау мен сөгіс» өлеңі мен Абайдың 21 қара сөзі;

- Шәкәрімнің «Айна қойдым алдыма» өлеңі мен Абайдың «Ішім өлген, сыртым - сау» өлеңі;

- Шәкәрімнің «Талап пен ақыл» өлеңі мен Абайдың 17 қара сөзі;

- Шәкәрімнің «Адамның ең жақсысы» өлеңі мен Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас»;

- Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңі мен Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі;

- Шәкәрімнің «Ақылдегенөлшеусізбіржарықнұр» өлеңімен Абайдың 43 қарасөзі, «Жүректе қайрат болмаса» өлеңі;

- Шәкәрімнің «Адамнан артық жандық жаралмаған» өлеңі мен Абайдың «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек»;

- Шәкәрімнің «Үш анығы» мен Абайдың 38 қара сөзі;

- Шәкәрімнің «Анық пен танық» өлеңі мен Абайдың 27 қара сөзі және тағы басқалары

## 2 АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ МЕН ШӘКӘРІМНІҢ «АР» ІЛІМІ – ЖАН МЕН ТӘННІҢ ТІРЕГІ

### 2.1. Ақыл мен жүрек тақырыбы төңірегіндегі А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиевтің үндестігі

А. Құнанбаев та, Ш. Құдайбердиев те адамның «толық» болуы үшін қажет қағидаларды жырлады. Әр түрлі философиялық байламдар жасады. Бірі оны «толық адам» ілімінде дамытса, бірі «ар» ілімі арқылы адамзат санасына жеткізбек болды. Адамның «адам» болып қалыптасуы туғаннан басталатыны анық. Бірақ, адам мен Абай айтқан «толық адам» деген екі түрлі ұғым екенін ескерткен жөн. Абайдың «толық адамын», «кемел адамын» зерттеген ғалым М.Мырзахметұлы ілімнің 17 қарасөзі мен «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек» деген өлеңдерінен бастау алатынын анықтаған. Абайдың пікірінше, «толық адамға» тән қасиеттердің көрінісі төмендегідей:

1) Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау;

2) Иманды болу: ««Иман деген – Алла табарақауа тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығынауа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уәсәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, иланбақ» [23, 292 бет].

3) Аллаға шын жүректен сену.

4) «Имани гүл»: 1) Алланы сүю; 2) «Бауырым» деп адамзаттың бәрін сүю;

3) Әділеттілікті сүю;

5) Үш сипатты қалыптастыру: «ақыл, рақым, әділет», яғни «жәуанмәртлік»;

6) Ғылым – білімді үйрену.

Абайдың ойынша, адамның ақылдылығы, тәрбиелігі, саналығы дүниені зерттеумен, оның ішкі сырын білумен тығыз байланысты. Қоршаған ортаны тану, ақиқатты білу, ғылымды меңгеру- адамға тән қасиет. Абайдың «толық адамды» 4 топқа бөліп қарастырған:

1) Кәміл мұсылмандар

2) Хакімдер

3) Әулиелер

4) Пайғамбарлар.

Әрбіреуінің өзіндік ерекшеліктерін көрсеткен. Ғалым М.Мырзахметовтың зерттеуінше, Абайдың «толық адам» туралы о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен басталып, ақынның осы өлеңдегі «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылатыны бар [32, 95 бет].

«Абайға Шығыстан кірген бұйымдардың басы Ислам діні» деп М.Әуезов атап көрсеткендей, Абай шығармаларындағы исламият мәселелері туралы біршама жазылып та, айтылып та келді десек те, зерттеліп болды деуге негіз жоқ.

Абай творчествосын М.Әуезовтің зерттеу еңбектерінен кең түсініп, тыңнан зерттеу мүмкін емес. Асылы мұра Мұхтар заманы ері бермесе де, «Абайдың исламиятқа қатысы» туралы астарлы тұжырым, көңілге қонымды

қорытынды ойларын әр кез аңғартып отырған. Қанатты сөздей: «Абай діні – адамгершілік діні», «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген пікірлерге бір сәт ой жүгірте қарасаңыз, көп жайтты ұғуға болады.

Ал, Абай дінінің «сыншыл ақылдың шартты діні» болатын себебі, оның «сенімі», мұсылманшылығы әлде қайда жоғары тұрған «сауатты» сенім екендігінде. Ақынның өз сөзіне жүгінсек, «ғақли иман» деуге болады. Өйткені, ол дінді, Исламды, иманды, оның шарттарын, мораль, тәрбие, адамгершілік қасиеттердің барлығын құр соқыр сенім арқылы емес, сыншыл ақыл арқылы қабылдамайтындығында [32, 58 бет].

«Абай -хәкім» деуге толық хұқымыз бар. Өйткені «Хакимдер дүниеде тиетін пайдасын сөйлейді, ғибрат көзімен қарағанда, екісі де бірінен –бірі көп жырақ кетпейді. Аның үшін әрбірінің сөйлеуі, айтуы басқаша болса да, Алла тағаланың сұңғатына қарап пікірлемекті екісі де айтты». Абай өлеңдерінің көбі «сыншыл –ақылдың шартына» құрылуына қарапайым ғана дәлел сияқты.

Ақынның қай өлеңін алсақ та, астарлы ой тізбесінен, идеясынан адами асыл қасиеттерді (ар, ұят, намыс, иман, ақыл, білім, ғылым және т.б.) бойына дарытаалмаған ел-жұртты сынаған немесе адами рухты сіңіріп өсу керек деген ойды оқимыз. Мысалы: «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» өлеңінде:

...Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,  
Бұл жұртты, қойған жоқ па құдай атып?...

Немесе,

...Сұм сұрқия, қу, білгіш атанбаққа  
Құдай құмар қылыпты қалжыратып [16, 17 бет]

деген жолдары ақынның көп ісіне шарасыз күйін наласын байқатады. Адал еңбекпен, мандай термен емес, байларды аңду, оның малынан дәме қылып сұғанақ сұғын қадаған көпті сынға алады.

«Патша құдай, сыйындым» өлеңінен:

...Патша құдайы сыйындым  
Тура басты өзіңе...

Немесе,

...О да-құдай пендесі,

Тәңірінің құрған тезіне? - деген жолдарды оқуға болады [16, 27 бет].

Бұл өлеңнен «Туралық, әділдік жол, тек құдай жолы» деген ұғым танылады. Және «О да құдай пендесі», бұл діни тұжырым, қағида ретінде қалыптасқан таным. Себебі пендені жаратқан құдай деп, барлық дінде ұғынылады. Келесі жолдардағы мағына да діни түсінік бойынша «Тәңірінің тезі» адам жаны тәнінен бөлінген соң (махшарда) о дүниеде жауап алады-мыс. Сонда әрбір адам бұл дүниеде (фәниде) істеген іс –әрекетіне есеп береді деген діни дүниетанымнан шыққан болса керек. Абай осы түсінікті нақты өмірде болатын «замана, шаруа, мінез күнде өзгерер» тіршілікте де қатаң сақтауды талап етеді. Іс-әрекетке, ішкі рухани дүние – «иман жүзі» сай болу керек дегенді айтады. Ол үшін «толық адам» немесе «кәміл мұсылман» болудың шарттарын айтады [33, 60-61 бет].

Абайдың «толық адамын» ілімін Шәкәрім «ар ілімі» деп таныған.

Ойшылдың «ар» ілімін Мырзагелді Кемел, Есім Ғарифолла, Досым Омаров сынды ғалымдар зерттеп, оның философиялық байламдарының мәнін ашқан болатын. Ғалым Мырзагелді Кемел Шәкәрімнің «ар» іліміне «Шәкәрімнің «ар» ілімі» атты арнайы еңбек арнаған.

**Ар ілімі.** Шәкәрім өз шығармаларында «ар ілімі» деген терминді қолданған. Ол «ар» сөзін «совесть» деп тәржімалаған. Ар дегеніміз не? Ол - тек адамға ғана қатысты түсінік. Михаил Лермонтов: «Адам ісіне құдаймен бірге төреші бір нәрсе бар, ол - ар» деп айтқан. Абай аудармасында ол өлең былайша келтірілген:

Менің сырым, жігіттер, емес оңай,  
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!  
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,  
Қазысы оның – арым мен бір – ақ құдай [16, 134 бет].

Философ Ғарифолла Есімнің айтуынша: «арлы адам, алдымен, құдайына қараған, құдай мақұлдамайтын іске бармайтын адам. Ар – әр адамның өз ісінің төрешісі». Ғ.Есім: «Құдай құратын «сотқа» дейін адам өзінің арының алдында жауап бермек» дейді.

«Шәкәрім» энциклопедиясында А.Тоқсамбаева: «Ар – адамгершілік сана, этика – философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым – өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар», – дейді [34, 50-52 бет].

Ар – адамдық сананың негізі деп: «ар түзер адамның адамдық санасы» деген өлең жолдарымен Шәкәрім де айтқан. Шәкәрім ар, ұждан, ұятты бірлікте қарастырған.

Шәкәрім «Ашу мен ынсап» атты өлеңінде «ар» сөзін бірнеше рет қайталаған:

Көп наданнан жасқанып,  
Сорлың елге бас ұрған.  
*Рахым, Ұят, Арының,*  
Бетін топырақ жасырған [10, 27 бет].

Және де:

Дайын қылдым бәрін де,  
– *Сақтық, Ұят, Рахым, Ар,*  
Ынсап деген кәрің де [10, 28 бет]

Бұл өлеңде ар адам бойындағы ашу–ызаға қарсы, ынсапқа жақтас қасиет ретінде көрініс тапқан.

«Жастық туралы» деген өлеңінде:

Қарамай ұят, арына,  
Жанды қиып жарына [10, 7 бет], – дейді.

Шәкәрім өлеңдерінде, аудармаларында ар тазалығы, имандылық, адамгершілік мәселелерін жиі көтереді.

*Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?*

Быт – шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?  
Көз жұмып, «көппен көрген ұлы той» деп,  
Береді бұл надандық кімге пайда? [10, 18 бет]– депті

қазаққа Шәкәрім.

Шәкәрім ар түзейтін ғылым жағында. Ол «ар білімін» жақтайды. Соның аты озғанын қалайды. Ол «Таза ақыл», «ақ жүрек» деген жай бір қыңыр кеңес емес, адамгершілік философиясынан тарайды. «Мылтық билеп тұрғанда, әділет жоқ» деген құнарлы пікірге келеді. «Жиырмамыншы ғасырдың адамынан, Анық таза бір елді көрмей өттім» дейтіні де сондықтан.

Ар ұғымының мәнін қарама – қарсы арсыздық ұғымын қолдану арқылы ашуға болады. Ар адам бойындағы алғашында бар нәрсе. Оны жетілдіріп өсіре түсу де, құртып, жоғалтып алу да адамның тағдырына қатысты болады. Адам бойындағы жақсы қасиеттер арға көлеңке түсірмеуге ұмтылады.

Шәкәрім «Үш анық» атты философиялық еңбегінде: «Бізше адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негіздісі – *адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл* болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласының тыныш өмір сүруге мүмкіндік жоқ» деген [26, 26 бет].

Сонымен ар дегеніміз не? Қазіргі заманғы адамгершілік туралы түсінікті этика деп атайды. Немесе мораль. Осы екеуі адамгершілік деген ұғымға сәйкес келеді. Абайда да, Шәкәрімде де адамгершілік деген сөз жоқ. Абай оны адамшылық дейді, Шәкәрім – адамшылық, ар дейді. «Ар білімі» деген тіркес, түсінік – Шәкәрімнің жаңалығы [38, 29 бет].

Шәкәрім дүниетанымында «Адал еңбек, арлы ақыл, ақ жүрегі» бар адам «арлы», «таза» адам болса, Абай танымында «Үш ақ нәрсе адамның қасиеті, *ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек*» [16, 172 бет]. Абай бұл ойын былай өрбіткен:

*«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек»* [16, 77 бет].

Ғарифолла Есім айтады: «Ар білімі» ұғымының ауқымы кең. Ар білімі адамның адамшылығының кемелденген кезінде қалыптаса ма деймін.

Дүниені Жаратушы Жардың, Тәңірінің құдіретімен жанды тіршілікке айналған өмір сырына ақын өзі жүйелеген «Ар ілімі» тұрғысында баға береді. Сансыз кереметтерді кім жаратса, Тәңірі сол екендігі туралы ақиқатты тануды жан мен тән, тәңірі, иман тұрғысындағы өлеңдерінде анық түсіндіреді. «Жан» өлеңіндегі түйіннің тағылымы – мәңгілік қозғалыстағы тіршіліктің жанды қозғалыстарын дәйектеу.

Жаратушының құдіретінің арқасында адамзаттың дүниеге көзқарастарына арқау болған мәселелердің бағаланудағы материализм, идеализм болып аталатын екі анық бағдарға ойшыл ақын өзі таныған үшінші анық түрде ұсынғаны – ар ілімі.

Қазіргі философия ғылымы Шәкәрімнің осы ойларын толық қуаттайды: «Кәдімгі этиканы Шәкәрімнің «ар ілімі» деп атауында да үлкен мән бар. Себебі, оның негізгі категориясы, мәдениеттеліктің тірегі - ұждан» [35, 30 бет].

Ғалым А. Айтбаеваның зерттеуінше, Шәкәрім шығармаларындағы ар –

ұждандылықтың тіршілік мазмұнын құрайтын атаулары мынадай:

«Мейірім», «Ынсап», «Әділет», «Шыдам», «Шыншыл», «Харекет», «Түп қазығы», «Ақ ниет» [35, 30 бет].

Өзге ғалымдардың зерттеулерін ескере келе, өз қорытындымызды шығарсақ, Шәкәрім өз шығармаларында «ар» іліміне сәйкес келетін адамның мынадай қасиеттерін таңбалайды:

- Таза ақыл;
- Ақ жүрек;
- Рахым, Сақтық, Ұят;
- Ынсап, мейірім;
- Адал еңбек;
- Ұждан;

Абай ар мәселесін Лермонтов поэзиясы тілімен былай түсіндірген:

Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,

Қатысы оны арым мен бір – ақ құдай [16, 185 бет].

Мұнда ар деген адамның сырына, құпиясына қазы болатын - рухани субстанция. Ар - адам ісінің төрешісі. Ар адам ісіне Құдаймен бірге төреші екені таңбалайды. Ар таза күйінде кездеспейді, оның көріну формалары: ұят, намыс, ұждан, ғашықтық, достық, кісілік, жомарттық, парасаттылық, даналық, талаптылық т.б.

Ар дегеніміз көңіл мен рухтың сапалық өлшемі немесе анықтаушысы десек болады. [36, 110 бет].

Ғалым Д.Омаров Шәкәрімнің «ар» ілімін зерттей келе, бұл ұғымда «ерік» ұғымы маңызды орынға ие екенін атап өткен. Ерік негізі жан қасиетінде жатыр. Жан әуелден толық ерікті, сондықтан адам да толық ерікті болуы керек. Жанының тазалығына, ұятына, арына байланысты әркім тіршілік жағдайында жан, не болмаса тән ықпалына түсіп, әр түрлі әрекет жасайды. Адамның іс – әрекетін ар басқаруы керек еді. Ар дегеніміз кеудедегі шыбын жанның Ғазиз Жанмен байланысы. Бірақ адам нәпсә ықпалына беріліп, оны тән басқарып кеткенде ол көптеген қылмысқа барады. Жүрек тазалығына байланысты адам арлы, не болмаса, мүлде арсыз болуы мүмкін. Арсыз адамды тағы имансыз деп те атаймыз.

Ар ілімін меңгерген, ұяты жоғары пенде өмірдің қандай қиын жағдайы болса да, өз еркімен арына қарсы әрекетке бармайды. Өмірдің алданыш жылтырағына еріп кетпей, өз нәпсісін тежей біледі [37, 49 бет].

Абай өзінің 14 қара сөзінде «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» деген философиялық байлам жасайды [23, 323 бет]. Ойшылдың пікірінше, ақылдың сөзін ұғып аларлық ұлы қасиет-жігер. Осы қайратын өте жоғары бағалайды. Оның сөзіндегі негізгі ой мынада – ақыл сөзді ұғарлықтай «жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың» болуы шарт. Абай сол пікірін адамдардың мінезін, іс –әрекетін дәл, әсерлі бейнелеп көрсету арқылы көңілге қонымды етіп жеткізеді.

Шәкәрімнің «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы» өлеңі осы қара



сөзімен сабақтасып жатыр.

Өмірдің өкінбейтін бар аяласы,

Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.

*Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,*

*Таза жүрек, тату дос* – сол шарасы [10, 88 бет].

Ойшылдың пайымдауынша, ойы таза жан иесінің бойынан мейірім, таза жүрек, адал еңбек, ынсап, әділет табылады. Бұл жерде таза ақыл мен таза жүрек арасындағы байланысты анық байқаймыз. Абай ақыл мен жүректі байланыстырып, жігер, қайрат, байлаулылықты жүректің қасиеттеріне жатқызса, Шәкәрім туындыларында олар таза ақыл қасиеттерінің қатарынан көрініс тапқан.

Ғалым А.Салқынбай нақты осы жолдарға қатысты мынадай пікір айтқан: «Шәкәрім өмірдің мәнін де, сәнін де рухани тазалықтан, ақ жүректен, таза ақылдан, Жарға деген сүйіспеншіліктен – имандылықтан іздеп табады да, осы имандылық ілімін оқытатын – Ар білімі оқытылуы керек деген ұсынысты адамзатқа арнайды» [38, 108 бет].

Абай өзінің «толық» адам ілімінде, Шәкәрім «ар» ілімінде басты орындардың бірін ақыл мен жүрекке береді. Негізінен «толық адам» мен «ар» ілімі жеке қарастырылғанмен, екеуінің сабақтастығы анық байқалады. Екеуі де адамның «таза», «толық» болуын көздеген ілімдер болып табылады. Екеуінде де жүректің әділдігі мен ақылдың тазалығы туралы философиялық байламдар жасалады.

«Жүрек» - ақиқатты танып білудің кілті, жанның тек өмір сүруінің емес, сондай – ақ жан болмысын ашар кілті [38, 173 бет].

«Абай тілінің сөздігіне» сүйенер болсақ, «жүрек» сөзі ақынның шығармаларында 156 рет кездеседі:

**ЖҮРЕК** (156) Көкірек қуысында қан айналысымын бас қаратын орталық мүше. Қайрат, ақыл ж ү р е к үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп ғылымға жүгініпті (II, 172). Тіл ж ү р е к т і ң айтқанына көнсе, жалған шықпайды (II, 171). Бойдағы міндісанасам, Тау тасынан аз емес, Ж ү р е г і м д і байқасам, Индейін таза емес (I, 250) Жылы жүрек – мейірімді, қайырымды жүрек. Сезімпаз көңіл, Ж ы л ы ж ү р е к Таппадым деп түңілмес [39, 231 бет].

Абай өз шығармаларында «жүрек» ұғымын жақсы дамыта білген. Оның туындыларында «жүрек» сөзі «жылы жүрек», «жүрек - теңіз», «жүрек - айна», «ауру жүрек», «асау жүрек», «адам денесінің патшасы», «ет жүрек», «жүректің ақыл суаты», «ызалы жүрек», «шын жүрек», «жүректің көзі», «жүректің түбі» деген тіркестер арқылы көрініс тапқан. Абайдың «жүрек» культін ғалым М.Мырзахметұлы өзінің «Абай және Шығыс» атты еңбегінде зерттеген болатын. Профессор «осы күнге дейін (өз зерттеуінің уақытына дейін) Абайдың жүрек туралы шығармалары көбінесе поэтикалық тұрғыдан ғана зерттелді» деп есептейді. Ол Абай жүректі эмоциялық сезімнің, адамгершілік негіздегі рахым, шафағаттың қайнар көзіретінде танитынын ескерткен. Жүректі адамның өзін тану туралы ғылым саласында алар орны мен атқарар қызметін гуманистік тұрғыдан арнайы қарастырып, өзіне дейінгі қазақ

ойшылдары тілге алмаған соны пікірлерін саралай отырып, тарату әрекетінен де көреміз.

Абай шығармаларында 1886жылдан бастап – ақ жүректің сырына тереңдеп үнілу, оны сан түрлі мағынадағы ұғымдардың баламасы ретінде қолдану жағы жыл өткен сайын қояланып молая береді.

Абайдағы жүректің культі жайлы ұғымға М.Әуезов 1943 жылы абайтанудан оқыған лекциясындаарнайы тоқтала отырып, Абайдың «17-сөзі. Адамның адамгершілігі неден құралады дегенде: қайрат, ақыл жүрек үшеуін айтып, ғылымға жүгіндірді. Абай жүрекке бірінші орын береді. Бірінші жүректің сезгіштігі. Мұның өзі көрегендік. Олай болса, ақыл байқағанды жүрек сезеді. Абай өлеңінде де, қарасөзінде шабыттың адамы, сондықтан жүрек сезімі күшті»-деп, 1891 жылдан кейін жазыла бастаған қарасөздерінде жүрекке зор мән бергеніне өзі де ерекше назараударып отырған жағдайын көреміз. Осы сарын ақын ғұмырының соңғы шағына дейін созылып жиілемесе сиремей, қайта қарасөздерінде философиялық, гуманистік астаралып күрделене берген. Абайдың жүрек жайындағы ой толғауларының негізі мен өзекті желістері: «Әуелде бірсуық мұз ақыл зерек»(1889), «Кейде есер көңіл құрғырың» (1890), «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» (1896), «Алла деген сөз жеңіл» (1896), сияқты төл шығармалары мен «Менің сырым, жігіттер, емес оңай» (1897), «Жүректе көп қазына бар, бәрі қызық,» (1899) деген аудармаларында қысқа тұжырымдала баяндалған. Бірақ Абайдың осы өлеңмен жазылған шығармаларының күрделі табиғатын сол кезеңнің тыңдаушы қауымы толық танып ұғынуға ой өресі жете бермеген. Қазақ әдебиетінің сан ғасырларға созылған тарихында бірде бір қазақ ақыны жүректің адам өмірінен алатын орны мен атқарар қызметін соншалықты жан-жақты терең мағынада философиялық, гуманистік астар беріп, оны ақындық тіл өнерінде құлпырта ойнатып, Абайша толғай алған емес [32, 101-103 бет].

Шәкәрімнің нақты жүрекке ғана тоқталған немесе арнайы тек жүрекке арнаған туындылары бірен – саран. Бірақ та бұл ойшыл өз шығармаларында жүрек туралы ой қозғамада деген сөз емес. Оның жүрек тақырыбындағы шығармаларына «Шын асықтың әрбірі», «Анық пен танық», «Міндеу мен күндеу», «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы», «Ақылдан бойға сыр тарап», «Жүректен аққан қанымнан» және тағы басқалары жатады.

Оның шығармаларында «жүрек» ұғымы«таза жүрек», «ақ жүрек», «жүректің тілі», «жүрек ымбалы», «жаралы жүрек», «жүректің таразысы», «сұм жүрек», «сау жүрек» секілді лексемалар көмегімен таңбаланған.

Абай жүректің «көзі» болады десе, Шәкәрім жүректің «тілі» болады деген байламға келген.

Абай өзінің «Көзінен басқа ойы жоқ» деген өлеңінде жүрекке қатысты екі шешімге келеді:

Біріншісі:

*Жүректің көзі ашылса,  
Хақтықтың түсер сәулесі.  
Іштегі кірді қашырса,*

Адамның хикмет сәулесі [16, 110 бет].

Екіншісі:

*Жүректе айна жоқ болса,  
Сөз болмайды өңгесі [16, 110 бет].*

Абайдың пайымдауынша, жүректің көзі бар, ол көзді Алла берген. Әрбір тіршілік жан иесі, сол көзді ашса, онда оған сәуле түсіп, іштегі кірі тазарады. Сәуле деп отырғаны ақыл. Жүрек көзі арқылы ғана адам сәулеге жете алады, барлығын ақыл таразысына сала алады.

Абайдың алғашқы шешімі Шәкәрімнің «Шын асықтың әрбірі» атты өлеңінде көрініс тапқан:

*Жасырып тұр жар өзін,  
Бас көзімен қарама.  
Жүрегіңнің аш көзін,  
Жанның сырын арала [10, 143 бет].*

Ақын жүректің көзі болады дегенмен келіскен, бірақ ол ақылды бағыттайтын жол емес, оның танымында Жарға жақын ететін жолдардың бірі ретінде қарастырылады. Жар дегені Алла. Сонымен қатар, Шәкәрім таным процесінде, адамның дүниені сезіну қабілетінде көңілдің, көкіректің, жанның көзі деген ұғымдарды ерекше бағалайды:

*Хақиқатты дәл көруге,  
Жан көретін көз керек [5,280 бет].*

деп ойшыл таным процесіндегі өзіндік ұстанымын осылайша білдіреді.

Ғалым Б.Қ.Рақымжанов Шәкәрімнің «жан көзі» деген түсінігіне мынадай талдау жасайды: «Дүниеге жанның көзімен қарау бұл – шығармашылықта болу, әрбір құбылыстан ой алу, дүниемен тілдесу. Ендеше таным процесінде әр адам өзінше дараланады. Дүниеге шығармашылық көзқарас ол – дүниеге ойдың көзімен қарау. дүниеге шығармашылық көзқарас, өзіндік сана адам болмысына ғана тән қасиет. Адамның жаны шығармашылықтың көзі болып табылады» [40, 14 бет]. Яғни, Адам үшін «Адам - Әлем» қатынасында дүниемен шығармашылық қатынаста болу керек. Дүниеге жаныңмен қатынас жасау қажет.

Абай екінші шешімінде жүректерінде айна болмаса, адам баласы сөз ұқпайды, ақылға келмейді деген қорытындыға келген.

Шәкәрім де Абайдың бұл ойын құптағанын «Анық пен танық» атты туындысындағы

*«Жарайды» деп, ұнаса, бас иземек,  
Жек көрсе, жиіркеніп дірілдемек.  
Жүрегінің тілі жоқ, ымбалы сол,  
Ұғып ал да бола көр соған көмек» [10, 34 бет]*

деген өлең жолдарынан көре аламыз. Ақын өлеңінің нақ осы жолдарына байланысты талай пікірлер айтылған.

Ғалым Жетібаев Ерзат Жетібайұлы өзінің «Шәкәрім дүниетанымындағы рухани құндылықтар мәселесі» атты еңбегінде мынадай қорытындыға келеді: «Жүрек Шәкәрім дүниетанымында кезекті сезім мүшесі ретінде

қарастырылады. Шәкәрім жүректің адамға беретінін ымбал деп айтқан. Ымбал – Батыста кең таралған бейсаналықтан басқа, Шәкәрім оны соқыр сезім дейді» [4, 18 бет].

Ақынның пайымдауынша, сол замандағы адамдардың жүрегiнiң тiлi жоқ, сол себептi олар соқыр сезiм жетегiнде кеткен. Ақын сопылар туралы ой толғағанда да, олардың «жүректерi қатып мұз болған» [10,82 бет] деп ескертедi. Жүрек мұз болса, адамның жанының тазаруы екiталай. Жүрек әрдайым жылы болуы керек. Оған Абайдың мына өлең жолдары дәлел бола алады:

Үш – ақ нәрсе адамның қасиетi:

*Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек* [16, 162 бет].

Абайдың осы өлең шумақтарындағы «жылы жүрек» сөзiне ғалым М.Мырзахметов өз еңбегiнде былай тоқталған: «Осы аталмыш сөз Абайдың дүниетанымының негiзiнен туындап жатқан құбылыстың мән-мағынасын аша түсумен қатар, бұл ұғымның iлкi бастауларының келiп шығар түп- төркiнi көне заман түкпiрiнен келе жатқан мешаиондық философияның ұғымдарына дасаяды. Мысалы, әл-Фараби: «...жүрек iшкi табиғи жылылықтың көзi. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар осыдан нәралып отырады», - дегенде жүректi iшкi табиғи жылылықтың көзi деп арнайы атап көрсетуi, Абай айтып отырған «жылы жүректiң» немесе «жылытқан, тұла бойды ыстық жүрек» дегеннiң мағыналық төркiнi қайда жатқанын хабар берiп тұр» [32, 103 бет].

Сонымен қатар, «Жүректен қан тарайды, жүректе жан мекен қылады» [23, 323 бет]. Сондықтан ол «жылы». Оны жылытушы – ақыл.

Шәкәрім дүниетанымында жүрек «ақ» деп сипатталады:

Тәңiрi деген – ақ жүрек,

Сайтан деген – қиянат.

Ақ жүректi ертерек,

Ескер дағы қыл әдет [41,196 бет].

Ойшылдың пiкiрiнше, бұл дүние танымына жету үшiн әрбiр адам ақ жүректi әдет қылуы керек. Тек, тазалық қана ақ жүректi қабылдау алады, себебi ақ жүректiк – жоғарғы сана, жоғарғы сезiм үлгiсi [42, 58 бет].

«Жүрек - айна» деген пiкiрдiң иесi - Абай. Ондай адамдарды ойшыл «Жүрегi – айна, көңiлi – ояу» деп «бiлiмдiлер» қатарынан санаған [16, 67 бет]. Жылы жүрегiне қарағанда адам өзiн көре алуы тиiс. Ол – айна. Ал айна таза болуы керек. Себебi айнаның дағы болса, адам өзiн анық көре алмайды. Оның қисық көрсетуi немесе күңгiрт көрсетуi жүрек ластанғанда болатын құбылыс болып табылады. Ғұлама 43 сөзiнде «Егер де бағанағы төрт нәрсемен (мақтаншақтық, пайдакүнемдiк, жеңiлдiк, салғырттықпен) жүректi кiрлетiп алсаң, жүректiң айнасы бұзылады, я қисық, я күңгiрт көрсетедi» деп пайымдайды [23, 378 бет]. Осылай жүректiң табиғатын ашады.

Ал Шәкәрім «Пәленшекем айтқан сөз дұрыс қой деп, Жүректiң таразысын жойма, жаным» деген философиялық байлам жасайды [10, 42 бет]. Ұлы ақын «жүрек айна, кiрлетпе» деп ескертсе, Шәкәрім «жүрек таразы секiлдi» деп пайымдайды. Адам бiреудiң сөзiне сенер – сенбесiн бiлмегенде, шешiмдi жүрекке берiп, барлығын сол таразыға салып, белгiлi бiр қорытынды

шығару керек. Шәкәрім дүниетанымында басты орында ақыл тұратыны шығармаларынан анық байқалады. Себебі ол ақылды жанның бір бөлшегі, кейде өзі деп түсіндіреді. Әйтсе де, «Анық пен танық» шығармасында басты орынды жүрекке бергенін түсінгеніміз жөн. Ойшыл: «Бір билік сол жүректен шығарылмақ» дейді [10, 34 бет]. Бұл Абайдың «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» атты өлеңіндегі «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан – шын асыл тастай көрме» [16, 188 бет] деген жолдармен сабақтасып жатыр. Ұлы дана 17 қара сөзінде ақыл, жүрек. қайратты айтыстырғанда да, «Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым» деген философиялық байламға келеді [23, 326 бет].

Ғалым С.Булекбаев өзінің «Тюрский вклад в мировую культуру и цивилизацию» атты монографиялық еңбегінде: «Абай мен Шәкәрімнің пікірінше, зұлымдықтың басты себептері – арсыздық, ұятсыздық. Абай ғылымнан көп нәрсені күтеді. Бірақ та тек ғылыммен айналысу, ғылым жолын қуу аз. Абай танымына сәйкес, «адам» болу үшін үштікке жету керек. Ол үштік: Ақыл, Қайрат, Жүрек бірлігі. Егер де олардың арасында ортақ шешім болмаса, олар оны қабылдай алмаса, Абай басты орынды жүрекке береді» деген тұжырым жасайды [43, 127 бет].

Бұл - тек ғалым С.Булекбаевтың зерттеуінің нәтижесі емес, Абайдың туындыларын зерттеушілер М. Мырзахметұлы, Ж. Ысмағұлов, Ғ.Есім сынды ғалымдардың зерттеулерінің жемісі. Ш.Құдайбердіұлы да, А.Құнанбайұлы да басты орынды жүрекке берген. Тіршілік жан иелері шешімді жүрекпен қабылдау керектігін, әр адам өзінің жүрегінің түбіне бойлап, үкім шығара білу керектігін ескерткен. Ол үшін Абайша «таза жүрек», Шәкәрімше «ғаділ жүрек» керек. Әділетті шешімді қабылдаушы - осы. Шәкәрімде де, Абайда да жүрек пен ақылдың сабақтастығы байқалады. Екеуі егіз ұғымдай, «толық», «таза» адам бойындағы жұп боларлық қасиеттер ретінде суреттеледі. Абай: «Жүректің ақыл суатын, Махаббат қылса тәңірі үшін» [16, 189 бет] деп тұжырымдаса, Шәкәрім: «Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы, Тоны жүрек болады, мида басы» деген қорытынды жасайды [10, 75 бет]. Екі ойдың сабақтастығы жүрек ақылдың азығы екенінде.

Абай өз шығармаларында «Ауру жүрек ақырын соғады жай» [16, 203 бет], «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» деген [16, 121 бет]. Шәкәрім «Жүрегім дертті, сау емес» деп таңбалайды [10, 23 бет]. Екі ақын жүректерінің «ауру, дертті» болуының себебі де бір секілді. Екеуі де адам баласының жүрегін тазартып, оған сәуле қондыруды мақсұт тұтты, бірақ та өзгелер оны түсінбеді. Екеуі де «мен – сенің жауың емес, досыңмын», «сөзіме құлақ салсаң, іштегі кірің тазарады» деп шарқ ұрды.

Сабақтастықпен қатар, олардың арасында біраз ерекшеліктер де бар. Жүрек мәселесін екеуі екі түрлі көзқараспен қарастырған туындылар да баршылық. Абайдың ерекшелігі «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінде анық байқалады. Абай бұл туындысында жүректің асылдығы мен нәзіктігін жырлаған. Ақын адамның адамдығы, ғұламалығы, кісілігі тек бір ғана «ақыл мен сезімінде» дейді.

*Жүректе қайрат болмаса*

Ұйықтаған ойды кім түртпек?

Ақылға сәуле қонбаса,

Хайуанша жүріп күнелтпек.

Аспаса ақыл қайраттан,

Тереңге бармас, үстірттер [16, 200 бет].

Жан мен тән малда да бар, адамзат сенімінің, яғни жүректің қалауынша жүрсе, соның тілегенін істесе, ешқашан қателеспес дегенді айтады [29, 260 бет].

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса.

Тіршіліктің несісән,

Тереңге бет қоймаса [16, 201 бет].

Ғалым Мақсат Әліпхановтың пікірінше, Абай өзінің «Жүректе қайрат болмаса» атты өлеңінде үш қасиеттің өзіндік ерекшеліктерін ашып баққанына назараударған. Абайдың

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса,

- деген жолдарын мысалға келтіре, ақынның қайраттан ақылды артық санағанын атап өткен. «Мұндағы «жан» дегені әйтеуір тірі болуды, өлі емес тірлікті танытады. Ақын Сократтан алған сөзінде тірлік тәнге жан келуімен басталатыны айтылады. Жан мен тән мүшелерінің табиғи, рухани қабілет – қызметтерінің көзісекілді көрінеді. Абай: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады». Сонда адамда бар жан хайуанда да бар екен. Осы ойын ақын алтыншы сөзімен де растай алады: «... ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ ондай тірлік итте де бар» [19, 100 бет].

Сөйтіп, «Малда да бар жан мен тән» дегені осы тірлік, яғни тірі болу. Ақын айтатын қайраттың ең төменгі түсінігі де осы, ал мағыналы мін мен қасиеті дүниені танып – білу мен жақсылық жасауға көмекші болуымен танылады.

Жүректе қайрат болмаса,

Ұйықтаған ойды кім түртпек [16, 201 бет].

Ойды түртіп оятатын, сөйтіп іске қосатын жүректегі ынта, талап, ықылас екен. Жүрек – махаббат пен сүюдің шығар көзі, құтты мекені саналады» [3, 269-270 бет].

Ал Шәкәрімнің өзіндік ерекшелігі «Жүректен аққан қанымнан» деген өлеңінде көрініс тапқан. Бұл - Абайдың «жүрек» туралы пайымдауларынан мүлде бөлек тұжырымдарға ие шығармалардың бірі.

Жүректен аққан қанымнан

Жиіркенбе, нұр деп біл.

Сайраған бұлбұл зарынан

Нұрланады қызыл гүл! [5,354 бет].

«Жүректен аққан қанымнан Жиіркенбе – нұр деп біл» дегенде Шәкәрім «қан - нұр» деп параллель келтіреді. Жүрек – жанның орны деп қарасақ, «қан -

нұр» - ақиқат, ақыл ретінде қабылдаймыз. Қан – қиналыс, азап шегімен ассоциацияланады. Шәкәрім бұлбұлы – ақын, мен – бұлбұл деп нақтылайды. Ислам поэзиясында гүл – қайта тірілудің, мәңгілік өмірдің символы. Бұлбұл зары таза ақылдың зары болып табылады. Қайық, кеме дегені дене дегені. «Ақыл билеп кемемді» деп, ақын денесі мен нәпсісін ақылы, рухани негізінің жеңгенін айтады [36, 397 бет]. Бұл ойлардан мынадай қорытынды шығаруға болады: «Ішкі иман жүректі тазалауға қатысты. Жүректі тазалау арқылы жүректің көзін, көкіректің көзін ашып, адамның көкейін тесеміз».

Ал Абайдың тағы бір ерекшелігі «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас» дей келе, достық та, зұлымдық та, қастық та жүректен шығады деген философиялық байламға келуінде [16, 251 бет].

Абай орынды жүрекке беріп, «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» деп ескертеді [23, 321 бет].

Шәкәрім «Адамның еркі қайда?» деп ақылдан сұрағаным» өлеңінде:

Шын жаным,  
Қорғаным – жалғыз сен, ақыл,  
Жүрегім, Тілегім –  
Шын менен мақұл...  
Ақыл – жалғыз қорған [5, 299 бет].

Ақыл – шын. Ал жүрек ақылды тыңдап, Шынды тілесе, сол мақұл [38, 173 бет].

Шәкәрім негізінен ақыл мен жанның байланысы туралы көп жырлаған. Ал Абай «жан жүректе орналасқан» дейді. Жүрек – адамның тәні мен нәзік болмысының орталығы. Сондықтан адамның бүкіл физиологиялық және психикалық өмірін жүрек басқарады. Жан былғанса, әуелі жүрек былғанады. Соның ықпалымен адамның психикасы, сонан кейін тәні ауруға шалдығады. Жан жүректе орналасқандықтан, ұлы ойшыл жүректің адам өміріндегі орнын жоғары бағалайды.

Шәкәрімнің жүрекке қатысты өзіндік ерекшелігі бар тіркестер қатарына «Жүрегіңнің аш көзін», «Жүрегімде болса тат», «Тазарып жүрек кірінен», «Улы жүрек, долы тіл сөйлеп отыр», «өліп қалған сұм жүрек», «жүрегіңде тоты бар» дегендер жатады.

Шәкәрім үшін «ар» ілімінің тірегі, Абай үшін «толық адам» қасиетінің бірі – «нұрлы, таза, сау, жанды» ақыл.

Абай да, Шәкәрім де адам «толық» («таза») болуы үшін ақылды болу керектігін айтқан. Шәкәрімде «жан, тән, ақыл» бірлігінің үштігі де орын алған. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» сүйенер болсақ, ақыл сөзінің мағынасы: «АҚЫЛ 1. Адамның ойлау қабілеті; сана-сезім. 2. Түйінді ой, пайдалы кеңес» [ҚТТС, 36 бет] [29 бет].

Абайдың ақыл туралы ойларына келер болсақ, «Абай тілінің сөздігіне» сүйенер болсақ, Абайдың шығармаларына «ақыл» сөзі 199 рет кездеседі:

АҚЫЛ (199). Адамның ойлау, қабілеті, санасезім. Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне құлақ сақтап, Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен а қ ы л ы ң екі жақтан (I, 213). [39, 33 бет].

Абайдың туындыларына зер салсақ, ақылға байланысты мынадай тіркестерді көреміз: «ақыл - мизан», «ақыл - өлшеулі», «ақылға сынат», «ақылмен жең», «нұрлы ақыл», «сәуле».

Шәкәрім танымында ақылдың сипатталуы: *жанды ақыл, таза ақыл, арлы ақыл, толық ақыл, анық ақыл, сау ақыл, еркін ақыл, арақ – ақыл, жайлы ақыл, мас – ақыл, жанды ақыл, ақыл – айнам, өлшеусіз бір жарық нұр, азат ақыл.*

Ш. Құдайбердиев «Үш анық» шығармасының қорытынды бөлімінде «Барлықтың не нәрсесіне қарасаңыз да мақсұтсыз, керексіз жаралған емес» [24, 26 бет] деп пайымдайды. «Адам жаны», «хайуан жаны» не үшін жаратылған? Абай 38 қара сөзінде «Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан» деп ескертеді [23, 356 бет].

Ақыл көз, мұрын, ауыз, қол, жалпы алғанда, он екі мүшенің іс – әрекетіне жауап береді. Нақтырақ айтсақ, адамның миы жауап береді. Шәкәрім мынадай тұжырымға келеді: «Бәрін айтпай – ақ өз көзіңізде ойлаңыз: құлақ, мұрын, ауыз сияқты мүшеңіз мақсұтпен жаралған» [24, 26 бет]. Абай 38 қара сөзінде «Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп... жаратпақтығы махаббат емес пе?» [23, 356 бет] деген философиялық байлам жасайды. Осылардың бәрінің басшысы – ақыл.

Адам жаны өзіне не қажет, не қажет емесін ажырату үшін, өзінің азығын табу үшін, жақсы мен жаманды тексеру үшін «таза, нұрлы, сау» ақылға ие болуы керек. Адамның өмірден жинаған тәжірибесі мен мәліметі ақылға сәуле болып қонғаннан кейін, миға ой ретінде түседі. Абай өзінің 43 қара сөзінде ол туралы былай толғайды: «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады» [23, 376 бет]. Шәкәрім де Абайдың бұл ойымен келіскендей. Ойшылдың мына өлең жолдары ұстазының пікірімен сабақтасып жатыр:

*Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,*

*Мұрын иіс, тіл дәмнен баға бермек.*

*Бесеуінен мидағы ой хабар алып,*

*Жақсы, жаман әрі істі сол тексермек [5, 33 бет]*

Таза ақыл арқылы адам жамандықтан жиреніп, жақсылыққа үйренеді, ақ пен қараны ажыратады. Бұл жерде ақыл мида көрініс табатыны туралы сөз қозғалған. Ақылдың арқасында ғылым дамыды. Әлемде талай жаңалықтар ашылды. Адам ақылдың арқасында көптеген ғажапты ойлап тапқан. Радий, электр құралдары, кітаптар, түрлі – түрлі ғылымдар мен құбылыстар осы ақылдың арқасында қалыптасқан. Ақылдың арқасында әлем, дүние дамып, өніп



отырады. Шәкәрім «ақыл-ғылым» моделін жан – жақты аша білген.

«Ақыл – ғылым» ұғымы ойшылдың шығармаларында «білу», «нану», «ойқұмарлық», «барлық ғылымның түп атасы», «білім», «ғылым», «терең ой», «ноқтасыз ой», «ғибрат алу», «ақыл ісі», «ақылды жан», «тапқыш ой», «аңғару», «ойлау», «есті», «ақылды» деген лексемалар арқылы танылады.

Шын таза ақылдың таппас заты жоқ,

Ол қасиетін жойма.

Радийді бұрын біліп пе ең,

Электр ұстап көріп пе ең?

*Бәрін де тапқан таза ақыл*

Аспанда ұшып жүріп пе ең? [5, 316-317 бет]

Бұл өлең жолдарынан ақыл әлемдегі таңғажайып құбылыстардың, нәрселердің тууына түрткі болған басты құрал екенін анық байқаймыз. Таза ақыл арқылы адам абстарктілі құбылыстарды таниды, меңгереді, ақыл арқылы сезеді, жақсы мен жаманды ажыратады.

Шәкәрім барлығын таза ақыл тапты дейді, бірақ та таза ақылды тапқан түпие емес пе? Ол өзінің «Үш анық» туындысында өзіне «егер де мен машина жаратсам, ол машина түрлі затты жаратса, сол заттардың жаратушысы кім болады?» деген сұрақ қояды. Оның жауабын да табады: «Бәрінің түпиесі – басқы жаратушы» [24, 27 бет] деген қорытындыға келеді. Абай бұл мәселені Шәкәрімге дейін 38 қара сөзінде қозғаған еді. Ғұлама мынадай философиялық байлам жасайды: «Миллион хикмет бірлән жасалған машина, фабрик адам баласының рақаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасалушы махббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе?» [23, 357 бет]. Екі ойшылдың пікірінің тоқ етерін айтсақ, таза ақыл көптеген ғажайып құбылыстарды, дүниелерді жаратты. Бірақ та барлығының басқы жаратушысы – Алла.

Жан иесі ақылға ие болғаннан кейін ғылымның жолын қууы керек. Абай «Әрбір мастық бойдан ағатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, ананы» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен» деп ескертеді [23, 324 бет]. Шәкәрімнің де ойы ұстазының ойымен дәл келген:

Күні – түні дей көрме, ғылым ізде,

Қалсын десең артыңда адам атың [10, 53 бет].

Ғұламалардың ойларынан мынадай қорытынды шығаруға болады: *адам жаны жоғарылау үшін, артында «адам» атын қалдыру үшін өмір бойы іздену керек.* Ақылдың көзі байланған кезде, ізденіп, «ақылды қолдан жібермеу керек». Осы ізденістің арқасында талаптың шындалатынын, өнердің өрбейтінін Абай да, Шәкәрім де өз шығармаларында толғаған. Ұлы Абайдың пайымдауынша, талап балада да бар, оған талас қылуға болмайды. Жан қуаты басында кішкене болады, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды [23, 357 бет]. Ш. Құдайбердиевте бұл ой «Талап пен ақыл» деген өлеңінде көрініс тапқан:

*Талап деген ыңдымен ентелемек,*

*Ойға алып, қызыққанын қылсам демек.*

Ол ісі орайлы ма, орайсыз ба,  
Ойланып оны ақылға салса керек [10, 75 бет].

Ақыл талапты қадағалап отырады. Қай ісі дұрыс, қай ісі бұрыс екеніне жауап береді. Адам өз білімін шыңдағанда ғана, «хасил (нәтиже)» шығады.

Екі ойшылдың пайымдауынша, жанның қасиеттері ар, ұят үшін де осы ақыл жауап береді. Біз ұят деген жүректен шығады деп пайымдаймыз. Абай 14 қара сөзінде ұят дегенді жүректің қасиеті ретінде санағаны бар еді. Алайда «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» өлеңінде «Ар, ұяттың бір ақыл - күзетшісі» деген философиялық байламға келеді [16, 215 бет]. Шәкәрім де «ар, ұяттың мекені – ақыл» деп санайды. Бұл пікірі мына өлең жолдарында көрініс тапқан:

Ақылды сол – *ынсап пен ар сақтайды* [10, 16 бет].

Ары мен ұятын ақылға күзерттірген, ынсабын ақылға сақтаттырған адам жаны ақылды жан болады.

«Адам» болып жаратылғаннан кейін, оның жаны мен тәні әр түрлі қиындық көреді. Жанға әр түрлі шешім қабылдауға тура келіп жатады. Осы кезде ол бұл ауыр жұмысты ақылға тапсыруы керек. Себебі тек таза, сау ақыл ғана мәселенің шешімін табуға себепкер болады. Бұл мәселеге де ұлы Абай мен шәкірті өз шығармаларында тоқталып кеткен.

Абайда «ақыл - өлшеуіш», «ақылға сынату», «анық ақыл», «ақылмен жеңу» секілді тіркестер көп кездеседі. Ақын өзінің «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

«Кім болса, мейлі, сол айтты  
Ақылменен жеңсеңіз [16, 31 бет]  
Шешен де өткен не бұлбұл,  
Көсем де өткен не дүлдүл  
Сөз мәнісін білсеңіз,  
Ақыл – мизан, өлшеу қыл [16, 32 бет]

Сонымен қатар, басқа да өлеңдерінде:

*Әділет пен ақылға  
Сыналып көрген – білгенін.  
Білдірер алыс, жақынға,  
Солардың сөйле дегенін»* деген [16, 179 бет].

Абай дүниетанымында ақыл өлшеуіш құрал ретінде қызмет етеді. Оның пайымдауынша, ақыл ақ пен қараның айырмашылығын, жақсылық пен жамандықтың арақатынасын өлшеп, жан үшін не аяулы, жанға не азық бола алатынын нақты анықтайды. Қазақ дүниетамында «ақыл таразысына салу» деген тұрақты тіркес бар. Мағынасы – барлығын ой елегінен өткізу. Абай осы мағынаны жаңа қырынан танытқандай. Бейнелеу мақсатында алынатын таразының орнына арабтың «мизан» сөзін қолданды. Яғни, өлшеуіш. Осылайша жан иесіне қажетті қасиеттердің бірін сөз етті. Ойшыл «ақылға сынату» арқылы тек өзіне ғана емес, өзгелерге де көмектесуге болатынын ескерткен.

Абайдың бұл танымы Шәкәрімнің танымымен сабақтасып жатыр.

Ш. Құдайбердиев «анық ақыл», «ақылыңа сынат», «ақылдан адас қалмайым», «ақылдан бойға сыр тарап», «ақыл құсы адаспай аспандаса» деген тіркестерді қолдану арқылы ақылдың жан иесі үшін қаншалықты маңызды екенін көрсеткен. Ойшыл негізінен ой – санасы шарықтау үшін ақылды жандандыру керек екеніне тоқталған. «Ақылға сынату» ұғымына қатысты Шәкәрім шығармашылығында мынадай түсініктер көрініс тапқан:

*Анық ақыл* адымын аштырмайды [10, 75 бет].;

[Анық ақыл] - шынайы, таза, кірсіз, тура, жанға дұрыс бағыт көрсете білетін, тәннен азат, «жанға матаулы» ақыл.

Кім айтса да сынамай қойма, жаным,

*Ақылыңа сынатып* ойла, жаным [10, 40 бет].

Таза ойлап, татулық іс табалық! [10, 15 бет].

[Ақылға сынату] – ақылға салу, барлығын ой елегінен өткізу, тереңдеп бойлау, пайымдау.

*Ақылдан бойға сыр тарап,*

Үміттің шамы жанған күн [10, 152 бет].

[Ақылдан бойға сыр тарау] - ақылға келу, ақылды жандандыру, барлығын ой елегінен өткізу.

*Ақыл құсы адаспай аспандаса,*

Әлемде нәрсе болмас көзден таса [10, 160 бет].

[Ақыл құсы адаспай аспандаса] - ой – санасы шарықтаса, алысқа ой жіберсе [ҚТФС, 19 бет бет] [22 бет].

Егер де адам баласы шешімді ақылға салмай қабылдаса қандай жағдай туындайды? Шәкәрім мен Абай бұл сұраққа да жауап тапқан.

Ақын өзінің ақыл туралы ойларын Ескендір поэмасында өрбіткен. Бұл шығармасында Ескендірдің өзін – өзі мақтайтын қасиетін ақылсыздардың жасайтын әрекеттерінің біріне жатқызған:

*Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,*

Бойыңа өлшеп сөйлесең,нең құрайды?

Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,

Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?![23, 190 бет]

Ақылдылық, тәрбиелілік, тәртіптілік, жақсылық бәрі де адам бойынан табылады. Ақылсыз санасының төмендігінен аъ ортада өзін өзі мақтап, өзінің бағасын осылай өзі өсіреді. Ақылсыз адамдар ақылды өздері билемек болады, ақылды адамды ақыл өзі билейді:

Ақыл мені билесе керек дедім.

*Ақылды жан табылмас маған сырлас,*

Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.

Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды

Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас[23, 288 бет].

Абайдың бұл пікірлерімен Шәкәрімнің мына өлең жолдары сабақтасып жатыр.

Шатақ дінге, әдетке, не білгішке

Ноқталатпай ойымды қылдым азам.

*«Ақылға билетпеген пенде айуан»*

Десем де бола қоймас сөзім азат [5, 376 бет].

Шәкәрім Құдайбердиевтің пікірінше, адам мен айуанның айырмашылығы – олардың ақылында. Адамда таза ақыл бар, адамда ойлау қабілеті бар, адамда жан бар. Адам мен айуанның айырмашылығы да осында. Ал Алла бергенсыйды, «ақылды» пайдаланбау, жүректі тәнге билетіп, ақылға билетпеу, барлық істі ақылғасалмау, адамды «тазаадамға» емес, айуанға жақындатады, айуан қылады.

Бұлардан шығатын қорытынды: екі ғұламада Алла мен адам ақылының арасында байланыс бар екеніне сенген. Ақыл - Алланың сыйы, ол өлшеусіз екенімен екі ойшыл толық келіскен. Бірі қара сөздерінде, бірі өлеңдерінде осы мәселеге тереңірек тоқталып, дәлелдер келтірген. Ақылдың қайдан келді? Ойшылдардың пікірінше, «жаннан». Ал жанды беруші – Алла [9, 220 бет].

Адам жанының ерекшелігі ақылға ие болуында. Адам жанын өзге өсімдік пен жануар жандарынан дәрежесін жоғары көтеруші - оның санасы. Ғалым М.Әліпхановша айтсақ, адам болмысы жан мен тән аралығында орналасқан сезім мүшелерінен бастап жан қуаттарын, ақыл мәнін білумен таныла түседі.

Абай өзінің 27 қара сөзінде: «Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың» дейді [23, 326 бет]. Ғұламаның пайымдауынша, алдымен жан жаратылады, сосын оған ақыл беріледі. Шәкәрім де Абайдың ойымен толық келіскен.

Ғалым Бақытжан Рақымжанов өзінің «Шопенгауэр және Шәкәрім: дүниеге екі түрлі көзқарас» атты мақаласында Шопенгауэр мен Шәкәрімнің ақыл туралы туындыларын зерттей келе, «Шопенгауэр ақыл туралы «Ақылдың табиғаты әйелдің табиғаты сияқты. Ол тек қабылдау арқылы туа алады. Ол өз алдына жеке түк те емес», - деп жазды. Ал Шәкәрім үшін ақыл – жанның қасиеті. Шәкәрім ақылды осынша түкке тұрғысыз деп қарауға қарсы болды» деген қорытындыға келген [9, 190 бет].

Шәкәрім Абайдың осы бір ғана ойын өзінің көптеген шығармаларына арқау еткен. Және де осы тұжырымға атау берген. Ойшылдың берген атауы – жанды ақыл.

*Осыны ақыл ұқпай ма?*

*Дене жанып тықпай ма?*

*Бастапқы есті, жанды ақыл*

*Адамнан келіп шықпай ма?*

Осыдан өзге шын бар ма?[5, 321 бет].

Ақынның бұл өлең жолдары туралы ғалым Ғ.Есім: «Бастапқы, жанды ақыл деп Шәкәрім адамзатқа дейінгі болған жағдайды айтқан болар. Мүмкін ол Алланың әмірімен болатын тылсым. Ақыл қайдан шықты немесе қайдан пайда болды дегенде, ол оны жаннан шығарған, содан барып «жанды ақыл» түсінігін қалыптастырған» [18,143 бет]. Ойшыл тек бұл шығармасында ғана емес, көптеген шығармаларында бұл ұғымға тоқталып кеткен: «*Ақылды* жанның мүлкі – әлем. Тәртіппен өсіп таралды» [5, 319 бет]. «Құбылған әлем жарысы - *Ақылды* жанның табысы, Басында - ақ онда ақыл мол, Мақсатты ретпен әр ісі,

Тереңнен ойла оңғар да» [5,319 бет]. «*Жан* жолдан қосылды деп пән де, дін де, Ақылды байлап қойған соған мүлде. Ең басқы зат - *жаны* бар, *ақылды* зат. Оны ойлаған адам жоқ осы күнде» [5, 177 бет]. «Адамның *таза ақылы* жанды қимай, Амалсыз қиянатқа о да көнбек», «*Ақылмен жанды* тексермей, Денешіл, пәншіл кеселдер» [5, 201 бет].

Шәкәрім жанды сипатына байланысты бөлгенде де, ақылға ерекше орын береді. Тіпті, жанның бір түрін «ақылды жан - ум» деп атайды. Сонымен қатар, «жанды ақыл» деген түсінік кейбір туындыларында «таза ақыл» деп те келеді. Бір шығармасында «Таза ақыл ақты барлайды, Дәлелсіз сөзді алмайды, Танитын жанға кезге болса, Хақиқат жерде қалмайды» [5, 323 бет] десе, енді бір туындысында «Рух деген дінсіз *таза ақыл*. Мінсіздің ісі шын мақұл» [5, 321 бет] деп ескертеді. Бірде адамның «бөлектігі – жалғыз – ақ таза ақылда» дейді. Шәкәрім тазаақыл ұғымын бұдан да басқа он шақты өлеңінде келтірген.

Ғалым Е.Жетібаев ақынның «таза ақыл» ұғымына мынадай түсініктеме береді: Шәкәрім қағидасы бойынша, «бәрін тапқан *таза ақыл*», адамның басты борышы – сол хаосты болдырмау, алдын алу [4, 19 бет].

Шәкәрім «Ақыл құсы адаспай аспандаса» деген өлеңінде «Жанның бәрі мендей жар табар еді, Терең ой, *сау ақылмен* шамаласа» деген философиялық байлам жасайды. Ақынның бұл өлеңінен ақыл мен жан арасындағы байланыс анық байқалады. Шәкәрімнің «Жар» дегені – Алла. Ғалым А.Айтбаева өзінің «XX ғасыр басындағы қазақтың философиялық лирикасы» атты мақаласында оған мынадай сипаттама береді: «Жар» - ең жоғарғы адамгершілік сапасының иесі жаратушының символдың бейнесі. Ол арқылы әділдік, жетілу, даму бағдары айқындалады [35, 29 бет]. Яғни, Жарға жақын болу үшін, адамға «таза ақыл» керек. Бұл – Шәкәрімнің ерекшелігі. Оның дүниетанымының өзіндік артықшылығы. Шәкәрім енгізген тағы бір түсінік – «*ақыл көзі*». Абай шығармаларында негізінен «жүрек көзі» түсінігі ретінде қалыптасқан.

«Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, *ақыл көзімен* көреді» деген екен Шәкәрім [24, 6 бет]. «Ақыл көзі» деген түсінікке М.Әліпхан «Шәкәрім жасаған үш түйін» атты мақаласында тоқталған. Оның зерттеуінше, бас көзі тәнде орналасса, ақыл көзі адам болмысын құрайтын ақыл мен жан арқылы әрекет етеді. Бас көзі сезімдік таным бастауы болса, ақыл көзі логикалық танымға қызмет етеді [9, 218 бет]. Ақыл көзі адам жанын биікке көтереді.

Шәкәрім туындыларында «ақыл көзінің» антиподы ретінде «құры көз» қызмет етеді. Ғалым М.Әліпханның зерттеуінше, құры көз - тән, нәпсі, жеңіл түсінік, алдамшы рахатпен байланысты танылады. Ақыл көзі әр нәрсенің де ақиқатын анықтайды [9, 218 бет].

Ақылды Алла береді дедік. «Әрбір жан иесіне тиісті мөлшерде беріледі ме? Әлде ол өлшеусіз болады ма?» деген сұраққа екі ойшыл да жауап тапқан. Абайдың танымы бойынша, «ақыл – өлшеулі, ал оны жаратқан Алла - өлшеусіз». Шәкәрім болса, «ақылды – өлшеусіз жарық нұр» деп санайды.

Абай 38 қара сөзінде «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз - өлшеулі» [23, 358 бет] деген қорытындыға келсе, 27 сөзінде «Бұлардың бәріне таңғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осының бәрі де кез келгендіктен бір

нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? ... пәнденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты законға қаратылып жаратылды» деген философиялық байлам жасайды [23, 337 бет].

Ойшыл бір қара сөзінде ақылды өлшеулі деп санаса, бірінде өлшеусіз деп санайды. Оның бұл сөздерінің сырын профессор Ғ.Есім «Абай ақылды өлшеулі дейді, демек ақылдан тыс, бірақ та адамзатқа қалай мағлұм болмысты ол жоққа шығармайды. Ақыл жетпейтін іске адамзат қалай жетпек. Абай ақылды сынап отырған жоқ, тек оның бар мүмкіндігі туралы айтқан» деп түсіндіреді [8, 34 бет]. Ақыл жан арқылы тәнге енеді, жанмен бірге одан айырылады, кейін қайтадан өзінің онтологиялық болмысына келеді [8, 34 бет]. Шәкәрім ақылды «өлшеусіз, денеге егулі дән» ретінде қарастырады.

Абай дүниетанымында ақыл мен жан арасындағы, ақыл мен Алла арасындағы байланыс «сәуле» сөзі арқылы көрініс тапқан.

*Ақылға сәуле қонбаса,  
Айуанша жүріп күнелтпек [16, 200 бет]  
Сәулең болса кеудеңде,  
Мына сөзге көңіл бөл [16, 74 бет].*

Абайдың ақылды «сәуле, нұр» деп қарастырған философиялық байламы Шәкәрім шығармашылығында өз ізін қалдырмай қоймады:

*Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,  
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр [10, 83 бет].*

Бұл сөздің мағынасын ғалым Е.Жетібәев: «ақыл мен білімнің астында ерекше энергетиканың жатқаны баяндалып тұр» деп түсіндіреді [4, 18 бет].

Ойшылдардың ақылды нұрға, сәулеге теңеуі оның жанмен, Жармен байланысын білдіреді. **Сәуле, нұр** – табиғаттың ерекше құбылыстарының бірі. Нұр деген ол аспаннан тарайтын құбылыс болып саналады. Жоғарыдан тараған нұр адам баласының жүрегін жылытады, оның бойына сенім нұрын ұялатады. Ғалым М.Әліпханша, «сәуле» сөзі сыртқы дүниенің ақыл – ойда сәулеленуін, яғни танылуын танытады [3, 260 бет]. Оны таратушы – Тәңір. Сәуле - ақылдың толқындары, адам оны миы арқылы қабылдайды.

Шәкәрім нұрға теңесе, Абай нұрды ақылдың сипаты ретінде қарастырады:

*Үш ақ нәрсе адамның қасиеті,  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [16, 173 бет].*

Ғалым М.Мырзахметұлы ақын тіліндегі «нұрлы ақыл» сөзіне байланысты мынадай тұжырымға келеді: «Мұндағы «нұрлы ақыл» деген сөздің негізгі мағынасы Абайдың толық адам жөніндегі ұғымдармен тұтасып жатқандықтан, ол ыстық жүректің ырқымен жүретін, тек қанарахым шафағаттың дегенін іске асыратын гуманистік жолдағы ізгілікті ақылдың ізгілікті қызметін көрсетіп отыр. Ал жүректі өз ырқына көндіріп, айла мен амалдың айтқанын істейтін ақылды Абай «нұрлы ақыл» демей, оның антиподы ретінде «суық ақыл» деген анықтаушы сөзбен береді» [32, 103 бет].

Ғалым Ғ.Есімнің зерттеуінше, ақыл өзінің жарық нұр екенін жария етіп, адамзатқа білім, ғылым, технология әкелді. Адам бұдан ажарланды, нұрланды,

көкірегі ашылды, санасы оянды [18, 152 бет].

Сол Алла сыйға берген таза ақылды сақтап қалу үшін құлшылық қылу керек. Абайша айтсақ, «кім сені сүйсе, оны сүйемектік қарыз емес пе?» [23, 357 бет]. Ойшыл өзінің бір өлеңінде:

Руз, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,  
Жақсы болсаң, жақсы тұт, бәрін тегіс.  
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті  
Қылғанменен татымды бермес жеміс [23, 268 бет].

деген. Адам баласы намаз оқып, хажылық қылу керек. Бұл төртеуі де орындалуы тиіс. Тек бірін орындап, бірін орындамасаң, «татымды жеміс» бермейді. Шәкәрім өзінің «Анық асық - әулие» деген өлеңінде:

Тасбиқ, сәлде, жайнамаз,  
Тастамасаң қыс пен жаз.  
Жүрегің болса тайғақ саз,  
Сопысынан қылма наз [10,147 бет].

Ойшылдың пайымдауынша, жан иесінің жүрегі таза болмаса, құлшылық еткені санауға алынбайды.

Ақылдан тек жақсы қасиеттер ғана емес, жаман қасиеттер де шығуы мүмкін. Адам баласы зұлымдық, қастық ойлайды. Оның барлығы да осы ақылдың өрістері болып табылады. Абай өзінің 17 қара сөзінде ақыл, жүрек, қайратты ғылымға айтыстырғанда, ғылым ақылға «Амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүенгені, сенгені – сен. Екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің» деп ескертеді [23,326 бет]. Ал Шәкәрім туындыларында бұл ой төмендегідей көрініс тапқан:

Ыстық, суық, аштықтан сақтау үшін,  
Зұлымдық пен Айланы қылады есеп [10,88 бет].  
*Арам ақыл үйрендік, айла, амалдық,*  
Құлық пен өтірікті сайлап алдық [10,14 бет].

Яғни, таза ақылда адамшылық жоқ, арамдық, қастық ақылдан шығады.

Сонымен қатар, ақылдың жаман қасиетіне байланысты Шәкәрім «ноқта» дегенді жиі пайдаланады. Бұл, әрине, метафора, мысалы, «Ноқталы ой», «Ноқтадан басын ала алмас» дегендер бір ілімге түсіп, одан шыға алмай қалған адамның халін бейнелейді. Ноқталы ойлы адам – жетекке жүргіш, көнгіш жан. Шәкәрім ондайларды ұнатпайды, ол үшін басты мәселе – еркіндік. Еркі жоқ адамдар туралы Шәкәрім: «Тәні сау болса, жаны ауру» деген [18,150 бет].

Ал Абайдың туындыларына назар аударсақ, ойшыл да бұл мәселеге көңіл аударғандығын байқаймыз. Ол өзінің 14 қара сөзінде ондай адамдарды «қасқыр жүректі» дей келе, оларды «Айтқанға көнгіш, уағдаға бергіш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш» деп сипаттайды [23,323 бет].

Бірақ та бойды жаманшылықтан тазартудың жолын ойшылдар тапқан.

Шәкәрімнің пайымдауынша, ақылдың сыны – таза еңбек:

*Таза еңбекпен* тағдырдан пайдаланса,  
Адамды сонда адам деген мақұл [5,196 бет].

Профессор Ғ.Есімнің пайымдауынша, еңбектің екі түрі бар: бірі – әрекет,

бұл – шайтандық еңбек, бірі – еңбек. Шәкәрімнің айтқаны - таза, ізгілікті еңбек. Ол тек таза ақылдан шығады.

Абайдың 4 қара сөзінде «Уайым–қайғысыздығына уайым–қайғы қылдағы, сол уайым –қайғысыздықтан құтылардық орынды харакет табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды харакет өзі де уайым -қайғыны» азайтады деген байламға келеді [23, 312 бет]. Орынды харакетке ақылы сау емес, адам бара алмайды, оған тек таза ақылдың иесі ғана бара алады.

Абай орынды харакет, адал еңбекті қолдағанмен, оның пікірінше, ақылды саралайтын, оны анықтайтын – жүрек.

Шәкәрімде де бұл мәселе қарастырылады. Оған ғалым А.Бақраденова тоқталған. Шәкәрімнің «Жастарға өлеңін» талдай келе, ғалым мына жолдарға ерекше назар аударған:

Мидағы ой-тамырға жол салалық,  
Жүрекке оймен сынап апаралық!  
*Ақ жүректің* ғадалат қылған ісін  
Қабылдауға қызығып, қозғалалық! [10,13 бет]

Шәкәрім жас дененің жүрегі таза, ақылы биік болатынын ескертіп, жастардың миы тамыр сияқты әр уақытта жүрекке ұялап, ой мида тамыр жаяды, сондықтан ғылымды білуден жалықпау керектігін айтады [44, 32 бет].

Ғалым Тұрдықұл Шаңбайдың зерттеуінше, Шәкәрім дүниетанымы бойынша суғарылмаған ақыл өнбей қалады: «Саяз ақыл бас ұрған, Мақтауын көкке асырған, Жаба тоқып жасырған» [10, 141 бет]. Саяз ақылға қарама – қарсы Шәкәрім өзі ерекше ден қоятын сау ақыл бар. Сау ақылға жақын азат ақыл, еркін ақыл, арлы ақыл деген түсініктер бар. Шәкәрім ақылдың орнын ерекше бағалаған. Ақылды құсым деген, ақылды айнама деген, тіпті адам өмірін түзеуге, олардың тату тұруына апара жол да арлы ақыл деп таныған [6, 52 бет].

«Арақ – ақыл, мастық – ой, жар - хақиқат» - бұл Шәкәрімнің өзге шығармаларынан ерекшеленетін өлеңі. Мастық ой дей келе, ол арақтан болатын мастықты меңзеп отырған жоқ, ойдың тереңдігін меңзеп отыр. Ақыл адамды жарға, хақиқатқа, қарапайым тілмен айтсақ, Алланың нұрына мас қылады. Шәкәрімнің теологиялық түсінігінде адамды Алла тағаланың құдіретіне куәләндіруші қасиет - ақыл. Ақыл арқылы адам дүниені таниды. Мастық дегеніміз адамның кемелдік жолындағы халі. Ақыл- адамның рухани таразысы [36, 114 бет].

Ғалым Е.Жетібаев Шәкәрімнің ақыл туралы ойларын зерттей келе, Шәкәрім дүниетанымындағы ақылдың бейнесін жасайды:

- Ындыны тура жолға салу қабілеті бар – ақыл;
- Шын зеректілікке құмар қылушы – ақыл;
- Адам ындыны мен ақ жүректілік арқылы қоғамдық қарым – қатынастарды жүйелеуші, харакет ындынын әрекетке жол бермейтін – таза ақыл;
- Қиянат қылмаған көңіл зұлымдықтан аман адам көңілі мәңгілікке із қалдырушы қаламгер – ақыл [4,15 бет];

Егер де Абай мен Шәкәрім дүниетанымы бойынша қорытынды



жасасақ, төмендегідей нәтижеге келеміз:

- Ақыл мен жанның арасында байланыс бар, сол себепті ақыл – «таза, жанды, сау» («Көк тұман алдыңғы келер заман», «Ақыл құсы адаспай аспандаса»);
- Ақылды адамға беруші Алла, сол себепті «Алла –өлшеусіз, ақыл – өлшеулі» («Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр», «Үш анық», 38, 27 сөзі);
- Ақыл жанмен бірге келеді. Ол нұр болып тарайды, сол себепті ол «нұрлы, өлшеусіз бір жарық нұр» («Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр», «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек»);
- Жан иесі әрдайым таза ойлап, барлығын «ақылға сынатып, ақыл құсын адаспай аспандатып, ақылдан бойға сыр тарату керек», себебі ақыл – мизан (өлшеуіш) («Міндеу мен күндеу», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге»);
- Ақылдан айла, зұлымдық шығуы мүмкін, оның алдын алу үшін «таза, адал еңбек» пен «жылы жүрек» керек;
- Ақыл - ар, ұяттың күзетшісі. Ол ынсап пен арды сақтайды («Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас», «Жастарға»);
- Ақыл мен жүрек - жанның тірегі. Адам жанын жоғары көтеруші, оның рухын байытушы қасиеттер

## 2.2 Шәкәрімнің «үжданы» - Абай «жәуәнмәртлігінің» рухани жалғасы

Жәуәнмәртлік сөзі Абайдағы 38- сөзде бірақ рет қолданыс тапса да, ақын ол жайлы кең түсінік беріп, өз ойының желісін сол жанама дерек ретінде ұғым арқылы таратқан. Ғалымдардың зерттеуінше, жәуәнмәрт сөзінің түп төркіні Л.З.Бугадовтың 1868 жылы шыққан сөздігінен орын тапқан парсы тіліндегі жувонмард деген сөз екен. «Жувон» сөзінің мағынасы бозбала, жас жігіт деген ұғымды білдірсе, «мард» сөзінің мағынасы «жомарт, мырза, шапағаты» деген ұғымға орайлас [26, 78 бет].

Ғалым М.Мырзахметұлының зерттеуінше, бұл сөздің шығу тегі ерте заманда қалыптасқан. Шығыстағы ахлақ іліміне жатады [45, 10 бет].

Философия ғылымдарының докторы Н.Ж.Бәйтенова өзінің «Абай» журналында жариялаған «Абай философиясындағы адам мәселесі» атты мақаласында: «Абайдың пікірінше, жәуәнмәрт, яғни жан-жақты жетілген адамға үш негізгі қасиет: шын, ізгілік, даналық тән болуы керек» деген байламға келеді [17, 25 бет].

Абай өзінің 38 қара сөзінде: «Белгілі жәуәнмәртлік үш хаслат бірлән болар деген: сиддақ, кәрәм, ғақыл» деген философиялық байламға келеді [23, 359 бет]. Ойшылдың пайымдауынша, Жаратқан ғылым, рақым, әділетті құдіретті қылып жаратқан.

Шындықты Абай әділеттілік, ізгілікті-қайырымдылық, мейірімділік деп, ал даналықты ғылымның бір аты деп түсіндіреді. Әділеттілік – жақсылықтың

анасы, ар-ұждан да әділеттілікке негізделеді. Ғылым мен даналық адам бойындағы жақсылық пен адалдық қасиеттердің болуын үйретеді, яғни қайырымдылық қасиеттерін тәрбиелейді [17, 25 бет]. Абайдың жәуанмәртлік философиясын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі – М.Әуезов. Ғалым М.Мырзахметұлы ұлы абайтанушының зерттеулеріне сүйене келе, мынадай тұжырымға келеді: «Жәуанмәртлік жөнінде біршама мәлімет беретін деректермен таныссақ та, біз солардың ішінен Абай ақын танысқан болар деген еңбектердің бірі ретінде «Құтадғу білік» пен «Кабус-намені» нақтылы атап өтуді мақұл көрдік. Жалпы жәуанмәртліктің ерте замандарда жұрт таныған негізгі үш сипаттан тұратыны «Кабус-намеде» атап көрсетілген: «Адамның сипатын білдіретін үш нәрсе бар. Бұл үш нәрсенің бірі-ақыл, бірі-әділеттілік, бірі- жәуанмәртлік», - деп көрсетілген. Ал Абайдың 38-сөзінде бұл сипаттар: ақыл, әділет, рахым ретінде берілген. Осы екі деректегі сипаттарды аналогиялық тұрғыдан қарастырсақ, Абай ұсынған жәуанмәртліктің сипаттары негізінен «Кабус-намедегі» арнайы сөз болатын 8, 43, 44 тарауларда баяндалатын ойлармен тікелей желілес болып келетінін көреміз. Абайдағы жәуанмәртлік сипаттары өзінің адамшылық негіздері туралы түпкі нанымын, асыл мұраттарын уағыздауда, дәлелдеуде жанама дерек ретінде сілтеме жасалатыны бар. Абайда жәуанмәртліктің басты сипаттары аталып, топтары көрсетілсе, «Кабус-намеде» жәуанмәртлік деген не, оның негізі, шығар көзі негізгі сипаттары мен топтарға жіктелуі, ерекшеліктері кең тұрғыда баяндалған.

Абай адам баласының бойына пайда болатын жәуанмәртліктегі үш сипатты күнделікті өмірден туатынын табиғи тума нәрселер деп білгендіктен: «Бұлар өз иждиһатын бірлән, ниетқалыс бірлан ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ» деп арнайы түрде олардың кәсіби құбылыс екенін ескеріп отыр. «Кабус-намеде» адам бойындағы рухани нәрселер: ес, қиял, ой, сөз, жәуанмәртлікті (бес ішкі сезім) жоғарғы рухтан келген құбылыс деп таниды. Осы іспеттес Абай танымынан мүлде алыс көзқарастар, әсіресе, жәуанмәртлікке тән үш сипатты иемденуші әлеуметтік топтарды жіктеуден де анығырақ байқалады [32, 78 -81 бет].

Ғалым Кабус – наме мен Абайдың жәуанмәртлік философиясын салыстыра келе, Кабус – намедегі төрт пішінді сөз етеді: «Олар жан, тән, сезім, мағына. Осы төрт пішінді білдіретін ұғымдарды әлеуметтік топтарға таратқанда. 1) үлесіне тән тигендер-жәуанмәртліктер, 2) үлесіне жан мен тән тигендер мағрифаттар яғни теологтар, 3) үлесіне тән, жан, сезім, мағына төртеуі түгел тигендер - пайғамбарлар, періштелер деп аталады» [32, 81 бет].

Абай шығармаларында «ғалым» сөзі 15 рет, «хаким» сөзі 20 рет қолданылған [32, 81 бет]. Абай пікірінше, осы екі сөздің асылы бір болғаны мен оның танымындағы мағынасы басқаша, өзіндік ерекшелігі бар ұғымдарға жатады. 38 қара сөзде Абай ғылым салаларын барынша саралайды да, олардың иесі ретіндегі ғалымдар мен хакимдерге ерекше көңіл бөліп, өз тарапынан өзінше түсінік те береді. Мысалы, Абай нақылияға жүйріктерді ғалым деп санайды да «...дүниеде ғылым заһири бар, олар айтылмыштарды нақылия деп атайды, бұл нақылияға жүйріктер ғалым атанады», -деп көрсетеді.

Ғалым М.Мырзахметұлы М.Әуезовтің зерттеулеріне жоғары баға бере келе: «М.Әуезовтің осы айтылған айғақты деректер негізінде Абайдың исламиятқа қатысын, дін жайлы танымын терең білу себепті, Абай діні адамгершіліктің дініне айналған астарын да саралап ашып берген. Мұндағы М.Әуезов ойының негізгі желілері – 38 сөздегі құдайдың бойындағы сипаттарды екшей келіп, Абайдың айтайын деген гуманистік ойына арқау болған адамгершілік идеяларын даралап арнайы танытуда жатыр. Бұл танымның негізі, әсіресе, Абайдың жәуанмәртлік туралы ойларымен өзектес жатыр десе болғандай. Себебі осы жайлы Абайдың толық адам, инсанияттың кәмәләттігі жөніндегі ой толғаныстары Абайдың мораль философиясында мол қамтылған» деген қорытынды жасайды [32, 78 -81 бет].

Ойшыл туындыларындағы жәуанмәртлік мәселесін ғалым А.Омаров зерттеген болатын. Ол өзінің «Абайдың жәуанмәртлік философиясы» атты кандидаттық диссертациясында ғұламаның отыз сегізінші сөзін Абай қарасөздерінің ең көлемдісі әрі қиын сырлы күрделі шығарма, дәлдісінде, даналық трактат екеніне кеңінен тоқталады. Бұл сөздегі басты мәселе ретінде жәуанмәртлікті қарастырады: «Соның бірі – жәуанмәртлік мәселесі. Ол – адамның сана мәртебесінің даму, өсу заңы. Екінші түрде жәуанмәртлік – пенденің өзін өзі тәрбиелеудің рухани өсуі, Абайдың өзінше айтсақ, «пенденің кәмәләттығы» туралы ілім. Махаббат – Жаратушының көрінісі хәм білінуі. Сондықтан Абайдың тануынша, адамның өздігінен жетілу шарты – махаббат сезім. Одан ғәдаләт (әділет) сезім туады. Барша ізгілік атаулының анасы, сайып келгенде, осы екі сезім. Осы екеуі ғана «Құдайға лайық» және «Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ» дейді Абай. Бұлардан шығатын қорытынды: Жаратушы тіршілікті жеке адам, қоғам өмірі, күллі жан иелері деп қарап, белігілі бір заңмен басқармақ». Абайдың шығармашылығын зерттей келе, ғалым ол заңды – ғәдаләт дейді [45,3 бет]. Абайша, адамның адамдығының көрсеткіші. Ол – Жаратушымен де, оның жаратқандарымен де «мұғамәла қылатын» (сүйіспеншілік қарым – қатынас) парасат биігіне жеткен адам. Қарапайым қазақ халқының сөздік қорында кездесетін адамгершілік қасиеттердің бірі биік деңгейге көтерілген [45,3 бет]. Бұл тақырыпқа қатысты туындыларының бірі 38 қара сөзді саралай келсек, екі ірі тақырыпты байқаймыз: бірі - жомарт Жаратушыны тану, бірі - жомарт Хақтың пендесіне салған жолы қайсы екенін анықтау.

Тәңірге жету үшін оған иман келтіру керек. Ол әділ адамдарды сүйеді. Ондай адамдар жақсы, шапағатты істерді істеуге ұмтылады. Абай адам әділ болу керек десе, Шәкәрім арлы болу керек дейді.

Адам балсы жәуанмәртлікке қалай жетеді, Абайдың 38 қара сөзін зерттей келе, ғалым мынадай қорытындыға келеді:

- Жаратушыны танымақтық;
- Өзін танымақтық
- Дүниені танымақтық
- Пайдалы мен залалдыны айырмақтық

Алғашқы үшеуі болмыс бірлігі «Алла – адам - әлем» [45,11 бет].

Абайдың жәуанмәртлік ұғымымен Ш.Кұдайбердиевтің ұждан туралы даналық маржандары ұштасып жатыр.

Шәкәрім «Үш анық» шығармасында ұжданды адамның басты құндылығы дәрежесіне дейін көтереді. Егер де адам да ұждан болмаса, оған ешбір ғылым көмектесе алмайды. Абай үшін Жүрек Қайрат пен Ақылдан гөрі маңыздырақ болса, Шәкәрім үшін Ұждан бар ғылымнан да биік тұрады [43, 127 бет].

Ғалым Рақымжанов Шәкәрімнің ұжданы туралы мынадай қорытындығы келеді: «Шәкәрімнің ойынша, жанда жаратушылық қасиет бар. Барлық денелер жаннан жаратылады. Жанның бірнеше түрі бар. Адамның жаны ең қуаттысы саналады. Сонымен қатар, жан туралы мәселеде ол алғашқы рет жан мен рухты бөліп қараған ойшыл. Рухты таза ақыл деп санаған. Ол – жанның қасиеті. Шәкәрімнің ойынша жанның жоғалуына себеп жоқ, ол тек басқа күйге түседі. Адамның барлық қасиеттері жаннан шығады. Олай болса адам үшін тәннен гөрі жанның кемелдігі маңыздырақ. Жанның үнемі жетілу процесі белгілі қажеттіліктер арқылы іске асады. Жанның тілегі – ұждан. Ұжданға әділет, ынсап, мейірімді жатқызған» [40, 20 бет].

Шәкәрім «Үш анық» шығармасында «Адам нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша ұждан, орысша совесть бар. Бұл не? Ұждан – жанның тілегі, Неге десеніз, жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Соның қатты бір керегі – ұждан. Жан екі өмірде де азығы – ұждан деумен еш нәрседен кемдік көрмейді» деген философиялық байлам жасаған [24, 30-34 бет].

Бұл ойын Шәкәрім «Ұждандыны мақтайды тамам адам» деген өлеңінде қайта дәлелдей түседі. Ақынның пайымдауынша, адам баласы тек мақтау үшін өмір сүріп, азап тартып, өлген соң тірілмеймін деген ойда болады. Алайда, «жанымыз жоғалмайды» [5, 279 бет]. Сондықтан адам баласы «түпсіз рахат, тозбас заман» болсын десе, «ар мен ынсапты сақтауы» керек, «жан ар ынсапты сақтаса» ғана «өлген соң бәйге аларын түсінеді». Жан ұжданға ие болуы үшін «ақ жүрек пен адал ниетпен» сеніп, ұжданды «ақылымен қабылдауы» керек.

Шәкәрім «Ар түзер адамның адамдық санасын» деп, ұждан ұғымына зор мән бере қарағандықтан:

Шын *таза жан* тазалықпен

Тәңірісіне барады ол.

*Мейірім, ынсап, әділеттен*

Ағызам деп нұр бұлақ! - [10, 119 бет].

деп, өзі қойған екінші сауалға жауап тапқан. Шәкәрімнің пайымдауынша, екі өмірдің ортасында өмір сүріп отырған адамның атқарар адамшылық жолындағы қызметі – ұждан арқылы жан дүниесін тазалап, кемел адам деңгейіне көтерілуарқылы иманын кәміл ету болмақ. Осы себепті Шәкәрімнің екінші сұраққа, яғни «не қылған жөн?» деген мәселеге беретін жауабы – адам ар жолында табанды еңбек етуі тиіс. Сондықтан ұжданды пенденің мұрат – мақсаты қайда жатқанын, арман-мақсатының темірқазықтай адастырмас бағытын үлкен сеніммен бағыт-бағдар бере жөн сілтейтінін көреміз.

Шәкәрім ар жолының, ұжданның жан тазалығында атқаратын рөліне аса мән берді. Абай да өзінің шығармаларында ар жолының табиғатын ашты.

Абайдың ойынша, адам осы дүниенің, мәңгіліктің туындысы болса, пенде – жалғанның немесе күнделікті тіршіліктің көрінісі. Сондықтан адам, оның бар болмысы ең алдымен адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық, ақиқат сияқты принциптерге негізделсе, ал пенде күнделікті күн көріс шеңберінен шыға алмайды. Абайдың пікірінше, тіршілікте ар сақтау да, жан сақтау да бар. Әрине, Абай өзінің адамгершілік философиясы тұрғысынан ар сақтауды жан сақтаудан жоғары қояды [17, 25 бет].

Абай:

«Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,  
Арын сатып тіленген малы құрсын.  
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,  
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын» [16, 12 бет].

деген қорытындыға келеді

Адамның о дүниедегі өмірі осы дүниедегі өмірімен тікелей байланысты. Ғалым Б.Қ.Батыршаевтың зерттеуінше, ұждан әр адамда бар, бірақ та оны барлығы бірдей бағындыра алмайды, ол үшін ерік керек. Шәкәрімнің діни – танымдық көзқарасын зерттеген ғалым еріктің табиғатын былай ашады:

«Шәкәрім жауыздықтың қайнарын адамның сезімдік тілектерінен көреді. Адамды ол екі бөліктің тірлігі ретінде қарайды: көзге көрінетін (тәні) және көрінбейтіні (жан дүниесі). Танымдық жан дүниесі өнегелі функциялардың қозғаушы күші, жөн алып жүруші; нақ сол нәрсе пайданы залалды нәрседен ажыратуға қабілетті. Егер жан дүниеге жетуге талпынса, адам өзінің дінін нығайта түседі. Егер адамның бойында «сезімдік – тілек жеңсе, онда дін алшақтайды. «Адам баласында, - деп жазады ол, - екі қажеттілік бар – тәндік және рухани. Өзіне – өзі ұдайы қамқорлық жасау, өзін-өзі жақсы көру, менмендік – бұл тән қажеттілігі. Ар-ұждан, адал еңбек етуге ұмтылу – жан – дүниенің қажеттілігі. Бірінші қажеттілік жеңгендер толысу, даңқ, атақ үшін еш нәрседен де, тіпті зиянды әрекеттерден де тартынбайды. Екіншісі, мансапсыз еңбек пен игі істерден өзгені қаламайды» [46, 380 бет].

Адамның еркі өзінің сезімдік тілектерінде де еркін. Құдай жаратқан әсер әрбір жеке адамның іс-әрекетінің танымдық деңгейіне байланысты. Әрбірі өзінің күнәсына жазаланады және жаман істері өлшемінің нәтижесі болып табылады. Жеке адам өзінің адамгершілік мүмкіндіктерін өзі іске асырады, ал Құдай өзіндік бір себепші болады.

Ғалым Ш.Құдайбердіұлының еңбектерінен мынадай тұжырым жасайды: «Шәкәрім «сезімдік тілектерді» адамның ақылсыз тәнімен орайластырады. Адамның өлгеннен кейіргі тағдыры тұтастай оның жер бетіндегі өміріне байланысты» [47, 93 бет].

*Ақылмен өлшеп санасам,  
Қозады оған ескі кек [10, 29 бет].  
Бастағы көз, құлаққа сенімім жоқ,  
Терең ой мен ақылға айтамын дат [5, 218 бет].*

Ақын тапқан анық – ұждан құрамында ақыл жоқ қой деп жатуға негіз жоқ. Ғалым М.Әліпханның пайымдауынша, Шәкәрім ұждан қасиетінің қатарына ақылды қоспаса да, ол әділет дегенде сол ақыл мен әділеттің бірлігін қарастырған [9, 219 бет]. Себебі әділет пен ақыл егіз.

Ал Абай болса, әділетті де, ақылды да жәуанмәртліктің сипаты ретінде таныды.

Ғалым М.Әліпханның зерттеуінше, Абай да ақылдың нұрлы болуын әділетпен байланыстырады. Әділет – әр нәрсенің де ақылға сыйымды, ақылға сай болмысы. Адам болмысының өз атына сай биік әрі асыл болуы да әл-Фараби жазғандай, тәннің жан үшін, жанның жетілу үшін, ал жетілудің қайырымдылық пен даналық жолында көрініс табуына тәуелді. Адам болмысының тән, жан, ақыл бағытында жетілуі әділет көрінісі десек кері бағытты әділеттің бұзылуы деп ұққан жөн. Себебі адамзат баласы тән, нәпсі жолына түссе, әділеттілігін жоғалтады, онымен қоса жаны да тіршілік иесі болудан қалады. Әр нәрсенің де орны мен жөнін, обал – сауабын, өлшемін білу ақылсыз, жүзеге аспайды. Демек, ынсап та ақылдың әмірін орындаушы секілді. Аристотельше айтар болсақ, Шәкәрім ақын насихаттаған ынсап, әділет, мейірім - жан деңгейіне орнығатын қайырымдылықтар, яғни жанның денсаулығы, жақсы халін құрайтын қасиеттер [9, 219 бет].

«Ар ғылымы оқылса», - деп армандаған ойлы ақынның келер ұрпаққа нұсқаған адамшылық жолы – әр адамның жан тілегіне айналған Ұжданды (әділет, ынсап, мейірім) тұла бойына ұялату болғандықтан: «...ұждан, совесть, жан екі өмірге бірдей керек таяныщ екеніне нанаалмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен Ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты» [24, 31 бет].

«Таза адам» жасау жолындағы Шәкәрімнің ойлары мен тұжырымдары абстактылы дүние емес. Ақын әлдеқандай бір күмәнді. қиялда ғана өмір сүретін ұғымға талпынбайды. Оның бейнелеген адамы – өмірдің барлық саласына қатысы бар шынайы тұлға, нақты бейне. Шәкәрім өлеңдерінде сомдалатын осындай нақты тұлғалардың ең шоқтысы – ұлы Абай ақынның бейнесі. Шәкәрім бірқатар шығармаларында Абайдың ұлты тағдырындағы рөлің ашып береді. Абайды ұлттың ұстазы дәрежесіне көтереді [48, 195 бет].

Ұжданға мейірім, ынсап, әділетті жатқыздық. Енді әрбіреуін жеке – жеке қарастырсақ. Ғалым Т.Шаңбайдың зерттеуінше, мейірім, мейірімділік – тұлғаның ұждандық қасиеті, гуманистік ұғым. Мейірім жүректің субстанциялық сипатының да көрінісі. Шәкәрім шығармашылығында мейірім негізгі тірек ұғымдардың бірі болып табылады. Ғұлама оны адамдықтың ең биік қасиетті ұжданның үш сипатының бірі ретінде қарастырып, «ұждан – дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» деген философиялық байламға келген. Оның лирикасында мейірім ақ жүрек шығатын нұрлы жағымды қасиет ретінде ерекше бейнеленген [9, 56 бет].

Ал Абай шығармаларында мейірім ұғымы орын алса да, негізінен мейірімге жақын ұғымның бірі «рақым» орын алған.

Ынсап - адамның ақыл қасиеті, адамдық өлшем биігі, этика – философиялық ұғым. Шәкәрім ынсапты ұжданның үш сипатының бірі ретінде қарастырған. Екі өмірге бірдей керек ұжданға ынсаптың тірек болуы, адамшылықтың тірегі екенін көрсетеді.

Шәкәрім ынсапты философиялық лирикасында сабыр, ұят, ар, рақым, ой, сақтық, талап секілді адамның асыл қасиеттерінің қатарында бейнелейді. Оның биік болуының сыры - әділдігінде. Ақын шығармашылығында оның мәні терең ашылып, статусы айқындалады:

Ынсап деген аспайды, ем қалмайды,  
Орнын тапмай, ол, сірә, қозғалмайды [10, 75 бет]

Шәкәрім «ынсап, рақымды» талаптың ноктасына жатқызып, басты орынды ынсапқа береді:

*Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық –*  
Талапқа алты түрлі нокта тақтық.  
Алтауының ішінде ынсап әділ,  
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық [10, 76 бет].

Абай да өз заманында бұл туралы ой қозғаған. Абай ынсап әділеттен шығады деп пайымдаған: «Ынсап, ұят – бұл ғадаләттән шығады» [23, 358 бет]. Ғадаләт дегені әділет. Ғалым А.Омаров «Абайдың жәуанмәртлік философиясы» атты еңбегінде «ғадаләт» туралы мынадай тұжырым жасайды: «Ғадаләт – тірліктің, болмыстың ең жоғарғы заңы. Адамның адамдығы оны әдеб қылудан басталмақ» [48, 3 бет].

Ынсаптың әділеттен шығатындығын Шәкәрім де қолдаған. Еріншек, Сабыр, Ашуды айтыстырған «Ашу мен ынсап» өлеңінде дұрыс шешімді қабылдаушы, әділетті үкімді шығарушы ретінде ынсапты бейнелейді:

Айтып – айтып келді де,  
Бәрі *Ынсапқа сынатты*.  
Ынсап өлшеп көрді де,  
Былайша деп үн қатты [10, 76 бет].

Ақын әділеттілікті ынсаптың басты қасиеті ретінде танығандығын осы өлең жолдарынан байқаймыз.

Нәпсіні тыюшы, оның емін тауып, өлшемін анықтаушы - ынсап деп түсінгеніміз жөн.

Абай өзінің 43 сөзінде ынсап деген ұғым кездеспесе де, ол әр нәрсенің, әр әрекеттің өзінің өлшемі болатыны жайында «Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білсек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені де болады» деген философиялық байлам жасайды [23, 378 бет].

Ойшыл адамзат баласының ішу, жеу, киім кию, күлу, мансап іздеу, сүю, мал жию секілді қажеттіліктеріне қарсы шықпаған, оны жоққа да шығармаған,

тек «Бұл нәрселердің бәрінің өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса боғы шығады» деп ескертеді [23, 378 бет].

Ал Шәкәрім «Бас көзімен қарасаң – нәпсі жалған» деген өлеңінде ынсаптың нәпсіні тыю қасиеті туралы мынадай ой қозғайды:

Нәпсі үйінде *байлаулы Ынсап* жатыр,  
Мұның емін, тегінде, сол аша алған.  
Сопысынып, ақсынып, әуре болмай,  
Ер болсаң, босатып ал сол зынданнан [5, 259 бет].

Шәкәрім нәпсіден қашпа деп отыр, мықты болсаң, сол нәпсінің емін білген, оның өлшемі Ынсапты босатып ал деп отыр. Бұл жерде нәпсінің жақсылық қасиетіне Ынсаптың тікелей қатысы барлығын ашып отыр. Қазақ поэзиясында нәпсінің өміршең қуатын Шәкәрімдей бейнелеп берген ақын жоқ. Шәкәрім түсінігінде нәпсі су құйған сайын өршеленер от іспеттес. Шәкәрім дертке айналған нәпсіні қатты сынайды [9, 57 бет].

Осы нәпсіні тежеуші, әр нәрсені өз өлшеміне келтіруші – ынсап. Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты өлеңінде ынсап, ұят туралы ой қозғап, оларды терең ойға қажетті қасиеттер деп таниды:

*Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап* –  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап [16, 49 бет].

Ал Шәкәрім бұл қасиеттердің қатарын толтырып, ойдың тазалығы үшін қажет қасиеттер деп таңбалайды:

Өмірдің өкінбейтін бар айласы,  
Ол айла – *қиянатсыз ой тазасы*.  
*Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек*,  
*Таза жүрек, тату дос* – сол шарасы [10, 88 бет].

Сонымен қатар, соңғы жолдарда ұждан туралы ой қозғалған. Себебі, мейірім, ынсап, әділет – үшеуі бірігіп ұжданды құрайды. Ұжданға адал еңбек, таза жүрек қосылса, ой таза болады, ал таза ой адамның жанын биікке көтереді.

«Ұждан» Шәкәрім танымында «таза адамды» қалыптастырудың бір шарты болып табылады. Үш қасиеттің қатарына адал еңбекті қосып, «шын» адамның табиғатын ашады:

*Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек* –  
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол [10, 86 бет].

Ал Абай болса, мейірім, ынсапты жүректің қасиеті ретінде қарастырады: «Рақымдылық, мейірімділік, әр түрлі есте адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі» [23, 323 бет].

Ойшылдың бұл қара сөзі туралы ғалым А.Салқынбай: «Жүректілік жігерліліктен, қайраттылықтан, ақылдының сөзіне иланудан аңғарылатынына көбісі мән бере бермейді. Халықтың не үшін азып жүр? Ол өз ақылсыздығынан емес, ақылдының сөзін тыңдамағанынан азып жүр» деген тұжырым жасайды [38, 165 бет]. Жүрекке қажет қасиеттер ретінде А.Құнабайұлы жігер, қайрат, байлаулылықты көрсетеді. «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан



азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» [23, 323 бет].

Абай суреттеген «рақымдылық» Шәкәрімде «мейірім» деп, «байлаулылық» «ынсап» деп танылады. Алайда рақым деген Алладан шығатынын, ал мейірім деген адамнан шығатынын ескерген жөн.

Шәкәрім ұждан мәселесінің «Алты әңгіме» деген туындысында да көтерген. Үшінші әңгімесін «Ұждан» деп атаған. Қытай патшалығы, патшалықтағы хан мен уәзірлер, ұрлықшылар мен байлар туралы сөз қозғаған бұл әңгімесінде ұжданды қыз бейнесінде, ынсапты туысқан қарындасы ретінде бейнелейді. Қыз – ұждан қытайларға, оның ханына келіп, «Ей кісі, маған қара! Сен бүгін не істедің, соны анық тексеріп ойла!» деп түннің бір уақытында ғана мазалайтын [46, 289 бет]. Ұжданнан құтыла алмаған қытайлықтар Пекин қаласындағы өздерінше ең молда, ең зор бақсы, ақылды Ту –Ту – Син деген қариядан көмек сұрайды. Қария заң жасауды ұсынады. Заңда қай іс –әрекет дұрыс, қай іс – әрекет бұрыс екені анық жазылатынын ескертеді. Ал қыз – ұждан келсе, «Кет, жоғал! Мен не қылсам заң жолымен қылдым деп, көрпені басыңа бүркеніп ұйықтай беруге керек» деп айтыңдар» деген кеңес береді [46,291 бет]. Заң жасаса да, заңмен жүрсе де, ұждан әрдайым түнде келіп, елді мазалайды. Бір күні ханға келіп, «малыңды бейшараларға үлестіремін деп уәде бергенсің, уәдеңді орында» деп кінә тағады. Алайда хан заңның баптарын сылтаулатып, уәдесін орындаудан құтылып кетеді. Осы жолы уәзірлері ұжданды ұстап алып, зынданға тастайды. Осылай ол қол – аяғы байлаулы қалпында абақтыда жатады. Шәкәрім әңгімесін мына өлең жолдарымен қорытындылайды:

Тегінде, ұждансыз адам өлікке есеп,  
Адамның кеселі жоқ мұнан кесек.

*Ар, ынсапсыз, мейірімсіз залымдарды*

Қате қылған болмаспыз хайуан десек [46, 292 бет].

Бұл өлең жолдарынан ар, ынсап, мейірімі жоқ адамдарды ақын өлік қатарынан көргенін анық байқаймыз. Олар өз ұждандарын зынданға салған. Олар өздерінің істеріне жауап бермейді. Олар өздеріне – өздері есеп бермейді. Тірі өліктер.

Егер дүние мақсатты жарасымдылықта дамып жетілсе, адамның жаны мәдениетті жасауда ең негізгі роль атқарса, оған енді азық керек. Ол – ұждан. Ұждан – бұл Шәкәрім философиясындағы үшінші – анық. Ұждансыз адамды елестету мүмкін емес. Себебі ол адамның ішкі рухани әлемі болып саналады [49, 50 бет].

Абай да, Шәкәрім де әділет, ынсап, мейірімділік, рақым мәселелерін қарастырғанда жан тазалығы, Алла алдындағы тазалық, тән тазалығы туралы да ой қозғайды. Себебі бұл қасиеттер тек «таза» жанға ғана қонады.

А. Құнанбаев 17 кара сөзінде тазалықтың табиғатын былай ашады: «Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» [23, 327 бет]. Шәкәрім өз туындыларында «Құдай таза жаратты сен таза бол» [10, 54 бет] деп ескертеді.

Ұжданды, бойына жәуанмәртліктің қасиеттерін ұялатқан, «толық», «таза» адам «күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзінен өзі есеп алады» [23, 324 бет].

Абайдың «жәуанмәртлік» мәселесі көрініс тапқан шығармалары:

- 38 қара сөз;
- 17 қара сөз;
- 15 қара сөз;
- Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман;
- Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы;
- Әсемпаз болма әрнеге;
- Адамның кейбір кездері.

Шәкәрімнің «ұждан» мәселесі көрініс тапқан шығармалары:

- «Үш анық»;
- Ұждандыны мақтайды тамам адам;
- «Талап пен ақыл»;
- «Ашу мен Ынсап»;
- «Мал жимақ»;
- «Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы»;
- «Адамнан артық жандық жаралмаған»;
- «Алты әңгіме»;

Қорытындылай келсек, адам болу дегеніміз өнегелік, ұдайы өз ар – ұждан, адамның жүрегінен шығатын ішкі талаптарға ұқыпты қарау, тұлғаның моральдық өмірден алған тәжірибесін шындауы [50, 576 бет].

Шәкәрімнің «ар» іліміне сәйкес келетін жан иесі «таза адам» болып саналады. Шәкәрім бұл туралы өз шығармаларында көп ой қозғаған болатын. Бір туындысында «таза адам» десе, бірінде «шын адам» дейді. Бұл жан иесінің бойындағы қасиеттер Абай суреттеген «толық адам» бойындағы қасиеттермен сабақтасып жатыр. Екі ойшылдың көзқарастары мен тұжырымдарын қорытындылай келе, «толық», «таза» адамның бейнесін шығаруға болады. Ол -

- нұрлы, жанды, сау, таза ақылдың,
- ақ, жылы, ғаділ жүректің,
- адал еңбектің,
- харекеттің,
- ыстық қайраттың,
- терең ойдың,
- мейірім, байлаулы ынсап, рақымдылықтың,
- әділеттіліктің иесі.

Оның жүрегінің «тілі», ақылының «көзі» бар.

### 3 МОНОЛОГ

#### «Адам болам десеңіз»

Жақында «Сырласу» бағдарламасына белгілі абайтанушы Омар Жәлел келді. Ғалым жүргізушінің «Адам болу үшін не істеу керек» деген сұрағына «Абай мен Шәкәрімді оқу керек» деді. Ғалымның жауабы мені біраз ойландырды.

Алдымен «Адам деген кім?» деген сұрақ туындайды. Адам – жан мен тәннің бірлігі. Абай айтпақшы: «Ақыл мен жан – мен өзім, «тән» - менікі, мені мен менікінің мағынасы екі. Шынымен, жан – мәңгілік, ал тән, тән – топыраққа көміледі де қалады. Шәкәрімше, жан менен тән – қосылған ерлі-қатын. Ер адам: «Жаным, сенімен мәңгілік болғым келеді» дегенде, әйел адам: «Қиналдым, қол ұшыңды берші» дегенде, бір-біріне көмектесе, екеуі егіз болмай ма? Сол сияқты тән де жанға қолғабыс болса, жан тәнмен байланыс жасап, жан мен тән қосылса, адам деген ұлы күш пайда болмай ма?

Қазір жастардың көбісі «Мен бай болғым келеді» деп армандайды. Ал байлық деген ол ақша ма? Жо-жоқ, жаның бай болса, рухани дүниен бай болса, нағыз бай сен боласың. Байлық деген бұл өз дәрежең. Мұқағали Мақатаев айтпақшы, «Ей бауырым! Өз дәрежең болмасаң бұл жалғанда несіне өмір сүргенсің?». Дәреже ол атағын, лауызымың емес, дәреже деген өзгелерге қайырымдылық жасап, адал еңбек етіп, әділетті болып, жеткен дәрежең! Дәрежем болсын, адам болам десең, Шәкәрімнің мына жолдарын оқы, соны ұқ.

Өмірдің өкінбейтін бар айналасы,

Ол айла - қиянатсыз ой тазасы.

Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,

Таза жүрек, тату дос - сол шарасы.

Адам осылардан қалыптасады. Өкінішке орай, өмірде әр түрлі адамдар кездеседі, алайда оның бәрі адам ба?

#### Бір адам бар.

Бір адам бар жақсылықты қалайтын,

Бір адам бар пенделерді алдайтын.

Бір адамның шырайында күлкі жоқ,

Бір адам бар жүректерді баурайтын.

Бір адам бар пенделерге «мен» дейтін,

Өзімсініп, өзгелерді көрмейтін.

Бір адам бар жүрегі аппақ, тап-ыза,

Ар күзетіп, «арлы» іске, «кел» дейтін.

Бір адам бар көксегені тек байлық,

Айға шауып, алсам екен көп айлық.

Ол адамның тәні сұлу болғанмен,

Жүрегі мен жаны қалған қартайып.

Бұл фәниде құрттай қайнар «соқырлар»,  
Жанар көрер, бірақ жаны «соқыр да».  
Таңдау сенің, сенің ғана қолыңда,  
Қай адамсың, өзің таңда, оқырман.

### **Өмір мәні**

Бірі үшін мына өмір мәнсіздік  
Бірі дайын ренжітуге әлсізді  
Бір кездері тірі болып жүргенмен,  
Кей кездерде тек тәні бар жансызбыз.

Түсінбейміз бұл фәнидің қадірін,  
Қиын сәтте еске аламыз Тәңірді.  
Өз-өзіңді мақтан тұтып қайтесің,  
Өзгелерге сыйламасаң, жан нұрын.

Несіне сен өкінесің өмірге,  
Қателіксіз мына өмір өмір бе?  
Ар күзетіп, арлы іске бет бұрсаң,  
Өмірменен суалады көңіл де.

Алла саған қиындықты береді,  
Шалынсаң да өтеріңе сенеді  
Өз қатесін түзетуге бет бұрған,  
Өз бойының әлсіздігін жеңеді.

**Міркемел Айнұр Мұратқызы**

**4 ӘДЕБИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**  
**А.ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ**  
**«Жүректе қайрат болмаса...»**

5	3	
Жүректе қайрат // болмаса, //		8 а
6	3	
Ұйықтаған ойды // кім түртпек? //		9 б
5	3	
Ақылға сәуле // қонбаса, //		8 а
5	3	
Хайуанша жүріп // күнелтпек. //		8 б
5	3	
Аспаса ақыл // қайраттан, //		8 а
5	3	
Тереңге бармас // үстірттер. //		8 б
5	3	
Қартыңның ойы // шар тартқан, //		8 а
5	3	
Әдеті жеңіп // күңгірттер. //		8 б
4	3	
Тән сүйгенін // бермесе, //		7 а
4	4	
Жан шыдамас // жаны ашып. //		8 б
4	3	
Бере берсең // бер десе, //		7 а
4	3	
Үміт етер, //таласып. //		7 б
4	3	
Малда да бар // жан мен тән, //		7 а
4	3	
Ақыл, сезім // болмаса. //		7 б
4	3	
Тіршіліктің // несі сән, //		7 а
4	3	
Тереңге бет // қоймаса.!!//		7 б

5	3	
Атымды адам	// қойған соң,	// 8 а
4	3	
Қайтіп надан	// болайын? //	7 б
4	3	
Халқым надан	// болған соң,	// 7 а
4	3	
Қайда барып	// оңайын?! //	7 б
(Абай. «Қалың елім қазағым»:Шығармалары, 165 бет)		

**Жанры:** лирика; философиялық лирика.

**Тақырыбы:** жүрек, ақыл, қайрат бірлігі.

**Идеясы:** «Жүректе қайрат болмаса», «ақылға сәуле қонбаса», «аспаса ақыл қайраттан», адам «толық» бола алмайды. Сондықтан, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау керек.

**Поэтикалық тілі:**

**Эпитет:** Ұйықтаған ойды, кім түртпек?

**Тенеу:** Хайуанша жүріп, күнелпек

**Өлеңнің құрылысы:** 5 шумақты, әрбір шумағы 4 тармақты, 2 бунақты, араласа буынды (7-8-9), шалыс ұйқасқа құрылған өлең.

**Қосымша:** Абайдың 1898 жылы жазған өлеңі. Көлемі 20 жол. Абай бұл туындысында жүректің ақылдығы мен нәзіктігін жырлаған. Алғаш 1909 жылы С.Петербургте жарық көрген. «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Мүрсейіт қолжазбаларында 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда 3-шумақтың 4 жолы «Әдет етер таласып» делінсе, 1957, 1977 жылдағы жинақтарда бұл жолы 1909 жылғы басылым негізінде «Үміт етер таласып» болып берілген. («Абай» Энциклопедия, 260 бет)

Ғалым Мақсат Әліпхановтың пікірінше, Абай өзінің «Жүректе қайрат болмаса» атты өлеңінде үш қасиеттің өзіндік ерекшеліктерін ашып баққанына назар аударған. Абайдың

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса,

- деген жолдарын мысалға келтіре, ақынның қайраттан ақылды артық санағанын атап өткен. «Мұндағы «жан» дегені әйтеуір тірі болуды, өлі емес тірлікті танытады. Ақын Сократтан алған сөзінде тірлік тәнге жан келуімен басталатыны айтылады. Жан мен тән мүшелерінің табиғи, рухани қабілет – қызметтерінің көзі секілді көрінеді. Абай: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады». Сонда адамда бар жан хайуанда да бар екен. Осы ойын ақын алтыншы сөзімен де растай алады: «... ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ ондай тірлік итте де бар».

Сөйтіп, «Малда да бар жан мен тән» дегені осы тірлік, яғни иірі болу. Ақын айтатын қайраттың ең төменгі түсінігі де осы, ал мағыналы мін мен

қасиеті дүниені танып – білу мен жақсылық жасауға көмекші болуымен танылады. Ақынның «жан мен тән» дегені қайрат. Өлең шумағының соңғы екі жолы біз үзіндісін келтірген 7 – сөздегі ойды түгелдей қайталайды:

Тіршіліктің несі сән,  
Тереңге бет қоймаса?

Жан мен тән, яғни қайрат адам мен хайуанда бірдей болатын, екеуіне де ортақ қасиет екен. Сондықтан да ақын ақылды қайраттан артық көреді:

Аспаса ақыл, қайраттан,  
Тереңге бармас, үстірттер.

Ақынның ерекше бөліп айтпақ болғаны – дүниені танып білу. Сол ғана адамды хайуаннан артық етеді.

Ақылға сәуле қонбаса,  
Айуанша жүріп күнелтпек.

«Сәуле» сөзі сыртқы дүниенің ақыл – ойда сәулеленуін, яғни танылуын танытады. Абай ақылдың өзін өз күйінде қаншалықты қасиетті көрсе де, оның ең асыл қасиеті – танып – білуін жүрекке, жүректегі сүюге тәуелді етеді.

Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек.

Ақылмен танып білу сүюден басталады, әрі сүюмен ғана жемісті болмақ. Ойды түртіп оятатын, сөйтіп іске қосатын жүректегі ынтағ талап, ықылас екен. Жүрек – махаббат пен сүюдің шығар көзі, құтты мекені саналады» («Абай және қазіргі заман», 269 - 270 бет)

**«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас»**

4	3	5	
<b>Жүрек – теңіз</b> // қызықтың // - бәрі <b>асыл тас</b> , //			12 а
4	3	4	
Сол <b>қызықсыз</b> // <b>өмірде</b> // жүрек қалмас. //			11 а
3	4	4	
Жүректен // қызу қызба // кете қалса, //			11 б
4	3	4	
Өзге тәннен // еш қызық // іс табылмас. //			11 а
4	3	4	
Достық, қастық // бар қызық// - жүрек ісі, //			11 а
4	3	4	
Ар, ұяттың // бір ақыл // күзетшісі. //			11 а
4	3	4	
Ар мен ұят // сенбесе // - <b>өзге қылық</b> , //			11 б
4	3	4	
Арын, алқын // - бұл күннің // мәртебесі. //			11 а

4	3	4	
Қартаң тартқан // адамнан// от азаймақ, //			11 а
4	3	4	
От азайса, // әр істің // бәрі тайғақ. //			11 а
4	3	5	
Шаруаң үшін // көрінген // ақыл айтып //			11 б
4	3	4	
Жолың тайғақ, // аяғың // тартар маймақ. //			11 а
(Абай. «Қалың елім қазағым»:Шығармалары, 180 бет)			

**Жанры:** лирика; философиялық лирика.

**Тақырыбы:** жүректің асылдығы

**Идеясы:** «жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас», ал «теңізде не болмайды, асыл маржан да, інжу тас та, меруерт те», яғни, достық та, қастық та, қуаныш та, бақыт та, қайғы да – бәрі сонда. «Жүрек – асылдың асылдығы, қасиеттің қасиеттісі»

**Поэтикалық тілі:**

**Метафора:** Жүрек – теңіз.

**Эпитет:** Жүрек – теңіз қызықтың - бәрі асыл тас;

Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас;

Ар мен ұят сенбесе - өзге қылық;

**Өлеңнің құрылысы:** 3 шумақты, әрбір тармағы 4 тармақты, 3 бунақты, 11 – 12 буынды, кара өлең ұйқасына құрылған өлең.

**Қосымша:** Абайдың 1902 жылы жазған өлеңі. Жүректе жасық, жаман нәрсенің болуы мүмкін емес. Өйткені, ол – асылдың асылы, қасиеттінің қасиеттісі. Жүрек - тау бұлағындай таза, аспан жұлдызындай мөлдір. Бір сөзбен айтқанда, жүрек дегеніміз шындықты шырқырап дырлайтын әлсіз, қорғансыз бұлбұл. Алғаш 1909 жылы С.Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының жинағы» дегенде жарияланды. («Абай» Энциклопедия, 260 бет)

### Өлсе өлер табиғат, адам өлмес

4	3	4	
/Өлсе өлер// табиғат,// адам өлмес,//			11 а
3	4	4	
/Ол бірақ// қайтып келіп,// ойнап – күлмес,//			11 а
3	4	4	
/«Мені» мен// «менікінің»// айырылғанын//			11 б
3	4	4	
/«Өлді» деп// ат қойыпты// өңкей білмес.//			11 а



3	4	4	
/Көп адам// дүниеге// бой алдырған,/			11 а
4	4	3	
/Бой алдырып,// аяғын көп// шалдырған./			11 а
4	3	4	
/Өлді деуге// сия ма,// ойландаршы,/			11 б
4	3	4	
/Өлмейтұғын// артына// сөз қалдырған?/			11 а
3	4	4	
/Кім жүрер //тіршілікте// көңіл бермей,/			11 а
4	3	4	
/Бақи қоймас// фәнидің //мінін көрмей,/			11 а
4	3	5	
/Міні қайда// екенін //біле алмассың,/			11 б
4	3	5	
/Терең ойдың// телміріп //соңына ермей./			11 а
5	4	4	
/Дүниеге дос/ /ақиретке// бірдей болмас,/			11 а
3	3	5	
/Екеуі// тап бірдей //орныға алмас/			11 а
6	3	4	
/Дүниеге ынтық,// махшарға// амалсыздың/			11 б
3	4	4	
/Иманын //түгел деуге// аузым бармас./			11 а

**Жанры:** лирика; философиялық лирика.

**Тақырыбы:** адам артында қалатын өшпес сөз.

**Идеясы:** « Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, ол бірақ қайтып келіп, ойнап – күлмес». Адам баласы өмірден озғанмен, оның артында мәңгі өшпестей болып сөзі қалады.

**Поэтикалық тілі:**

**Эпитет:** терең ой

**Метафора:** «Мені» мен «менікінің» айрылғанын

**Өлеңнің құрылысы:** 4 шумақты, әрбір шумағы 4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды кара өлең ұйқасына құрылған өлең.

**Қосымша:**

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...» -Абайдың 1895 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақтан тұратын 4 шумақ. Ақынның болашағынан үлкен үміт күткен сүйікті баласы Әбдірахман мен інісі Оспаннанайрылып, көңілін мұң басып, қайғы шеккен кезеңіндегі өмір мен өлім, табиғат пен адам хақындағы ойлы толғаныстарынан елес береді.

Өлең 11 буынды кара өлең ұйқасымен жазылған. Алғаш рет 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» деген жинақта жарияланды. Өлең басылымдарында аздаған текстологиялық өзгерістер кездеседі. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында 2-шумақтың 3-жолы «Өлді деуге сыя ма, ойлаңызшы» деп жазылса, басылымдарда Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары, 1909 жылғы жинақ негізінде «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы» болып алынған. Туынды ағылшын, араб, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр тілдеріне аударылған. Ақынның бұл өлеңіне композиторлар С. Мұхаметжанов пен М. Маңғытаев ән-романстар жазған.

### Өзінен басқа ойы жоқ

5	3	
/Өзінен басқа// ойы жоқ/		8 а
3	5	
/Адамның //надан әуресі./		8 а
5	3	
/Сонда да көңлі// тым – ақ тоқ,/		8 а
4	3	
/Жайқаң – қайқаң// әрнесі./		7 б
5	3	
/Білмейсің десе,// желөкпе/		8 а
5	5	
/Дейді олдағы //– тәңірі ісі./		10 б
5	3	
/Бірінен бірі //бөлек пе/		8 а
5	3	
/Иемнің әділ// бейнесі?/		8 б
5	3	
/Жүректің көзі// ашылса,/		8 а
5	3	
/Халықтың түсер// сәулесі,/		8 б
5	3	
/Іштегі кірді// қашырса,/		8 а
5	3	
/Адамның хикмет //кеудесі./		8 б
5	3	
/Наданның көңлін// басып тұр,/		8 а
4	3	
/Қараңғылық //пердесі./		8 б

5	3	
/Ақылдан бойы// қашық тұр,/		8 а
5	3	
/Ойында бір – ақ// шаруасы./		8 б
5	4	
/Кітапты молда// теріс оқыр,/		9 а
4	3	
/Дағардай боп// сәлдесі./		7 б
5	3	
/Мал құмар көңлі //бек соқыр?/		8 а
5	3	
/Бүркіттен кем бе// жем жесі?/		8 б
5	3	
/Жүректе айна/ /жоқ болса,/		8 а
4	3	
/Сөз болмайды// өңгесі./		7 б
5	3	
/Тыңдағыш қанша// көп болса,/		8 а
4	3	
/Сөз ұғарлық// кем кісі./		7 б

**Жанры:** лирика; философиялық лирика.

**Тақырыбы:** жүрек көзі, көкірек көзі ояу болу.

**Идеясы:** « Жүректің көзі ашылса, халықтың түсер сәулесі» Адамның көкірек көзі ашық болса ғана өзін қоршаған адамдарға сәуле шашып, нұрландырады.

**Поэтикалық тілі:**

**Метафора:** Жүрек көзі ашылса

**Эпитет:** Іштегі кірді қашырса; Адамның надан әуресі; Адамның хикмет сәулесі;

**Өлеңнің құрылысы:** 6 шумақты, әрбір шумағы 4 тармақты, 2 бунақты, 8 буыннан тұрады, кей жолдары ғана 7, 9,10, шалыс ұйқасқа құрылған өлең.

**Қосымша:** «Өзінен басқа ойы жоқ...» - Абайдың 1891 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Сыншылдық сипатта, сықақтық леппен кестелеңген. Абайдың мешеу, мәңгүрт болып қалмаса екен деп, ел-жұртын үнемі енерге, оқуға үндегені, ағартушы болғаны, өнерсіздікпен, білімсіздікпен еш ымыраға келмегені белгілі.

Бұл өлеңінде де ақын надандықты, ойсыздықты мансұк еткен. Оның айтуынша, мандайдағы көздің ғана болуы жеткіліксіз, адамның жүрек көзі, зерде көзі болуы керек. Ақыл, парасат көзінің болмауы - надандық. Ой көзі, көңіл көзі болса ғана, адамға шындық сәулесі түседі, сол арқылы адам іштегі кірін тазартса ғана, оның кеудесі нұр сандыққа, сыр сандыққа айналады.

Абай өз тұсындағы кейбіреулердің ой-сезімінен мақрұм қалып, тек екі көзіне маз боп, әлдеқандайсып жүруіне таңырқайды. Қараңғылық пердесі надандардың көңілін басып тұр, ақылдан адыра қалған олардың есіл-дерті - тек қу тірлік деп күйінеді. Тағы айтатын бір жай - сол тұстары жұрт қатардағы қарапайым адамдарды ғана қараңғы, надан деп біліп, дін иелерін надан деп айтуға ауыздары бармайтын. Оларды оқыған, тоқыған, көп білетін ғұлама деп түсінетін. Сондай қалыптасқан ұғымды Абай қорықпастан «дағарадай сәлдесі» бар молдалардың өзін надан, «кітапты теріс оқиды», «малқұмар көңілдері бек соқыр» деп жоққа шығарады. Мұның үстіне олардың жебірлігін жыртқыш «бұркіттен кем емес» деп әшкерелеген. Ақын өлеңінің түйіні - болмысты айқын көрер жүрек айнасы болмаса, басқаның бәрі бос сөз. Өлең негізінен 8 буыннан тұрады, кей жолдары ғана 7, 9 буын ұйқасы -а, -б, -а, -б. Алғаш рет 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланды. Текстологиялық көп өзгеріске ұшырамаған. Тек 1909,1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында 1-шумақтың 1-жолы «Көзінен басқа ойы жоқ», ал Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында «Өзінен басқа ойы жоқ» деп жазылған. 1909,1957 жылғы жинақтарда 5-шумақтың 2-жолы «Дағарадай боп сәлдесі» болса, Мүрсейіт қолжазбалары мен 1933жылғы басылымда «Дағарадай боп сәлдесі» делінген. Ақынның кейінгі басылымдарына өлеңнің түпнұсқасы ретінде 1909 жылғы жинақ басшылыққа алынған. Өлең өзбек, тәжік, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр тілдеріне аударылған.

### Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек

3	4	4	
/Әуелде// бір суық мұз –// ақыл зерек,/			11 а
3	4	4	
/Жылытқан// тұла бойды// ыстық жүрек./			11 а
4	3	4	
/Тоқтаулылық// талапты// шыдамдылық, - /			11 б
4	3	4	
/Бұл қайраттан// шығады,// білсең керек.//			11 а
4	3	4	
/Ақыл, қайрат,// жүректі //бірдей ұста,/			11 в
4	3	4	
/Сонда толық// боласың// елден бөлек.//			11 а
4	3	4	
/Жеке – жеке// біреуі// жарытпайды,//			11 г
4	3	4	
/Жол да жоқ// жарыместі// «жақсы» демек.//			11 а

3	4	5	
/Ақыл да, // ашу да жоқ, // күлкі де жоқ, /			12 д
4	3	5	
/Тулап қайнап // бір жүрек // қылады әлек. /			12 д
4	3	4	
/Біреуінің // күні жоқ // біреуінсіз, /			11 е
3	4	4	
/Ғылым сол // үшеуінің // жөнін білмек. /			11 а

**Жанры:** лирика; философиялық лирика.

**Тақырыбы:** ақыл, қайрат, жүректің бірлігі.

**Идеясы:** Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам – «толық адам». Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

**Поэтикалық тілі:**

**Метафора:** Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек; Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек;

**Эпитет:** Суық мұз, қалыпты шыдамдылық;

**Өлеңнің құрылысы:** 3 шумақты, әрбір шумағы 4 тармақты, 3 бунақты, араласа буынды (11 – 12), аралас ұйқас: 1 шумағы – қара өлең, 2 шумағының 2 жолдары шұбыртпалы ұйқасқа құрылған өлең.

**Қосымша:** «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...» Абайдың 1889 ж. жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Адамгершілік жайындағы философиялық ой толғауға негізделген. Онда ақын шын мәнінде жақсы адам болу үшін ақыл, қайрат, жүрек үшеуін тең ұстау керек. Бұл жерде жүрек - қагілез, сергек сезімді, ал қайрат - байсалды сабырлылық пен табанды төзімділікті тудыратын қасиет. Егер адам бойында осы үш ерекшелік табиғи тұтастық тапса, нағыз мінсіз мінез сонда ғана қалыптаспақ дегенді айтады. «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» деп қорытады. Өлең 11 буынды. 1-шумағы қара өлең үлгісімен өрнектелген де, кейінгі 2 шумағының 2-жолдары шұбыртпалы ұйқас түрінде тізбектеліп отырады. Түпнұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, алғаш рет 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық керген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі» атты жинақта жарияланды. 1909, 1939, 1945 жылғы басылымдарда жеке ажыратылмай, «Ғашықтық, құмарлық пен ол екі жол» атты өлеңмен бірге, бір туынды ретінде берілген. Өлең ағылшын, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен тілдеріне аударылған.

#### «Адамның кейбір кездері»

4	3	
Адамның кейбір // кездері //		7 а
4	3	
Көңілде алаң // басылса; //		7 б

4	4	
Тәңірінің // берген өнері //		8 а
4	3	
<b>Көк</b> бұлыттан // ашылса. //		7 б
5	3	
Сылдырлап өңкей // келісім //		8 а
4	3	
Тас бұлақтың // <b>суындай,</b> //		7 б
5	3	
<b>Кірлеген</b> жүрек // өз ішін //		8 а
5	3	
Тұра алмас әсте // жуынбай. //		8 б
6	3	
Тәңірінің күні // жарқырап, //		9 а
5	3	
Ұйқыдан көңіл // ашар көз. //		8 б
5	3	
<b>Қуатты</b> ойдан // бас құрап, //		8 а
4	3	
Еркеленіп // шығар сөз. //		7 б
5	3	
Сонда ақын белін // буынып, //		8 а
5	3	
Алды-артына // қаранар. //		8 б
4	3	
Дүние кірін // жуынып, //		7 а
5	3	
Көрініп ойға // сөз салар. //		8 б
5	3	
<b>Қыранша</b> қарап // қырымға, //		8 а
4	3	
Мұң мен зарды // қолға алар. //		7 б
5	3	
Кектеніп надан, // зұлымға, //		8 а
4	3	
Шиыршық атар, // толғанар. //		7 б
4	3	
Әділет пен // ақылға //		7 а

3	5	
Сынатып // көрген-білгенін, //		8 б
4	3	
Білдірсе алыс, // жақынға //		7 а
5	3	
Солардың сөйле // дегенін. //		8 б
5	3	
<b>Ызалы</b> жүрек, // <b>долы</b> қол, //		8 а
4	3	
<b>Улы</b> сыя, // <b>ащы</b> тіл //		7 б
5	3	
Не жазып кетсе, // жайы сол, //		8 а
4	3	
Жек көрсеңдер, // өзің біл. //		7 б

**Жанры:** лирика; философиялық лирика.

**Тақырыбы:** ақындық өнер.

**Идеясы:** Ақын не туралы жазу керек, қай тұрғыдан келіп, қалай айтуға керек деген мәселені қозғайды. Рухтанып, бойына жойқын жігер күш пайда болып, шынайы шабыты келгенде ақын ұшқыр қиялмен өмірдің жағымды кірінен тазаланған жағын да көре отырып, көлеңкелі жақтарын, надандық пен зұлымдықты сынай, шеней білуін, әсіресе, құптайды.

**Поэтикалық тілі:**

**Эпитет:** **Көк** бұлыттан ашылса, **Кірлеген** жүрек өз ішін, **Қуатты** ойдан бас құрап, **Ызалы** жүрек, **долы** қол, **Улы** сыя, **ащы** тіл

**Тенеу:** Тас бұлақтың **суындай**. **Қыранша** қарап қырымға,

**Өлеңнің құрылысы:** 7 шумақты, әрбір шумағы 4 тармақты, 2 бунақты, Өлең 7-8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған.

**Қосымша:** Алғашқы рет 1909 ж. С.Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған. Туынды басылымдарында аздаған текстол. өзгерістер кездеседі. 1910 жылғы Мүрсейіттің қолжазбасында 1-шумақтың 2- жолы «Көңілден алаң басылса» делінсе, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ негізінде бұл жол «Көңілде алаң басылса» болып берілген. 1909, 1939 жылғы жинақтарда 3-шумақтың 3-жолы «Қуаттан ойдан бас құрап» болса, қалған басылымдарда Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасына сәйкес «Қуатты ойдан бас құрап» түрінде алынған. («Абай» Энциклопедия, 248 бет)

**«Сенбе жұртқа тұрса да, қанша мақтап»**

7	4	
Сенбе жұртқа, тұрса да // қанша мақтап, //		11 а
7	4	

Әуре етеді ішіне // қулық сақтап. //	11 а
6 4	
Өзіңе сен өзіңді // алып шығар //	10 б
6 4	
Еңбегің мен ақылың // екі жақтап. //	10 а
7 4	
Өзіңді сенгіштікпен //әуре етпе, //	11 а
7 4	
Құмарпаз боп мақтанды // қуып кетпе. //	11 а
7 5	
Жұртпен бірге өзіңді // қоса алдасып, //	12 б
7 4	
Салпылдап сағым қуған // бойыңа еп пе? //	11 а
7 4	
Қайғы келсе қарсы тұр, // құлай берме, //	11 а
7 5	
Қызық келсе, қызықпа, // оңғаққа ерме. //	12 а
7 4	
Жүрегіңе сүңгі де, //түбін көзде, //	11 а
7 4	
Сонан тапқан-шын асыл//тастай көрме. //	11 а

**Жанры:** лирика; философиялық лирика.

**Тақырыбы:** жүрек пен ақыл бірлігі.

**Идеясы:** «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде» деп әрқашанда тек қана жүреке сену керек, Ақиқат – жүректе.

**Поэтикалық тілі:**

**Эпитет:** Сонан тапқан-шын асыл тастай көрме.

**Тенеу:** Сонан тапқан-шын асыл тастай көрме.

**Аллитерация:** Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,

Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.

**Өлеңнің құрылысы:** 3 шумақты, әрбір шумағы 4 тармақты, 2 бунақты, Өлең 7-8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған

#### «Алла деген сөз жеңіл»

4 3	
Алла деген // сөз жеңіл, //	7а
4 3	
Аллаға ауыз // қол емес. //	7б
5 3	



<b>Ынталы</b> жүрек, // <b>шын</b> көңіл, //	8а
5                      3	
Өзгесі хаққа // жол емес. //	8б
5                      3	
Дененің барша // қуаты //	8а
4                      3	
Өнерге салар // бар күшін. //	7б
4                      3	
Жүректің ақыл // суаты, //	7а
5                      4	
Махаббат қылса // тәңірі үшін. //	9а
4                      3	
Ақылға сыймас // ол Алла, //	7а
5                      3	
Тағрипқа тілім // қысқа аһ! //	8б
4                      3	
Барлығына // <b>шүбәсіз</b> , //	7г
4                      3	
Неге мәужүт // ол қуа. //	7а
4                      3	
Ақыл мен хауас // барлығын //	7а
5                      3	
Білмейдүр, жүрек // сезедүр. //	8б
4                      3	
Мүтәкәллимін, // мантикин	7а
4                      3	
Бекер босқа // ездүр. //	7б

**Жанры:** лирика; философиялық лирика.

**Тақырыбы:** Аллаға деген шын махаббат.

**Идеясы:** Махаббат иесі - Алла, оны ұғыну үшін жүрек нәрленуі керек. бай «Алланың» барлығы туралы таласты бекер сөз деген. Ақын түсінігінде Алла шүбәсіз, дүниедегі бардың есімі.

**Поэтикалық тілі:**

**Эпитет:** **Ынталы** жүрек, **шын** көңіл.

**Ассонанс:** Алла деген сөз жеңіл,  
Аллаға ауыз қол емес.

**Өлеңнің құрылысы:** 4 шумақты, әрбір шумағы 4 тармақты, 2 бунақты, 7-8 буынды шалыс ұйқас үлгісімен жазылған.

**Қосымша:** Алғаш рет 1909 ж. С.Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» атты жинақта жарияланған.

Басылымдарында аздаған текстол. өзгеріс кездеседі. 1945 жылғы басылымда 1-шумақтың 4-жолы «Өзгесі хаққа құл емес» делінсе, қалған басылымдарда бұл жол «Өзгесі хаққа қол емес» болып алынған. Өлеңнің соңғы екі шумағы Мүрсейіт қолжазбаларында бар да, 1909 жылғы жинақта жоқ. Туынды орыс тіліне аударылған.

## 5 ТАПСЫРМАЛАР

**1-тапсырма.** «Адам болам десеңіз» атты монологты мұқият оқып, тақырыбы мен идеясын анықтаңдар. Өз ойларыңды білдіріңдер.

**2-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер

1.Қалай ойлайсың, А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердиевтің шығармаларында сабақтастық бар ма?

2.Абайдың «толық адам» ілімін қалай түсінесің? Ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніңіз.

3.Шәкәрімнің «ар» ілімін қандай ғалымдар зерттеген?

4.Абайдың шығармаларында «жан» қалай суреттеледі? Шәкәрімнің шығармаларымен сабақтастық бар ма?

5.Шәкәрім шығармаларындағы «тән» ұғымы мен Абай шығармаларындағы «тән» ұғымының арасында айырмашылық бар ма? Ұқсастығы бар ма?

6.Ғалым М.Мырзахметұлының зерттеулеріне сүйене отырып, Абайдың адамгершілік туралы шығармаларына талдау жасаңыз.

7.Ғалым М.Кемелдің зерттеулеріне сүйене отырып, Шәкәрімнің адамгершілік туралы шығармаларына талдау жасаңыз.

8.Неліктен Абай өз шығармаларында жүрекке басты орын берді?

9.Шәкәрім ақылды қалай сипаттайды? Қандай сипаттамаларын келтірген?

10.А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердиев өз шығармалары арқылы жастарға не айтқысы келген? Қалай ойлайсыз?

11.Абайдың «жәуанмәртлік» ұғымын қалай түсінесіз? Мысалмен дәлелдеңіз.

12. Шәкәрімнің «ұжданын» қалай түсінесіз? Мысалмен дәлелдеңіз.

**3-тапсырма.** Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы «жан», «тән» ұғымдарын алып, Венн диаграммасын жасаңыз

**4-тапсырма.** Абай мен Шәкәрімнің шығармаларынан берілген үзінділерді мұқият оқып, басты идеяны анықтаңыз.

1. Хақиқатты дәл көруге,  
Жан көретін көз керек.  
Сөнген ойды жандыруға  
Жан беретін сөз керек (Шәкәрім)

2. Ақыл мен жан – мен өзім, тән - менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,  
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі (Абай)

3. Кім айтса да сынамай қойма, жаным,  
Ақылыңа сынатып ойла, жаным (Шәкәрім)

4. «Белгілі жәуанмәртлік үш хаслат бірлән болар деген: сиддақ, кәрәм, ғақыл» (Абай)

5. «Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпына әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» (Абай)

**5-тапсырма.** Шәкәрімнің шығармаларынан алынған үзінді негізге ала отырып, Абайдың қай шығармасымен сабақтасып жатқанын анықтаңыз.

1. Өмірдің өкінбейтін бар айласы,  
Ол айла – қиянатсыз ой тазасы.  
Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек,  
Таза жүрек, тату дос – сол шарасы

2. «Жарайды» деп, ұнаса, бас иземек,  
Жек көрсе, жиіркеніп дірілдемек.  
Жүрегінің тілі жоқ, ымбалы сол,  
Ұғып ал да бола көр соған көмек»

3. Ақыл құсы адаспай аспандаса,  
Әлемде нәрсе болмас көзден таса.

4. Жаралыс басы – қозғалыс,  
Қозғауға керек қолғабыс.  
Жан де мейлі Мән де,  
Сол қуатпен бол таныс,  
Әлемді сол мән жаратқан

5. Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап

**6-тапсырма.** Төмендегі тақырыптардың біреуін таңдап, эссе жазыңыз

1. А.Құнанбаевтың «толық адам» іліміндегі жүректің орнын анықтаңыз. Шығармадан мысалдар келтіріңіз.

2. М.Кемелдің Ш.Құдайбердиев шығармаларындағы «ар» ілімін зерттегенін дәлелдеңіз. Ғылыми еңбегін басшылыққа алыңыз.

3. Ш.Құдайбердиев пен А.Құнанбаев шығармаларындағы «жан» мен «тән» ұғымының сабақтастығын анықтаңыз. Мысал келтіріңіз.

4. Абайдың «жәуанмәртлік» ұғымындағы әділет пен ақылдың орнын анықтаңыз. Оның Шәкәрімнің «ұждан» ұғымымен сабақтастығы барын дәлелдеңіз. Оларды салыстырыңыз.

5. А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердиев шығармалары жастарды адамгершілікке тәрбиелейтінін шығармадағы мысалдар арқылы дәлелдеңіз.

## **6 А.ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІНЕ ҚАТЫСТЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АРАБ СӨЗДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ**

### **Автордан**

Бұл сөздікте Абайдың «толық адамға» қатысты өлеңдері мен қара сөздерінен, поэмасынан араб сөздері жинақталып, оларға анықтама берілді. Сөздікте көрсетілген мысалдар Абайдың *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»* атты өлеңінен **11 араб сөзі**, *«Алла деген сөз жеңіл»* деген өлеңінен **3 араб сөзі**, *«Ғылым таппай мақтанба»* деген өлеңінен **3 араб сөзі**, *он екінші сөзінен 7 араб сөзі*, *он үшінші сөзінен 4 араб сөзі*, *отыз сегізінші қара сөзінен 34 араб сөзі* және *«Әзім әңгімесі»* поэмасынан **5 араб сөзі**, *он жетінші сөзінен 2 араб сөзі*, *жиырмамыншы сөзінен бір араб сөзі* алынып, олардың анықтамалары берілді. **Жалпы саны 70 араб сөзі.** Бұл өлеңдер мен қара сөздерді алған себебіміз, мейлінше, осы шығармаларында Абай өзінің «толық адам» туралы ойын өрбіте білген, «толық адам» ілімін жеткізе білген. Ақын шығармаларында араб сөздерінің өте көп кездесетіні анықталды.

### **Сөздіктің құрылымы**

1. Реестрге алынған сөздердің барлық әріптері бас әріппен, әрі қоюмен белгіленген.

2. Реестрге енген араб сөздері *араб* деген белгісөзбен белгіленбеді. Себебі, Абайдың барлық дерлік шығармаларында араб сөздері кездеседі.

3. Араб сөздерінің мағыналары «Абай тілінің сөздігі» және «Абай энциклопедиясы» арқылы, ал кейбіреулері кітаптағы түсініктер арқылы ашылған.

**I** деген белгі - «Абай тілінің сөздігі», **II** - Абайдың «Қалың елім қазағым» атты шығармалар жинағы, **III** – «Абай энциклопедиясы»

5. Реестр сөзге берілген анықтамалар (дефиниция) көлбеу қаріппен берілген.

6. Дефиниция соңында шығармадан үзінді беріліп, араб сөзі ерекше белгіленген.

7. Әрбір мақала соңында қай жерден, қай шығармадан алынғаны көрсетілген

### **Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің лексика-семантикалық сипаты**

Ұлы Абай тілін жан-жақты зерттеген Р.Сыздықова Абай шығармаларында кездесетін араб, парсы сөздерін үлкен екі топқа бөліп қарастырады. Бұл зерттеушінің пайымдауында, «Абай лексикасындағы араб – парсы қатары түгелімен неологизмдер емес, бірсыпырасы жалпы халықтық тілге ертеректе еніп, сіңісіп кеткендер. Ал екінші топқа – қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тіліне де, әдеби тіліне де не бұрын, не кейін енбеген, мүлде түсініксіз элементтерді енгізеді».

Нақ осындай пікірді Жұмалиев те айтқан еді: «Абай сөздіктерінің бір

арнасы – араб, парсы тілдерінен кірген сөздер. Мұсылман мектебінде оқып, дін кітаптарын көп аралап, араб, парсы тілдеріндегі классик әдеби мұраларды да терең зерттеп, бір кезде оларға еліктеген ақынның сөздерінде араб, парсы сөздерінің кездесуі таң қаларлық нәрсе емес, заңды, - дей келе, ғалым Абай шығармаларында кездесетін араб, парсы сөздерін үш түрге бөледі:

Бірінші – шығу тегі араб, парсы тілі болса да, қазаққа әбден сіңіп қол бала боп кеткен сөздер.

Екінші түрі – әр алуан, термин атау сөздер. Үшінші түрі мысқыл, кекесін үшін әдейі қолданылатын кейбір араб, парсы сөздері

Жоғарыда аталған ғалымдардың Абай шығармаларында кездесетін араб, парсы сөздерінің алғашқы тобы ретінде қазақ тіліне еніп, үндесіп кеткен араб, парсы сөздерін атағандары өте орынды. Себебі, Абай тіліндегі шығыс сөздері дегенде, тек қана оның туындыларында кездесетін, бірақ қазіргі тілімізде қолданылмайтын араб және парсы сөздерін ғана емес, ертеректе еніп, сіңісіп кеткен лексемаларды да қарастырған абзал»

Абай мұраларында шығу тегі араб, парсы тілдері болса да, олардың едәуір бөлігі – қазақтың жалпы халықтың тіліне сіңісіп, қалыптасқан ертеден қолданып келе жатқан сөздер. Ол сөздерді Абай жалпы халықтық тілден алғаны белгілі. Сонымен, «Абайға дейінгі қазақ тіліндегі араб қабатының бірсыпырасы жалпы халықтық тілге ертеректе еніп, қалыптасып кеткендер». Бұл сөздер өз сөзіміздей болып кеткен. Ұлы ақын осындай сөздердің басым көпшілігін өз шығармаларында көптеп пайдаланған. Алайда, мәселе Абайдың ол сөздерді қолдануында ғана емес, мәселе қалай қолдануында. Абай тіліндегі қолданылған араб, парсы сөздері қазақтың өз төл сөзіндей болып сіңісіп кетсе де, бұл лексемалардың түп-төркіні шығыс тілдері болғандықтан, біз өз жұмысымызда олардың қолданылу ерекшеліктеріне ерекше мән беруді жөн көрдік.

Абай шығармаларында кездесетін араб, парсы сөздерінің екінші бір тобы – сол кездегі халықтың сөйлеу тілінде көп кездесе бермейтін, көбіне жазба әдебиет арқылы жалпы халықтық тілде қолданыла бастаған сөздер. Оған арабтың сұқбат, мехнат, уәзін, ғиззат, ғақлия, ғамалус, һәмишә, тағриф сияқты сөздерін жатқызуға болады.

Абай тілінде кездесетін араб, парсы қабатының келесі бір үлкен тобы – тек ақын шығармаларында ғана кездесіп, қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін яғни жалпы халық тіліне енбеген сөздер. Абайдың кей шығармаларында (мысалы, ғақлияларында) кездесетін араб, парсы сөздерін түсініп оқу қиын. Абайда уайлан, әхмар, ағламланған, тафаккару, рукуку, ядкар т.б. тәрізді халық тілінде мүлде қолданылмайтын сөздер де кездеседі. Сондай-ақ, тұтас сөйлемдер де арабша болып келеді: Баз махфи олмая, этәмурун, әннәси, билбирри уә әхсану инналаһә ну хиббул т.б.

Түркі – семит – үнді европа тілдерінде сөз жасаудың үш түрлі жолы бар екендігі белгілі. Олар: лексико-семантикалық, фонетикалық және грамматикалық тәсілдер.

Араб, парсы сөздерін пайдаланудағы лексико-семантиканың тәсіл жалғау-жұрнақсыз дара тұлғалы лексемаларды біріктіреді. Абай қаламына тән

араб, парсы сөздерінің басым көпшілігі осындай жалғау-жұрнақсыз жеке-дара сөздер, таза араб, парсылық лексемалар.

Абай шығармаларында араб және парсылық сөздердің тура және ауыспалы мағыналарда жұмсалудың төмендегі 3 түрлі жағдайдан байқаймыз: 1) тура мағынаның сөз (атау) бойында сақталып қалуы; 2) атау (сөз) бастапқы 1-лексикалық мән-мағынасынан айырылып, екінші, үшінші... мағыналарында қолданылуы; 3) негізгі, о бастағы мағыналары күңгірттеніп, қазақтың төл лексикасына ыңғайланған, мүлде жаңа мағынада қолдануы.

Жанар Есеналиева [1, 169 – 171 бет]

**«ӘТӘМУРУН ӘННӘСӘ БИЛБИРРИ УА АХСАНУ ИННА АЛЛАҒУ ЙУХИББУЛ – МУХСИНИН»**(араб.) – “Адамдарға жақсы істе деп бұйырыңыз және жақсылық етіңіз өйткені алла жақсылыққа тартушыларды сүйеді”. [III, 632 бет] **«Әтәмурун әннәсә билбирри уа ахсану инна Аллаһу йухиббул мухсин»**, «уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улам- каасхабул жәннәти һәм фиһа халидун» деген аяттар құранның іші толған ғамалус-салих не екенін білмейміз. [II, 327 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**«УАҮӘММӘЛИЗИНӘ АМӘНУ УӘҒАМИЛ УССАЛИХАТИ ФӘИУӘФФИҒИМ ЕУЛЛАҒУ ЛӘ ЙУХИББҮЗЗАЛИМИН»** (араб.) – «Бірақ сондай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, сөйтіп міндетін атқарады, өйткені құдай залымдарды сүймейді» [III, 632 бет] **«У а ү ә м м ә л и з и н ә а м ә н у у ә ғ а м и л у с с а л и х а т и Ф ә и у ә ф ф и ғ и м е у л л а ғ у л ә й у х и б б ұ з з а л и м и н»** аятына қарасаң, ғамалус-салих залықтықтың зидды болар [II, 327 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**«УӘЛЛӘЗИНӘ АМӘНУ УӘҒАМИЛУ САЛИХАТИ УЛАМ-КААСХАБУЛ-ЖӘННӘТИҒӘМ ФИҒА ХАЛИДУН»** (араб.) – “Сондай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, ондайлардың орны мәңгі ұжмақта” [III, 640 бет]. **«Әтәмурун әннәсә билбирри уа ахсану инна Аллаһу йухиббул мухсин»**, «уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улам – каасхабул жәннәти һәм фиһа халидун» деген аяттар құранның іші толған ғамалус-салих не екенін білмейміз. [II, 327 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ӘМӘНТУ БИЛЛАҒИ КӘМА ҺУӘ ИСМАЙҒИ УА СИФАТИҒИ –** «Құдайға, оның есімдері мен сипаттарына иман келтіремін» [III, 632 бет]. Сіз **«әмәнту биллағи кәма һуә исмайғи уа сифатиғи»** дедіңіз [II, 321 бет]. (Отыз сегізінші сөз)

**ӘҒЛІ КІТАП –** кітаби қауымдық [I, 85 бет]. Күллі мақлұқ өзгерер, алла өзгермес, **Ә ғ л і к і т а п** бұл сөзді бекер демес. [II, 178 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**БАСАР –** көру, көруіші [ III, 632 бет]. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, **Б а с а р**, Сәмиғ, Ирада, Кәлам, Тәкин. [II, 322 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**БАТЫЛ** (араб) - қиянат, теріс. [III, 632 бет] Бұлай деу **б а т ы л**, бір ғана құдірет пендеде болған қуат; құдірет ғылым ақылдан басқа болатұғын, алла тағалада болған құдірет - ғылым һәм рахмет. [II, 324 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**БӘҺРА** (парс.) – пайда, әсер, ләззат алау. [III, 632 бет]. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады я ол балалары өздері барған болады – ешбір **б ә һ р а** әсер етпейді. [II, 320 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**БИНАҺИ** - сүйеніп, негіз етіп [II, 325 бет]. Ол – рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, алла тағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Раззақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне **б и н а һ и** бір ұлығ сипатынан хиссаптауға жарайды. [II, 325 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ҒАФУР** - кешіруші, алланың бір есімі [ III, 633 бет]. Ол – рақымет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да Алла Тағаланың Рахман, Рахим, **Ғ а ф у р**, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Раззақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаһи бір ұлығ сипатынан хисаплауға жарайды [II, 324 бет].(Отыз сегізінші сөз)

**ҒАМАЛУС-САЛИХ** (араб). – *ізгі іс*. [III, 640 бет]. «Әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсәну инналаһу йухиббул мұхсин», «уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улайна асхабул жәннәти һәм фиһа халидун» деген аяттар құранның іші толған **ғ а м а л у с - с а л и х** не екенін білмейміз. [II, 327 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ҒАНИБЕТ** - игілік, мақтаныш, рақат [I, 152 бет].Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір **ғ а н и б е т** екен деп ойлаймын [II, 298 бет]. (Жиырмамыншы сөз)

**ҒАФУ** - кешіру [I, 153 бет]. Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде «Құдай тағала кеңшілігімен кешеді дағы» демесін, оның үшін Құдай тағаланың **ғ а ф у ы н а** яки пайғамбарымыздың шафағатына да сыймайды, мүмкін де емес [II, 293 бет] (Он үшінші сөз)

**ҒИБАДАТ** – құлшылық [I, 153 бет]. Адамдар **ғ и б а д а т т а н** сөз қозғаған, Хүснизән мин иманды білді ойлаған [II, 179 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**ҒИБРӘТЛІ** – үлгілі, өнегелі [III, 633 бет]. Жақсылық көрсең **ғ и б р ә т л і**, Оны ойға жисаңыз [II, 36 бет] («Ғылым таппай мақтанба»)

**ҒҰЛАМАҺИ** – ғалым, көп оқыған адам [III, 633 бет]. **Ғ ұ л а м а һ и** Дауани, Солай депті ол шыншыл [II, 37бет] («Ғылым таппай мақтанба»)

**ИҒТИҚАД** - намым, сенім [I, 244 бет]. Әуелі – иманның **и ғ т и қ а д ы н** махкемелмек керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек [II, 291 бет] (Он екінші сөз)

**ИҒТИҚАТ** (араб) - нану, сену.[II, 582 бет] Әуелі - иманның **и ғ т и қ а т ы н** махкамлемек керек, екінші - "Үйреніп жеткенше осы да болады ғой", демей үйрене берсе керек"[II, 582 бет] (Он екінші сөз)

**ЯКИНИ ИМАН** - ислам дінінің бес парызының бірі, сенім, илану, нану [II, 245 бет].Әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы дәлел –



испат қыларға жараса, мұны «якини» **и м а н** десе керек [II, 292 бет] (Он үшінші сөз)

**ИННАЛЛАҺУ ЙУХИББУЛ МАҚСИТИН** (араб.) – *Шынында құдай әділ адамдарды сүйеді. [III, 635 бет]* «Тәфаккару фиғла иллаһи» деген хадис шарифтің «**и н н а л а һ у й у х и б б у л м а қ с и т и н**» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. [II, 327 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ИНСАН** (араб.) – *адам, адам баласы, адамзат. [III, 635 бет]* “...Жанды хайуандадан ақылды **и н с а н д ы** жаратыпты”. [II, 325 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ИНСАНИЯТ** (араб.) – *адамгершілік. [III, 635 бет]* Сен де бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ: ижтиһатің шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық **и н с а н и я т ы ң** бар болады. [II, 328 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ИРАДА** – *тілеу, қалау [ III, 634 бет]*. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, **И р а д а**, Кәлам, Тәкин. [II, 322 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ИСПАТ** - *дәлелдеу [I, 246 бет]*. Әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы дәлел – **и с п а т** қыларға жараса, мұны «якини» иман десе керек [II, 292 бет]. (Он екінші сөз)

**КӘЛАМ** – *сөйлеу, тілеуші [ III, 635 бет]*. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, **К ә л а м**, Тәкин. [II, 322 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**КӘМӘЛӘТ** - *толығу, жетілу, есею [I, 250 бет]*. Уа – лакин, кімде – кім иманның неше нәрсе бірлән **к ә м ә л ә т** табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жырттысын салғанға ұқсайды [II, 291 бет] (Он екінші сөз)

**ЛАҒАИРУ УӘ ЛӘҺУ** (араб.) – *басқа да емес, оның өзі де емес. [III, 635 бет]* “Сегіз сипат қылып және ол сипаттар **Л а ғ а и р у у ә л ә һ у ә** болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өз алдына жамағат яки жамиғат шығып кетеді”. [II, 324 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ЛӘКИН** - *бірақ, дегенмен, алайда [I, 356 бет]*. **Л ә к и н**, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен [II, 291 бет] (Он екінші сөз)

**МАНТИКИН** (араб.) – *сөздерді ашып, айқындаушы; ақын терең ой, қисынды сөз (логика) ғылымына жетік ажамдар мағынасында қолданған. [III, 636 бет]*. “Мүтәкәллимин **м а н т и к и н**, Бекер босқа еседүр” [II, 158 бет] («Алла деген сөз жеңіл»)

**МАХКЕМЕЛМЕК** - *бекіту, беріктеу, бекемдеу [I, 365 бет]*. Әуелі – иманның иғтиқадын **м а х к е м е л м е к** керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек [II, 291 бет] (Он екінші сөз)

**МАХШАР** (араб.) – *мұсылман дінит ұғымында ақырзаман болған соң адам баласының күнәсі тексерілетін орын. [III, 636 бет]*. Адам баласынан **м а**

**х ш а р д а** сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадаләт һәм махаббат бар. [II, 325 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**МӘТБҰҒ** (араб.) – *еруші*. [III, 636 бет] “Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ, бірі **м ә т б ұ ғ** болады ғой”. [II, 324 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**МӘУЖҮТ** (араб) – *бар нәрсе*. [III, 636 бет] “Барлығына шүбәсіз, Неге **м ә у ж ү т** ол куә”. [II, 158 бет] («Алла деген сөз жеңіл»)

**МҮНАФИҚ** - *іші кәпір, сырты мұсылман, екіжүзді адам* [I, 373 бет] Шын илан да, таза ойла бір иманды, **М ү н а ф и қ** намаз қылмап па, мағлұм ғой ол. [II, 179 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**МҮТӘКӘЛЛИМИН** (араб.) – *сөйлеушілер: ақын дінді дәлелдеушілер, уағыздаушылар мағынасында қолданған*. [III, 636 бет] “**М ү т ә к ә л л и м и н** мантихин Бекер босқа еседүр” [II, 158 бет] («Алла деген сөз жеңіл»)

**МҮ'МИН** - *мұсылман дініне анық сенуші* [I, 375 бет]. Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ, **М ү ' м и н** болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ. [II, 179 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**НАШАЛЫ: НАШАЛЫ БОЛУ** - *мастану, көңіді тасу, шалқу* [I, 383 бет]. Сырлассақ, сұхбаттасақ – аулақ артық, **Н а ш а л ы** боламыз ғой, сөйлеп шалқып [II, 201 бет] («Әзім әңгімесі»)

**НӘБАТӘТ** (араб) - *өсімдік, дақыл* [III, 637 бет]. “Неше түрлі **н ә б а т т а р д ы** өстіріп... балықтарға орын болып жатыр”. [II, 326 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**НӘБИ** – *Пайғамбар* [I, 383 бет]. Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді, Оларға кез-кезімен **н ә б и** келді. [II, 178 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**НӘФРӘТЛІ** - *жеркеништі, үлгісіздік* [III, 637 бет]. Жамандық көрсең **н ә ф р ә т л і**, суытып көңіл тыйсаңыз [II, 36 бет] (“Ғылым таппай мақтанба”)

**НӘФСІ** - *құлқын, тойымсыз* [I, 383 бет]. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, **н ә ф с і** шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? [II, 295 бет] (Он жетінші сөз)

**НЫҒМАТ** - *тағам, тамақ, даулет, байлық деген мағынада*. [I, 389-бет] Арақ, жеміс- әртүрлі **н ы ғ м а т** дайын, Қуанды алтын қолға кірген сайын. үйіне бөтен жалғыз жанды қоймай, Оңаша безендіріп тұрды жайын. [II, 201 бет] («Әзім әңгімесі»)

**ПЕРЗЕНТ** (парс.)- *бала, ұрпақ* [III, 637 бет]. Ей, жүрегімнің қуаты, **п е р з е н т л е р і м!** [II, 320 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**РАЗАҚ** – *қызық беруші; алланың бір есімі* [ III, 638 бет]. Ол – рақымет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да Алла Тағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, **Р а з а қ**, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаһи бір ұлығ сипатынан хисаплауға жарайды [II, 324 бет]. (Отыз сегізінші сөз)

**РАХИМ** – *а) мейірімді, рақымды; алланың бір есімі. б) алла, құдай* [ III, 638 бет]. Ол – рақымет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да Алла Тағаланың Рахман, **Р а х и м**, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафиғ,

Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаһи бір ұлығ сипатынан хисаплауға жарайды [II, 324 бет]. (Отыз сегізінші сөз)

**РАХМАН** – *жарылқаушы, Алланың бір есімі* [ III, 638 бет]. Ол – рақымет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да Алла Тағаланың **Р а х м а н**, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаһи бір ұлығ сипатынан хисаплауға жарайды [II, 324 бет].(Отыз сегізінші сөз)

**СӘМИҒ** – *есту, естуші* [ III, 638 бет]. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, **С ә м и ғ**, Ирада, Кәлам, Тәкин. [II, 322 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**СӘТТАР** – *айыпты, жабушы; алланың бір есімі* [ III, 638 бет]. Ол – рақымет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да Алла Тағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, **С ә т т а р**, Разақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаһи бір ұлығ сипатынан хисаплауға жарайды [II, 324 бет]. (Отыз сегізінші сөз)

**СИФАТ ЗАТИЯ** - *өзіне лайық* [III, 634 бет]. Ол есім – аллалар һәмма ол алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз **с и ф а т з а т и я л а р ы** не деген сөз, кәміл үйрен. [II, 321 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**СҮБХАН** - *күшті, құдіретті. [I, 462 бет]* Мұнысын жаратпады, қадір **с ү б х а н**, Көк бұзылып, жер жүзі болды топан. Байлаулы бала жайға қала берді, Кемемен әуре болды көп антұрған. [II, 203бет ] ("Әзім әңгімесі")

**ТАҒАТ** – *құлшылық ету, жалбарыну* [I, 478 бет]. Дін де осы, шын ойласаң, **т а ғ а т** та осы, Екі дүние бұл тасдиқ- хақтың досы [II, 178 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**ТАҒРИФ** – *түсіну, алланы тану* [I, 479 бет]. Қағида шарифаты өзгерсе де, **Т а ғ р и ф** алла еш жерде өзгермеді. [II, 178 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**ТАСДИҚ** - *растау* [I, 493 бет]. Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы, Екі дүние бұл **т а с д и қ**- хақтың досы. [II, 178 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**ТАХҚИҚ** – *анық, айқын, рас* [I, 496 бет]. Осы үш сүю болады имани гүл, Иманның асылы үш деп сен **т а х қ и қ** біл. [II, 178 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі рас»)

**ТӘБИҒ** (араб.) – *ертуші. [III, 639 бет]* “Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі **т ә б и ғ**, бірі мәтбуғ болады ғой”[II, 324 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ТӘКИН** – *бар қылу, барлыққа келтіру* [ III, 639 бет]. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Кәлам, **Тәкин**. [II, 322 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ТӘУИЛ** – *анық мағынасына жете білу* [I, 498 бет] Құран рас, алланың сөзі дүр ол, **Т ә ' у и л і н е** жетерлік ғылымың шақ. [II, 179] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**ТӘФАККАРУ ФИӘЛА ИЛЛАҺИ** (араб.) – *құдайдың бергеніне ой жібер.* [III, 639 бет] «**Т ә ф а к к а р у ф и ғ л а и л л а һ и**» деген хадис шарифтің «инналаһу йухиббул муқситин» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. [II, 327 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**УА – ЛАКИН** - *ал, бірақ* [I, 541 бет]. **У а – л а к и н**, кімде – кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды [II, 291 бет] (Он екінші сөз)

**УАДУД** – *сүйікті, сүюші: алланың бір есімі* [ III, 640 бет]. Ол – рақымет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да Алла Тағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, **У а д у д**, Хафиз, Сәттар, Раззақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаһи бір ұлығ сипатынан хисаплауға жарайды [II, 324 бет]. (Отыз сегізінші сөз)

**УАДУД** – *сүюші* [II, 324 бет]. Ол – рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, алла тағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, **У а д у д**, Хафиз, Сәттар, Раззақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинаһи бір ұлығ сипатынан хиссаптауға жарайды. [II, 324 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**УӘКТҮБИҺИ** – *Алланың кітаптарына сенемін* [I, 543 бет]. Аманту оқымаған кісі бар ма? **У ә к т у б и һ и** дегенмен ісі бар ма? Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер, Жарлық берді ол сіздерге, сөзді ұғарға [II, 178 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**ФИҒЫЛ**, **қ ұ д а** (араб) - *тәңірдің ісі, бұйрығы .* [III, 640 бет] **Фиғылы** құданың ешбірін де қарар қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтпаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? [II, 326 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ХАСИЛ (7)** - *а. пайда болу, нәтиже беру.* [I, 571-бет] Шын өнерге қайтер ең көзің жетсе? Әркімге жарамайды мұны үйретсе. Өзі үлкен, өзі оңай, артық, өнер, Аз жұмыспен көп алтын **х а с и л** етсе [II, 199 бет] («Өзім әңгімесі»)

**ХАЯТ** – *Тіршілік тірі болу* [III, 641 бет]. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: **Х а я т**, Ғылым, Қүдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Кәлам, Тәкин. [II, 322 бет] (Отыз сегізінші сөз)

**ХӘМІР** - *шарап* [I, 570 бет]. Бар іс қой әуелдан-ақ ел салтында, Орыс, неміс болса д, қай халқың да. Пайда деп тән саулыққа ішетұғын. Миуадан тартқан **х ә м і р** ас артында. [II, 201 -202 бет ] («Өзім әңгімесі»)

**ХҰСНИЗӘН** - *жақсылық ойлау* [I, 572 бет]. Адамдар ғибадаттан сөз қозғаған, **Х ұ с н и з ә н** мин иманды білді ойлаған. [II, 179 бет] («Алланың өзі де рас, сөзі де рас»)

**ШАФАҒАТ** - *шапағат* [I, 581 бет].Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде «Құдай тағала кеңшілігімен кешеді дағы» демесін, оның үшін Құдай тағаланың ғафуына яки пайғамбарымыздың **ш а ф а ғ а т ы н а** да сыймайды, мүмкін де емес [II, 293 бет]. (Он үшінші сөз)

**ШӘРИКСИЗ** - *тең келмейтін, бірдей болмайтын, өзімен қатар*

*түспейтін* [I, 582 бет]. Иман деген – Алла табарака уа тағаланың **ш ә р и к с и з**, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уәсәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, иланбақ [II, 292 бет] (Он үшінші сөз)

**ЯДКАР** (парс.) – *ескерткіш, есте қалу* [ III, 642 бет]. Сіздерге адам ұғылының мінездері тұғралы біраз сөз жазып, **я д к а р** қалдырайын [II, 322 бет] (Отыз сегізінші сөз)

### Сөздікте пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994.
2. ( I )- Абай тілі сөздігі [Мәтін] / құраст. ред. басқарған А. Ысқақов. - Алматы : Өнер, 2011
3. ( II ) – Абай. **Қалың елім қазағым: Шығармалары**, - Алматы, Жалын, 1995
4. ( III ) – **АБАЙ. Энциклопедия.** (Бас ред. Р. Н. Нұрғалиев; ред. алқасы: З. Ахметов, Л.М.Әуезова, Б.Г. Ерзаковия т.б.). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы , «Атамұра» баспасы, 1995.

## 7 ҚОРЫТЫНДЫ

Ғалым Ж.Ысмағұлов өзінің «Абай: Даналық дәрістері» атты еңбегінде Абайғамынадай баға берген: «Бұл күнде Абай сөзі әр қазақтың ағзасына ана сүтімен бірге дариды десе, артық айтылғандық емес. Анасүті тән қорегі ретінде жас сәбидің буыны бекіп, бұғанасы қатаюына қызмет етсе, ана сөзі оның санасына адамдық пен азаматтықтың ұрығын сеуіп қызмет етеді. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол, халқыңа қызмет ет, еліңнің көсегесін көгерт» деген имандылық ережесін әр кезеңнің жас ұрпағы бұдан былай санасына Абай қазынасының нәрлі бұлағынан сіңіретін болады. Азаматтықтың үлкен жолындағы өзінің алдынан көлденең тартылған әрбір сұраққа ол тиісті жауапты ең алдымен Абай мұрасынан іздеп, Абай даналығынан табатын болады» [1, 3 бет].

Ш.Құдайбердіұлы – А.Құнанбайұлының шәкірті, оның шығармаларының түп негізі осы Абай туындыларынан тараған. Ендеше, Абай қазынасынан қалай сусындасақ, Шәкәрім қазынасынан дасолай сусындаймыз. Абайдың ойларының қорытындысын, оның шығармаларының «жалғасын» Шәкәрімнен табамыз.

Ғалым Д.Омаров Ш.Құдабердиевке мынадай жоғары баға берген: «Шәкәрім адамның даму шыңын көрсетіп берді. Ол шыңды көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен бірге, оған өзі көтеріліп, оның қандай екенін айтып, сыр сөздерімен жазып кетті. Бұл шың – әркімнің алдында тұрған түпкі мақсаты, фәни әлем түнегіндегі адастырмас шамшырағы. Осылай ұлы ойшыл ақын болмыстың мәңгілікті жолын көрсетіп, ол жолмен өзі де жүріп өтіп, басқаларға үлгі берді» [48, бет].

Оқу құралында жан мен тән туралы қарастырылды. Екі ғұламаның ортақ идеялары анықталды. Рухани сабақтастығы қарастырылды. «Жаратылыстың басты құрылымдық бөлшегі және оның туындылардағы көрінісі» атты бірінші тараушада «жан» концептісінің құрылымы қалыптастырылды. Ойшылдардағы жан азығының көрінісі сараланып, шығармалары талдауға түсті. Екі ойшыл да «жан– мәңгілік, жан жоғалмайды» деп санағаны анықталды. Шәкәрімнің «Тіршілік, жан туралы» шығармасы мен Абайдың «Көк тұман – алдыңғы келер заман» өлеңі арасындағы рухани байланыс дәлелденді. Шәкәрімнің «Талап пен ақыл» өлеңі мен Абайдың 17 қара сөзі арасындағы рухани байланыс анықталды. Сабақтастық анықталған өлеңдер талдауға түсті. «А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиев шығармаларындағы «тән», «нәпсі оты» ұғымдарының байланысы» атты екінші тараушасында «тән» концептісі қалыптастырылды. Шәкәрімнің «Жастарға» өлеңі мен Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» өлеңі арасындағы, Шәкәрімнің «Мақтау мен сөгіс» өлеңі мен Абайдың 21 қара сөзі арасындағы рухани сабақтастық дәлелденді. А. Құнанбаев пен Ш. Құдайбердиевтің тән топыраққа айналатындығы туралы ой қозғағаны анықталды. Нәпсінің оттарына тоқталынды. Абай танымындағы нәпсі оты: еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны, надандық - жарымес, арамдық - пысықтық, мақтаншақтық – бес дұшпанның бірі, дүниеқоңыздықты - адамның көз сүйегі. Шәкәрім еріншектікті «бір уыздай келіншек», надандықты

«емделмеген адам», арамдықты «залалкес, хайуан», мақтаншақтықты «бояу», дүниеқоңыздықты «тойымсыз нәпсі» деп таниды.

Екінші тарауда адамгершілік мәселелеріне тоқталынды. Екі ілім арасындағы рухани сабақтастыққа көңіл бөлінді. Екі ойшылдың шығармалары негізінде жүрек пен ақылға байланысты айтылған ойларының ұштасып жатқан жерлері анықталды. Абайдың «жүрек» тақырыбындағы ерекшелігі ретінде 17 қара сөзіндегі «жүрек адам денесінің патшасы» деген ойы алынса, Шәкәрімнің «жүрек» тақырыбындағы «Жүректен аққан қанымнан» атты өлеңі талдауға түсті. Ойшылдардың бұл мәселе төңірегінде сабақтасып жатқан шығармаларынан нақты дәлелдер келтіріліп, ерекшеліктері де қарастырылды. Ақылға байланысты сабақтасып жатқан ойларынан құрылым жасалды. «Шәкәрімнің «ұжданы» - Абай «жәуәнмәртлігінің» рухани жалғасы» атты тараушада жәуәнмәртлік пен ұждан арасындағы байланысқа баса назар аударылды. Екі ғұламаның туындыларындағы «ынсап, рақым, әділет» үштігінің сабақтастығы анықталды. «Толық» («таза») адамның бейнесі қалыптастырылды.

Екі ойшыл да, жанның мәңгілік мекен ететінін, тәннің мәңгілік еместігін сөз еткен. А. Құнанбаев «жанның мекені «жылы жүрек» деп жақтаса, Ш. Құдайбердиев «жанның шығар мекені - «таза ақыл» деп ақылды басты санаған. Бірақ екеуі де жас ұрпаққа дүниедегі жан мен тәннің басты мақсұтын жеткізу үшін өлеңдері мен прозалық шығармаларын қалдырған.

Олардың «жан» мен «тән» құмарлығына байланысты шығармаларын зерттеп, тәрбиелік мәнін анықтау әлі күнге дейін мағынасы жойылмайтын мәселе.

Жастарға А. Құнанбаевтің «толық адам» мен Ш. Құдайбердиевтің «ар» ілімін насихаттау барысында әлеуметтік желілерде (Instagram, VK) «Адам болам десеңіз» атты қоғамдастық құрылды (Қосымша А)

Қосымша ретінде талдауға түскен шығармалардың тізімі мен қозғаған тақырыптары берілді (Қосымша Ә).

Жұмыста талдауға түскен, рухани сабақтастығы анықталған және өзіндік ерекшеліктері бар шығармалардың жалпы саны: 83. Оның ішінде А. Құнанбаевтің 38 шығармасы (9 прозалық шығармасы) мен Ш. Құдайбердиевтің 45 шығармасы (1 прозалық шығармасы) (Қосымша Ә) қарастырылды.

Қазіргі зұлымдық, жамандық, арамдық билеген уақытта жас ұрпақты Абай мен Шәкәрім насихаттаған «жан» құмарлығына тәрбиелеу маңызды. Себебі адам қаншалықты бай болсын, дәулетті болсын, оның басты байлығы – жан дүниесінің байлығы, рухани тазалығы.

А. Құнанбаевпен Ш. Құдайбердиевті оқу - бір бөлек, оны көңілге тоқу – бір бөлек. Жасөскендерді Абайдың «толық адамына», Шәкәрімнің «ар» іліміне сай болатындай етіп тәрбиелеп, олардың бойларына адамгершілікті ұялату керекпіз. Егер де әр адамзат баласы екі ғұламаның шығармаларын оқып, оны көңілге тоқыса, әлемде бейбітшілік орнар еді. Біз жаһандандудың алдын алар едік

## 8 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ысмағұлов Ж. Абай: Даналық дәрістері – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 400 бет.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Мәңгілік ел. Ғасырға бергісіз жылдар/Н.Ә.Назарбаев – Астана: Деловой мир Астана, 2014. – 368 б.
- 3 Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Ғылым, 1994. - 336 бет.
- 4 Жетибаев Е.Ж. «Шәкәрім дүниетанымындағы рухани құндылықтар мәселесі». филос. ғыл. канд. ғыл. дәр. диссерт. авторефераты. Алматы. 2009 ж. – 38 бет.
- 5 Құдайбердіұлы Шәкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. Қажыма, ойым, қажыма. - Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. Т, 1: Өлеңдер – 408 бет.
- 6 «Әдебиеттану терминдер сөздігі». Құраст: З.Ахметов, Т.Шаңбай.-Семей-Новосибирск: «Галер-Пресс», 2006.- 398 бет.
- 7 Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 2 – т. –Алматы: Раритет, 2007, - 376 бет. – «Атамекен» сериясы.
- 8 Есім Ғарифолла «Адам зат», - Астана: Ақарман, 2008.-372 бет.
- 9 Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 6 – т. –Алматы: Раритет, 2008, - 352 бет.
- 10 Шәкәрім «Қазақ айнасы». Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 бет.
- 11 Сейсекенова А.Б. «Шәкәрім мен Гете поэзиясындағы ғалам суреттері» // Өл – Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2003, - № 8. – 151 бет.
- 12 Сейсекенова А.Б. «Ана сансыз кереметті кім жаратса – тәңірі сол» // Қазақ әдебиеті. - 2003, - 24 қаңтар, - №4 (2790). - 6 бет.
- 13 Мажинбеков С.А. «Жан мен тән үйлесімділігі: мәдени философиялық талдау». филос. ғыл. канд. ғыл. дәр. диссерт. авторефераты. Алматы. 2007 ж. – 34 бет.
- 14 Әмірбекова А.Б. «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша)». фил. ғыл. канд. ғыл. дәр. диссерт. авторефераты. Алматы. 2006 ж. - 35 бет.
- 15 Ермекова Ж.Б. «Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы». фил ғыл. канд. ғыл. дәр. диссерт. авторефераты. Алматы. 2010 ж. - 35 бет.
- 16 Абай. Қалың елім қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 224 бет.
- 17 Бәйтенова Н.Ж. «Абай философиясындағы адам мәселесі» // Абай. - 2006, - № 3 (71). – 25 бет.
- 18 ХХ ғасыр басындағы қазақ философиясы. Жиырма томдық. 11-том. Астана: Аударма, 2008. – 464 бет.
- 19 АБАЙ Кунанбаев «Қара сөз» «Книга слов» МКА 2007 г. 368 стр.
- 20 Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 бет.



- 21 Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. 3-т. – Алматы: Раритет, 2007. – 376 бет. – «Атамекен» сериясы.
- 22 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007 – 356 бет.
- 23 Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2008. – 384 б.- "Алтын қор" кітапханасы.
- 24 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық / ҚазССР Ғылым акад., М.О.Әуезов атын. әдебиет және өнер институты: Жауапты рад. АСейдімбеков – Алматы: Қазақстан: «Ғақлия ғылым. – әдеби орталығы, 1991 – 80 бет.
- 25 Мәдиева Г.Б. және т.б. Когнитивтік лингвистика теориясы: оқу – әдістемелік құралы/Г.Б. Мәдиева, А.Қ. Таусоғарова, А.М. Досанова. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2014 ж. – 286 бет.
- 26 Омаров Д. Шәкәрімнің «Үш анығы» (ұлы ойшылдың «Үш анық» шығармасына түсінтемелер). Дүниетаным. – Алматы: 2008.- 224 бет.
- 27 Шәкәрімтану мәселелер. Сериялық жинақ. 1 том. «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007.- 448 бет.
- 28 Шәкәрім Құдайбердиев. Үш томдық шығармалар жинағы. Үзілмеген үміт 3-том. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 410 бет.
- 29 Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк – Пресс, 2008. – 968 бет.
- 30 Дәдебаев Ж. «Адамның бес дұшпаны» // Әл-фараби атындағы ҚазҰУ Абай ғылыми-зерттеу институты Абай институтының хабаршысы. – 2012, -№5 (17). – 31-32 бет.
- 31 Болысбек Т. «Атымды адам қойған соң» // Абай. – 2010, - № 4 (88). – 74 бет.
- 32 Мырзахметов М. «Абай және Шығыс». - Алматы «Қазақстан», - 1994.– 208 бет.
- 33 Әлқожаев Қ.Қ. Абай эстетикасы және Ислам. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2007, - 152 б.
- 34 Кемел М. «Шәкәрімнің ар ілімі: өз шығармалары мен жазба деректер негізінде». Астана, 2010. - 284 бет.
- 35 Айтбаева А. «XX ғасыр басындағы қазақтың философиялық лирикасы» // Қазақ тілі мен әдебиет. – 2001, - №2. - 29-30 бет.
- 36 ШӘКӘРІМ. Энциклопедия. / Бас ред. Е.Б.Сыдықов. – Семей, 2008. – 864 бет.
- 37 Омаров Д. «Шәкәрім ерік пен тағдыр туралы» // Абай. – 2016, - № 3. - 49 бет.
- 38 Салқынбай А. Шаһкәрім шыққан шың. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.-213 бет.
- 39 АБАЙ. Энциклопедия. Р.Н. Нұрғалиев, З.Ахметов, Л.М.Әуезова, Б.Г.Ерзакович. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995 ж. – 720 бет.

40 Рақымжанов Б.Қ. «Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымына тарихи-философиялық талдау». филос. ғыл. канд. ғыл. дәр. диссерт. авторефераты. Алматы. 2005 ж. – 34 бет.

41 Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен. Халықаралық Абай клубы. 2006 ж. - 730 бет.

42 Жетібәев Е. «Шәкәрімнің діни – философиялық көзқарасы» // Абай. - 2006, - №3. – 58 бет.

43 Булекбаев С. «Тюрский вклад в мировую культуру и цивилизацию». Монография/ С.Булекбаев. – Алматы: ТОО «BAVis systems», 2016. – 316 стр

44 Бақраденова А.«Шәкәрімнің білім, ақыл, таным туралы ой – толғамдары» // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2001, - №5. – 32 бет.

45 Омаров А.Қ. «Абайдың жәуанмәртлік философиясы» филос. ғыл. канд. ғыл. дәр. диссерт. авторефераты. Алматы. 2006 ж. – 36 бет.

46 Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. 2-т. Өкінішті ғұмыр. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008 ж. – 432 бет.

47 Батыршаев Б.Қ. Шәкәрім шығармаларындағы діни – танымдық мәселелердің өзектілігі. // ҚазҰУ хабаршысы. Саясаттану сериясы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. – 2006, - №1 (25). - 93 бет.

48 Омаров Д. Шәкәрім шыңы: Ұлы ойшыл көтерілген рухани деңгей. – Алматы. – 2008. – 208 бет.

49 Қадырұлы Б. «Шәкәрімнің «Үш анығы» немесе таным таразысындағы ақиқат» // «Шәкәрімтану» ғылыми - танымдық журналы. - 2014, - №3 (24). -50 бет.

50 Мырзагелді Серік. Философия. – Алматы: «Бастау», 2008. -644 бет..

## ҚОСЫМША А


### Әлеуметтік желідегі қоғамдастықтар

VK әлеуметтік желісіндегі «Адам болам десеңіз» атты қоғамдастық



"АДАМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ"  
30 марта в 18:04

Мактан деген нәрсенің мен екі түрлісі білемін:  
**1-сурет. Саулнама нәтижесі**



2 – сурет. Қоғамдастық



59%

9:29



## Запись на стене



Мұқағали Мақатаев

19 мая в 21:29

*Мақтаншақ деген біреуі "демесін" демейді, "десін" дейді.  
Бай десін, батыр десін, қу десін, әрдайым не түрлі болса  
да, "десін" деп азаптанып жүріп, "демесінді" ұмытып  
кетеді*

*@ Абай (21 сөз)*



*Бойда жоқпен мақтаса, яки сөксе,  
Қуанбақ, не кейімек өзіңе еп не?  
Әділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын,  
Солар сөкпес іс қылар жолды көксе.*

*@Шәкәрім*



*@ adam\_bolam\_deseniz*



Айнур Миркемел



Понравилось 94 людям



95



3



5,6K



Ваше сообщение






3- сурет. Сауалнама нәтижесі



4-сурет. Сауалнама нәтижесі



5 – сурет. Instagram әлеуметтік желісіндегі «Адам болам десеңіз» атты қоғамдастық



Желідегі басты бет



6-сурет. Қоғамдастықтағы сурет

← Фото



adam\_bolam\_deseniz



*Көз, құлақ, қол, мұрын, тіл - бәрі  
алдайды,  
Темігі - таза ақылмен өлшеп сынау*



@Шәкәрім Құдайбердіұлы  
@adam\_bolam\_deseniz



Нравится b\_moldir\_, ademakulazhanova и еще 34  
adam\_bolam\_deseniz @Шәкәрім Құдайбердіұлы

28 ФЕВРАЛЯ • ПОКАЗАТЬ ПЕРЕВОД



7-сурет. Қоғамдастықтағы сурет

## ҚОСЫМША Ә

### Жұмыста талдауға түскен Ш. Құдайбердиевтің шығармалары:

1. «Тіршілік, жан туралы» (жан, тән)
2. «Тәңірі мен жан» (жан, тән)
3. «Жан менен дене һәм көңіл» (жан, тән)
4. «Адамдық борышың» (жан)
5. «Мақтау мен сөгіс» (тән, мақтаншақтық)
6. «Ақыл құсы адаспай аспандаса» (ақыл, жүрек)
7. «Күн – атам, анық жер- анам» (жан, тән)
8. «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр» (ақыл, Алла, жан, тән)
9. «Ақылдан бойға сыр тарап» (ақыл)
10. «Жастарға» (жан; тән құмарлығы; ақыл; ұждан)
11. «Талап пен ақыл» (ақыл, ынсап)
12. «Тура жолда қайғы тұрмас» (ақыл, жан көретін көз, ұждан)
13. «Ұждандыны мақтайды тамам адам» (ұждан, ақыл)
14. «Алты әңгіме» («Ұждан») (ынсап, ұждан, жан)
15. «Адамның ең жақсысы» (жүрек, нәпсі оты, тән)
16. «Ашу мен ынсап» (ұждан; надандық; тән құмарлығы; еріншектік)
17. «Насихат» (насихат)
18. «Анық асық – әулие» (жан, Жар)
19. «Еріншек» (ынсап, еріншектік, надандық)
20. «Мал жимақ» (жан, ар, ұждан)
21. «Біреудің мінін кешірсен» (дертті жүрек)
22. «Міндеу мен күндеу» (ақыл, жүрек, )
23. «Анық пен танық» (ақыл, арамдық)
24. «Шошыма достым сөзімнен» (жан, дене, тән)
25. «Шын асықтың әрбірі» (жүрек көзі)
26. «Жар көрмеген надандар» (жан, жанды өлік)
27. «Ғылымсыз адам - айуан» (ақыл, ғылым мен ақылдың байланысы, надандық)
28. «Мен адамның таппаймын өнерлісін» (жан, тән, ақыл)
29. «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние» (тән құмарлығы)
30. «Бас көзімен қарасаң, нәпсі жалған» (тән, нәпсі, ынсап)
31. «Тумақ, өлмек, тағдырдың шын қазасы» (ақыл, жүрек, ар, ұждан)
32. «Қош, жұртым» (ақыл)
33. «Бейіс, дозақ молда айтқан сияқты емес» (ұждан)
34. «Адам немене?» (айла, ақыл)
35. «Иманым» (ар)
36. «Жүректен аққан қанымнан» (жүрек)
37. «Бостандық таңы атты» (ар, жүрек, ақыл)
38. «Арақ – ақыл, мастық – ой, жар-хақиқат» (жан, ақыл)
39. «Шымды жерде көресіз кара топырақ» (тән)
40. «Адамның еркі қайда?» деп ақылдан сұрағаным» (ақыл, жүрек)
41. «Адамнан артық жандық жаралмаған» (ұждан, ар, ақыл, жүрек)



42. «Үш – ақ түрлі өмір бар – бәрі де мас» (ғылым, ақыл)
43. «Мұтылғанның өмірі» (жан (жантану пән психология)
44. «Хайуан мен ақымақтар» (еріншектік, нәпсі оты)

#### **Прозалық шығармасы:**

45. «Үш анық» прозалық туындысы. (жан, тән, ұждан, ақыл, жүрек)

#### **Жұмыста талдауға түскен А. Құнанбаевтың шығармалары:**

##### **Прозалық шығармалары:**

1. 7 қара сөзі (жан, тән құмарлығы)
2. 3 қара сөзі (нәпсі оты, еріншектік, надандық)
3. 6 қара сөзі (еріншектік)
4. 15 қара сөзі (ақыл)
5. 17 қара сөзі (ақыл, жан, жүрек)
6. 21 қара сөзі (тән, нәпсі, мақтаншақтық)
7. 27 қара сөзі (жан, тән, ақыл)
8. 38 қара сөзі (жан, тән, жәуанмәртлік, ақыл)
9. 43 қара сөзі (жан, тән қуаты, ақыл, жәуанмәртлік, жүрек)

##### **Лирикалық шығармалары:**

10. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек (ақыл, надандық)
11. «Көк тұман – алдыңғы келер заман» (ақыл, жан, тән)
12. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (ақыл, нәпсі)
13. «Патша құдай сиындым» (жан)
14. «Интернетта оқып жүр» (мақтаншақтық)
15. «Ғылым таппай мақтанба» (жан, тән құмарлығы, ақыл, жәуанмәртлік)
16. «Сабырсыз, арсыз, еріншек» (нәпсі оты, еріншек)
17. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (жәуанмәртлік, ұждан, ақыл)
18. «Ішім – өлген, сыртым - сау» (тән)
19. «Біреуден біреу артылса» (тән, надандық)
20. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» («толық адам», жүрек, ақыл)
21. «Білімдіден шыққан сөз» (жүрек)
22. «Сәулең болса кеуденде» (ақыл)
23. «Көзінен басқа ойы жоқ» (жүректің көзі, ақыл сәуле )
24. «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» (жүрек)
25. «Әсемпаз болма әрнеге» (жәуанмәртлік, ақыл)
26. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» (жан, тән)
27. «Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа» («толық адам», ақыл, жүрек)
28. «Адамның кейбір кездері» (жан, тән, жәуанмәртлік, ақыл)
29. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» (ақыл, ақылға керек қасиеттер)

30. «Сенбе жұртқа тұрса да, қанша мақтап» (мақтаншақтық, жүрек)
31. «Алла деген сөз жеңіл» (ақыл, жүрек, Алла)
32. «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?» (тән)
33. «Жүректе қайрат болмаса» (ақыл, жүрек, жан, тән)
34. «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас» (ақыл, жәуанмәртлік, жүрек, ар)
35. «Ұяламын дегені көңіл үшін» (тән)
36. «Ауру жүрек ақырын соғады жай» (жүрек)

Поэмалары:

37. «Ескендір поэмасы» (тойымсыздық)
38. «Масғұт» поэмасы (ақыл)


Жұмыста талдауға түскен, рухани сабақтастығы анықталған шығармалардың жалпы саны: 83. Оның ішінде Абайдың 38шығармасы мен Шәкәрімнің 45 шығармасы қарастырылды.

## Қосымша Б

«Мәңгілік ел» мұраты – Абайдың даналық мұрасы» (Абайдың «толық адам» ілімі бойынша) атты электронды оқулық



8- сурет. Электронды оқулықтың бірінші беті




9-сурет. Кіріспе





10-сурет.  
«Толық адам» іліміндегі концептілер



11- сурет. «Жүрек» концептісі



*ЖҮРЕК (156) Көкірек қуысында кан айналысымын басқаратын орталық мүше. (Абай тілінің сөздігі", 231 бет)*

**14 қара сөздегі «жүрек» концептісі.**

**Тақырыбы:** «жүректі кісі»

**Идеясы:** «Рақымдылық, мейірбандылық, адам баласын өз бауырым деп санау - жүректі ісі». Жүректі болу үшін, «ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық» керек. «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды».

**Негізгі ойы:** «Рақымдылық, мейірмандылық, әр түрлі

12-сурет. 14 қара сөздегі «жүрек» концептісі

**Негізгі ойы:** Байлар олар өздері бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің дарымы басында тұр. Олардың ақылы-малы. Олардың діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны бәрі-мал. (Абай, «Қалың елім қазағым:Шығармалары», 287 бет)


**Сегізінші сөз**  
**Байлар олар өздері бір күн болса**  
**дәулет қонып, дүниенің дарымы**  
**басында тұр. Олардың ақылы-**

**АҚЫЛ (199). Адамның ақлау, қабілеті, сана сөзін.**  
*(Абай тілінің сөздігі", 33 бет)*


**Сегізінші сөз**  
**Ол ақылды сөз**  
**Әгерге бір сөз мұз ақыл сирек**  
**Малға достын мұны жоқ, малдан басқа**

13-сурет. «Ақыл» концептісі






14-сурет. Негізгі идеяларға сүйене отырып жасалған суреттер



15-сурет. Әдеби талдау





16-сурет. Сөздік